

**І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

Е.Ш. ДҮСПОВ, Т.Е. УРАЗЫМБЕТОВ

СОТ РИТОРИКАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Оқу құралы

Талдықорған, 2014 ж.

УДК 347.9 (075.8)

ББК 67.7 я73

Д – 87

Баспаға І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің Оқу-әдістемелік кеңесімен 2014 жылғы 25- ақпанындағы № 8 хаттамасымен оқу құралы ретінде ұсынылған.

Пікір беруші: з.ғ.д., профессор Тыныбеков С.Т.,
з.ғ.д. профессор Шарипов Ш.М.

Дүсіпов Е.Ш., Уразымбетов Т.Е.

Д 87 «Сот риторикасының негіздері» оқу құралы. /Дүсіпов Е.Ш., Уразымбетов Т.Е./ – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2014. -261 б.

ISBN 978-601-216-205-9

Оқу құралы мемлекеттік стандарт пен оқу бағдарламасына сәйкес орындалған. Оқу құралында заң саласындағы қызметкерлердің шешендік өнеріндегі тіл мәдениетін қолданудың басты бағыттары барынша көрініс тапты. Оқу құралы толығымен Қазақстан Республикасының адвокатура пәні бойынша типтік оқу бағдарламасына сәйкес жасалынған. Оның мазмұны жүйелі түрде аталған курстың жекелеген тақырыптарына арналып, білімгерлердің пән бойынша өзіндік дайындалуына арналған әдебиеттер, глоссарий және тест сұрақтарын да қамтып отыр.

Оқу құралы жоғары оқу орындарындағы «Құқықтану» және «Экономика және құқық негіздері» мамандықтары бойынша білім алатын білімгерлерге, магистранттарға, аспиранттарға, сондай-ақ оқытушыларға, құқық қорғау қызметкеріне және өз бетінше ізденушілерге арналған.

УДК 347.9 (075.8)

ББК 67.7 я73

ISBN 978-601-216-205-9

© Дүсіпов Е.Ш., Уразымбетов Т.Е., 2014
© КАО баспа бөлімі, Талдықорған, 2014

АЛҒЫСӨЗ

Қазіргі заманда өзінің қайта жаңғыру кезеңінен басынан өткеріп отырған, әрине дәстүрлік сөз сөйлеу өнері. Бүгінгі таңда риторикаға деген қызығушылық, соның ішінде сот риторикасына, шешендік туралы ілімге ғана емес, сонымен қатар қазақтың ұлттық әдет-ғұрпының, салт дәстүрінің құнды туындысына деген бет бұрушылық күннен-күнге артып отыр. Өйткені сөзді шебер пайдалану еркіндігі сөз сөйлеу мәнерін игеруді ғана емес, сондай-ақ шешендік жеке бейнені нысандау және өз ойын дәлелдеу қабілеттігін игеруді де қажет етеді. Бұл пәнді оқу құралы ретінде анықтап, оны зерттеудің арнайы пәні есебінде оқу бағдарламасына енгізу, заңгердің жалпы көпшілік алдындағы сөз сөйлеу мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Оның басты мақсаты шешендік көзқарастың дұрыстығына көз жеткіздірту және сол арқылы дәлелдеу негіздемесін нығайту.

Заңгердің көпшілік алдында сөз сөйлеу мәдениеті сот риторикасы ғылымының пәні болып саналғандықтан, оның мақсаты сөз шешені өзінің көзқарасының шынайлығын мойындата отырып, оны дәлелдеу процесінде дұрыс пайдалану болып табылады. Бұл ғылымның теориялық және тәжірибелік бағытының өте терең тарихи тамыры бар.

Риторика ілімнің атасы саналатын Протогордан бастап, Аристотель, Демосфен, Цицерон, Әл-Фараби, Ломоносов, Апресян, Байтұрсынов, Садырбаев сынды шешендер мен ойшылдар, ғалымдар еңбектеріндегі «саясат шешен сөз», «саяси-әлеуметтік шешендік сөздер», «шешендік дау сөздер», «тұрмыс-салтқа байланысты айтылатын сөздер» немесе «социально-политические красноречие», «богословно-церковное красноречие» деп ішкі үлгілерге жіктеу жоғарыдағы зерттеудің фольклорлық қағидаттарынан туындап отыр. Сонымен қатар шешендік сөздерді фольклорлық мұра деп қарастырған күннің өзінде де, оны сөз өнері туындысы ретінде әдеби мұра тұрғысынан талдаудың қажеттігі бар деп есептейміз. Әдеби дәстүр мен жаңашылдық мәселелері де осыны нұсқап отыр. Сатылы даму барысында зерттеудің, әсіресе, жанр мәселесінде, әуелі фольклорлық, кейін әдеби қағидаттардың туындайтыны заңдылық. Д.С.Лихачевтің: «Для русской литературы чисто литературные принципы выделения жанров вступают в силу в основном в XVII в.», - деп орыс әдебиетіндегі жанрлар тарихын зерттегенде, бұл орайда белгілі бір уақыт мөлшерін анықтауы ойымызды нақтылай түседі.

Қаншалықты шешендік сөздер мағынасын тек пен түр категориялары арқылы анықтағанымызбен шешендік сөздерге көпшілік жағдайда шешендік өнер тұрғысынан, сөйлеу мәдениеті ретінде жалпылама қызмет түріндегі ғана түсініктер жасалған. Ал, бұның өзі риторика іліміндегі оның ішіндегі қазақ шешендік өнерінде күні-бүгінге дейін шешендік өнер және сот шешендік сөз (сот шешендік жанр) мағыналарының жете ажыратылмағандығын көрсетіп отыр. Генетикалық

жағынан алып қарағанда, шешендік сөздер тікелей шешендік өнер, сөйлеу мәдениетінің қажеттілігінен туындайды, басқаша айтқанда, шешендік өнер сот процесінде сөз сөйлеудің бірден-бір ажырамас тетігі.

Жоғарыда атап кеткендей бүгінгі таңда шешендік өнерге деген қызығушылық күннен-күнге артып отыр. Бұл әрине заңды да. Өйткені кез келген қоғамдық жүйені ырықтандыру адам құқығы мен еркіне деген көзқарасты жандандыратыны сөзсіз. Ал мұның өзі сөз бостандығын туындатады. Сот риторикасы ғылымын түбегейлі және жетік зерттеу үшін көбіне өзі негіз алатын риторика және заң риторикасы, сөз сөйлеу өнерінің мәдениеті секілді ғылым ілімдерінен бастау алатыны орынды деп есептейміз.

Ғылым, әрине ілімнің негізінде жасалады. Сондықтан да сот риторикасы ғылымы жалпы көпшілік алдында сөз сөйлеу тәжірибесінде заңгердің коммуникативті дағдысын дамытуға көмек беруді алдына мақсат етіп қойып отыр. Болашақ заңгердің заңи ойлау қабілетін, кәсіби әрекеттерінің тәлімділігін дамыту, заңи диалог шеңберінде тиімді және нәтижелі қатынас жасай білу қабілетін жетілдіру.

Жоғары оқу орындарында «Сот риторикасы» курсының оқытудың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы объективті деректерге негізделіп отырып, төмендегі мәселелерді шешуге бағыттталып отыр.

Біріншіден, сот риторикасы мемлекеттегі сот процестеріндегі сөз сөйлеу заңдылықтары мен тәртіптерін қамтамасыз етудің негізгі жолдарын нақтылап, оларды барынша жетілдіру мүмкіншіліктерін көрсету.

Екіншіден, сот-құқықтық реформаларын нәтижелі, жүйелі және талдаулы қажеттілікпен жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің этикалық сауаттылығын жетілдіру.

Сот риторикасы пәнін оқып-білу нәтижесінде білімгерлер төмендегі мақсаттарды игеруі тиіс:


- сот процесінде сөз сөйлеу өнерінің әдістемелік негіздерін, сот процесіндегі шешендіктің заңдылықтарын, сөйлеудегі сөз мазмұнын;
- сот риторикасы пәнінің негізгі қағидағтарын;
- оқытудың әдістемелік негіздерін;
- сот процесінде сөз сөйлеу өнерінің іргелі идеяларын, заңдылықтарын, тұжырымдамаларын саралай білуге;
- соттағы сөздің мәнін, заңдылықтарын, мазмұнын, пішіндері мен әдістерін;
- курс бойынша алған білімдерін тәжірибеде өз бетімен қолдануды;
- сот процесінде сөз сөйлеуді жобалау мен жүзеге асыруды жетік білу.

Пәнді оқыту жалпы мамандық және аралас пәндердің мазмұндарымен тікелей байланысты, олар: «Құқық негіздері», «Рим құқығы», «Мемлекет және құқық тарихы», «Мемлекет және құқық теориясы» «Заңгердің кәсіби этикасы», «Адвокаттық қызмет» және де т.б.

Соттағы

шешендік

өнер



РИТОРИКАНЫҢ ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

§ 1. Риториканың өнер ретінде сипаттамасы

«Ауа мұхитында» өмір сүре отырып, адамдар сол ауаны байқамайды және де жан-жағында бос кеңістік қана емес, керісінше өмірге өте қажетті орта туралы аз ойланады. Біз ауа туралы тек ол уланған кезде қана еске ала бастаймыз, таза ауа туралы армандаймыз, оның ластануына байланысты келіспеушілік білдіреміз. Ал егер адамды мүлдем ауадан айырса не болар еді? Сол туралы ойланып көрдіңіз бе?

Дәл осындай себеп тіл қатынасында да сөзсіз болады. Ол ауа секілді барлық жерде және барлығында, бірақ біз оны бұрмаланған, сауатсыз сөз иіс сезу сезімімізге қажетсіз улы газ секілді, біздің құлағымызға жағымсыздықпен «сыңқ» ете қалмайынша байқамаймыз. Ал қоғамымыздың өмірін мүлдем тіл қатынасынсыз елестетіп көріңіз! Елестеттіңіз бе?! Мінекей сондықтанда тілді ауамен теңестіруіміз әбден орынды.

Осы адамға шексіз қажетті «тіл мұхиты» өзінде нені білдіреді екен ?

Егер қоғамның (нақты бір адамның) бүгінгі күнгі өмірін мүлдем тілсіз немесе тіл қатынасынсыз көзіңізге елестетін болсаңыз, ешқандай шынайы сурет қалыптаспайды. Қоғам онсыз өмір сүре алмайды және бұған түсінік адам және адамзаттың өзінің жаратылысында жатыр.

Біздің ата тегіміз еңбектің нәтижесінде жануарлар әлемінен бөлектеніп шықты. Бірақ бұл үшін олар тек қана бір-біріне сезімдерін айта отырып емес, әркелкі мәліметтермен алмаса ала-алатындай болуға мәжбүр болған (дегенмен адамдар жануарлық сезімталдық (инстинктивті) белгілерін әлі күнге дейін жоғалтқан жоқ, мәселен – қауіп төнгенде, ауырғанда, қуаныш бөлегенде адам айқай салады).

Жалпы сот риторикасы бұл - сот мәжілісіндегі, заңгер-шешеннің көпшілік алдында өзінің ой-толғамының тұңғиығынан, қарастырып жатқан қандай да болмасын істердің мағынасына сәйкес дайын пікірлерді мәдениетті, заңға сыйымды және де ұғымды етіп жеткізуі делінген. Сондықтан осының барлығын дерлік тұтастыққа айналдыруда түйсік көп роль атқарады.

Инстинкт (лат. *instinctus* – түйсік) – организмнің сыртқы және ішкі тітіркендіргіштерге жауап ретінде пайда болатын туа біткен реакцияларының (мінез-құлық актілерінің) жиынтығы; күрделі

шартсыз рефлексдер болып табылады. Инстинкт жануарлардың тіршілік жағдайларына бейімделу формасы болып саналады; мысалға келтіретін болсақ үйрек балапанының жұмыртқадан шыға салысымен суда жүзуі.

Инстинкт (латынша *instinctus* – түйсік деген ұғымды білдіреді) туралы түсініктер ежелден белгілі. Ежелгі грек философы **Хрисипп** (біздің заманымыздан бұрынғы 250 – 208/205 жылдар аралығы) инстинкт деген ұғымды құстар мен кейбір сүтқоректілердің мінез-құлық әрекетін сипаттауда қолданды. Француз ойшылы әрі дәрігер данышпаны **Жюльен Ламетри** инстинкт жан-жануарлардың бүкіл дене құрылымымен, жүйке жүйесімен байланыста болатынын атап көрсетті. **Чарльз Дарвин** инстинкт — жануарлардың бір түріне қана тән, кездейсоқ пайда болатын, өте қажетті және тұқым қуалайтын қабілетінің қалыптасуы екенін дәлелдеп шықты. Ал **Иван Сеченов** пен **Иван Павлов** инстинкттің рефлексорлық сипатын анықтады.

Көптеген көркем шығармашылық тұжырымдары, қортындылары көмескі сананың психо-аналитикалық теориясына негізделді. Олар адам әрекетінің осы саласындағы түс көрудің, фантазияның, интуиция мен еркін ассоциациялардың айырықша рөлін негіздеуге бет бұрып талпынады. Міне нақты осы нышандар адамның қарым-қатынастылығына үлкен септігін тигізетіндігі сөзсіз. Қарастыра келетін болсақ бұдан әрине мәдениеттілік элементтер құралады. Ал ол өз кезегінде қатынастылық норманы тудыртады.

Барлық мәдениеттің элементтері норма, материалды және материалды емес құндылықтар, салт және дәстүр ішінен бірінші болып тіл көрінеді. Тек қана тілдің құралдық қасиетімен қарым-қатынас жасай отырып адамдар мәдениеттің өзге де элементтерін өңдеген, мысалы: біртұтас нормалар мен құндылықтарды мойындау, салт-дәстүрлерді назарға алу.

Мәдениет – әлеуметті-интегративтік жүйе дегеніміз - ол бір-бірімен жанаспайтын және қарым-қатынас жасамайтын көптеген индивидтердің жинақ тобыры емес, керісінше қоғамды қоғам ететін, біріктіруші қоғам. Әлеуметті интегративтік функциялардың орындалуының негізгі ролін мәдениеттің тіл секілді элементі атқарады: тілдің көмегімен біздер қарым-қатынас жасаймыз, бір-бірімізге мәліметтер береміз, ал мұны жасауға біздің бәрімізге тілдің рәміздерінің түсінікті болғандығы (керісінше, егер түсінікті болса: мысалы, сіз үйренбеген, оқып білмеген шетел тілінде сөйлесіп жатқан адамдар арасына түсіп қалсаңыз, сіз мәліметсіз осал боласыз және қарым-қатынас жасаудың өзге түрлеріне барасыз – яғни қолмен сілтеп түсіндіру арқылы, мимикаға, суреттерге, мүсінді түрде түсіндіруге және т.б.).

Мәдениет, яғни қоғамға жаңалықтар кіргізуші, оның жаңа мүшелерін тәрбиелеуші, өзгелерге тұрарлық және тең қыла алатын, өздерін таныстыра келетін (мәдениетті) және одан әрі жалғастыруға

бере білетін және де әлеуметті интеграциялау жүйесі. Бұл процесс үздіксіз (үзілу дегеніміз – апат, мәдениеттің тоқырауы). Осы процесте мәдениет элементі есебінде маңызды ролді тіл атқарады, өйткені тілді иемденбей адам тек қана қоғаммен қатынас жасай алмайды емес, сондай-ақ онсыз ол далада қалған, маргинал, түкке тұрмас бола тұра, оның нормалары, құндылықтары, салт және дәстүрлерінде қабылдай алмайды.

Сонымен тіл – бұл тек қана мәдениеттің элементі емес, сондай-ақ ол басқа да маңызды элементті құрайтын болып табылады: тіл – қандай да болмасын халықтың ұлылық құндылықтарының қатарында мәдениеттің негізгі тетігі. Факт жүзінде, адамның қандай ұлтқа жататындығының идентификациясы бірінші жолда өзіне тілді иемденудегі бағалымдықты қосады. (Адамды өзінің ана тілінен бірде-бір сөз білмесе, керек десеңіз шыққан тегін ескере отырып орыс, армян немесе француз деп нық айтуға бола ма?)

Өзінің ойын айқын, ақылды, қысқа да нұсқалы, айта алатын, қызыл тілді әңгімелесуші болғысы келмейтін адам болмайды. Саясаткер, мемлекетті басқаруға қатысу кезінде, сөз арқылы (шешендік кейіпінде, дәлелдердің мазмұнымен, ой стилімен, сөз және сөйлеу қылықтарымен) өзінің позициясы және идиологиясының дұрыстығына отандастарының көзін жеткізеді. Журналист адамдардың ой мен жүрегін жаулап алу үшін, басты жолмен бейнелеуші және көз жеткізетін сенімді сөздерді іздеумен айналысады.

Дипломат, заңгер, педагог және дін уағыздаушы болсын барлығы да шындығында бір қана мәселемен бас қатырады: қандай жағдайда өзінің қызметінің шеңберінде, риторикалық көз жеткізуші болуға және де адамдар оның сөздеріне бағынушы болатындай болу үшін кәсіби ұсталылығын иемденемін деген секілді. Бірақ сөз сөйлеумен қалай да болмасын қатынасы жоқ бірде-бір мамандықты атау мүмкін емес, өйткені қандай да болмасын іс сөз арқылы ұйымдастырылады.

Жақсы және түйінді сөз қандай болуға тиіс? Бүгінгі күннің қарым-қатынасындағы қиындықтар неге байланысты (отбасындағы сөз қатынасынан саясат пен соттағы сөз қатынасына дейін)? Сендіртіп сөйлеуді үйренуге бола ма? Осы сұрақтарға жауап қайтаруға сендіртіп сөйлеудің өнері, сөйлеу қатынасының мақсатқа сай және тиімді құрамасы туралы ғылым есебінде риторика түседі.

Риторикаға басқаша былай да анықтама беруге болады: **риторика** – ойдың жариялы сөзіне деген қатынасын қарастыратын филологиялық пән. Жалпы риторика дәлелдің дұрыс қатарлық әдістемелерін қарастырады. Ал енді сот риторикасына келетін болсақ (кейбір еңбектерде «соттағы көпірме сөз» деп аталуда), бұл ғылым өздік көптеген құқықтық салаларға қажетті пішінінде нақ сол риториканың ерекше бағытында дамып келе жатқан ғылым есебінде өзін танытады.

«Сот риторикасы» курсының негізгі мақсаты, тіл қатынасына байланысты күшті тұлғаны дайындауда тек олардың маңызды бағалау параметрінің іргетастық білімін игеруі, өте бай ақпараттық қамданымы және оларды толтырып отыруға талпынысы қана емес сондай-ақ анықталған коммуникативтік пиғылмен және жоғарғы сөз сөйлеу мәдениетіне сәйкестікте сөздің негізгі құрылымын иемдену болып табылады.

Шешендік өнер қоғам өмірінде әрдайым үлкен роль атқарады. Шешендік өнерді иемденудің, заңгер қызметінде ерекше маңызы бар. Процесте соттың шешендігі – бұл тек қана нақты қылмыстық және азаматтық істер бойынша пікірлерін жая білу қана емес, сондай-ақ идеологиялық әсер ету құралы болып саналады. Соттағы жария сөздері заң, әділет соты және демократия, саясат және әдептілік туралы дұрыс қоғамдық пікір қалыптастыруға көмек болады.

Сөз сөйлеу бір немесе өзге де ойларға сипаттама бере алуды, сөзбен талқы жасауды көрсетеді. Ауызша сөз сөйлеу монологиялыққа (бір адам сөйлеуі) және диалогиялыққа (екі және одан да көп адам сөйлеуі) бөлінеді. Көпшілік алдында сөз сөйлеу (шешендік) – монологиялық болып саналады. Соттағы сөз көпшілік алдындағы (шешендік) монологиялық сөз сөйлеу түрі болып табылады. Дегенмен көпшілік алдындағы сөз сөйлеу пішін бойынша қана монологиялық болады. Шешен тыңдармандарға әсер етіп және оларды сендіртуі керек болғандықтан, ол сөздің мазмұнымен пішінін өзгерте отырып және ақиқатты бірігіп іздеп табу барысына тартып, тыңдармандардың көңіліне секем назар аудара білуі керек, яғни шешен тыңдармандармен диалог жүргізеді. Сондықтан да өзінің мазмұны бойынша көпшілік алдындағы сөз диалогтық болып саналады.

Соттағы сөз – бұл сот мәжілісінде айтылған және нақты іс бойынша шешеннің пікірін өзінше мазмұндай көрсететін және оған басқа шешеннің қарсылық білдіруінің, қылмыстық және азаматтық істерді қарастыру кезіндегі сотқа және соған барлық іс бойынша қатысушылар мен жай қатысушы адамдарға арналып айтылған көпшілік сөз. Соттағы сөз судьялық ішкі сенімділігінің нысандалуына әсер етеді, сотқа істің барлық жай-жапсарларында тереңірек түсінуіне, осы жай-жапсарларды жан-жақты, толы және объективті зерттеуге, іс бойынша ақиқатты ашып және дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

«Сот риторикасы» курсы білімгерлердің барлығына дерлік міндетті болуға тиіс, себебі заң білімін алу кезінде заңгер-білімгерді дайындаудағы негізгісі болып, ол өзіне «заңгер секілді ойлана білу», - дегендей, оқиғаның құқықтық саралауын қосатын, оларда заңгерлік ойлау қабылетін дамыту болып табылады. «Оратор» латын сөзі және ол тыңдармандар алдында сөз сөйлеуші адам дегенді білдіреді, ал ораторлық өнер тыңдармандарға барынша көбірек әсер бере алу үшін сөз сөйлеуді шебер қолдана алумен сипатталады. «Красноречие»

деген сөз осы ғылымға термин ретінде орыс тілінен кіріп отыр, ол дегеніміз «говорить красно, т.е. красиво», яғни әдемі немесе сенімді, қызықтыра деген мағынада.

Қызыл тілділік және шешендік өнер аралығында теңдік белгісін қоюға бола ма?; деген сұраққа бүгінгі күнге дейін біркелкі көзқарас жоқ.

Сотта сөз қату – прокурорлар мен адвокаттар жұмыстарының қажетті бөлігі; соттағы сөз сөйлеудің жалпы және заңи мәдениетін үнемі көтеру бойынша жұмыссыз, олардың кәсіби шеберлігін жоғарылатып отыру мүмкін емес. Прокурорлар мен адвокаттардың сөздері, сот ережесі бойынша бір-біріне қарсы тұрады, кей - кездерде ол пікірталастық сипатта көрінеді. Іс бойынша барлық дәлелдер мен мән-жайларды әр-тарапынан бағалай және айқындай отырып, осы сөздер соттың тұжырымына, оның шешіміне әсер етеді. Кей жағдайларда сот өндірісіне қатысушылар, істің дұрыс шешілуі үшін қажетті мағынасы бар деректер мен жай-жапсарларды иемдене тұрып, дер уақытында солар туралы хабардар етуге қиналады, өздерінің сөздерінде айқын суреттей алмайды. Сол кезде деректер мен мән-жайлар табылмаған болуы мүмкін, сондай-ақ іс бойынша ақиқатты орнатуды және істі әділ қарастыруды қиындатады.

Кәсіби заңгерлер мазмұнды сот сөздерімен жариялы сөз айта шығуы үшін, оларға іс материалдарын, құқықты, психологияны, этиканы, логиканы өте жақсы білу және жоғары мәдениетті адамдар болуы қажет.

Бүгінгі күнде заңгерлер демократия мен жариялылық жағдайын ширату үшін әрекет етіп жатқанда еліміздегі өтіп жатқан құқықтық реформада, сөзді иемдене білу алғы шепке шығып отыр.

Заңгер сөзін ұғымды, сауатты, істі білушілігімен, көркем, яғни сендірте алатындай сөйлеуі керек. Заңгерге жақсы шешен болу өте қажет. Бұл оның бірден-бір негізгі кәсіби сапасы болып табылады. Тәжірибелі жұмыскерлер дұрыс ескереді: «Білімгерлерді көп нәрсеге үйретеді, ал іс жүргізуге қалай дайындалады, сөзді қалай құрау керек, шешендік өнерге үйретпейді! Артистерді сахнада өзін қалай ұстаулары керек екендігіне, қалай дұрыс сөйлеу керектігіне үйретеді, ал заңгер білімгерлерді – үйрету жоқ».


Соттағы тыңдармандар шешендік құралдардың бүкіл арсеналын қолданатын және тәсілдері мен шешендік әдіс-айлаларын қолдана алатын прокурорлар мен адвокаттарға сый құрметпен назар аударады. Дауласа білуге, сөйлей алуға үйретуге болады және қажет. Нақты осымен, философия, логика, психология, эстетика, этика, тіл білімінің жетістіктерін қолданатын «Сот риторикасы» айналысады.

§ 2. Риториканың классикалық анықтамасы

Риториканың классикалық анықтамасына көңіл аударайық, әмбе, қандай да болмасын осындай анықтама

өзекті және заманауи сөз сөйлеу практикасымен қатар тұратын болып қала бермек.

«Риториканы әрбір нақты пәнге қатынасты мүмкіншілігінше сендірту тәсілдерін табатын дағды есебінде анықтайық» (Аристотель. б.э. дейін IV ғ.ғ.). Әрбір адам осы дағдысын дамыта түскісі келеді, нақ осыған риторика өнері қызмет қылады, біздің талпынысымыз сендірту тәсілдері мен приемдарын білу үшін, қалай ғылым тәжірибесін болса, солай жеке тәжірибені де икемдестіру.



Аристотель (б.э.д.384-322)

Аристотельде риторика, сенім өнері секілді диалектика негізделген.

Ертедегі Грекияның көптеген риторикалық трактаттардың жиыны алғашқы рет Горгия және Исократтың әйгілі мектептері сияқты шешендік өнерге деген кәсіби оқыту түрлерінің

пайда болуы. Шешен (оратор) адамның өзіндік мақсаты, ертедегі гректердің пікірі бойынша үш бірлікте көрінеді:

- 1) түсіндіру;
- 2) түрткі болу;
- 3) қанағаттандыру.

Сөздердің бөліктеріне кеңесшілік (саяси), соттық және мақтаушылық деп бөлінген әрбір бөлікті де осыған жатқызуға болады. Сөздің композициясы бірінші рет Платон еңбектерінде жасалынып шығарылады: «Әрбір сөз тірі адам сияқты құралуы қажет. Оның денесі, басы және аяқтары болуы керек, ал кеудесі мен аяқ-қолдары бір-біріне сәйкес болуы тиіс және біртұтасқа сай болып қалыптасуы қажет». Осыдан сөз сөйлеу кезінде сөздің анық бөліктері, куәлік қағаздың мазмұнамасы, шыңға ұқсастығы шығады.

Демосфеннің замандасы Аристотель Стагирит б.э.д 330ж жазылған «Риторика өнері туралы» немесе «Риторика» трактаттарында классикалық грек өткір, шешен тілділігінің дамуына қорытынды келтірген. Заманы өтіп кеткен софистік жетекшілерден бөлек, хрестоматияның қағидаттары бойынша құрылған ең жақсы риторикалық өнердің үлгілері неофитамиді жаттап отыруға арналып отырған, мысалы, Корака немесе Тисияның технесіне қарағанда,

Аристотель сөз сөйлеу дәстүрі саласындағы ғанибет жетістіктер туралы тіктелген теориялық оқуды құрады. «Аристотельдің алдындағы данышпандар, Пидардан Платонға дейін», осы күнгі ғалым жазушылар қолданып отырған ойлап табушылық құралдары мен приемдарын шығарды, соған жетекшілікте болатын жалпы қағидаттарды келтіріп отырды және де сөз сөйлеу өнеріндегі дұрыстық немесе нормалар туралы ілімдер құрды. Бірақ та көркем туынды қандай болуға тиістігін көрсететін жерде, олар сауалды эмпирикалық түрде шешіп отырды, яғни, бір нәрсені шығарып соны оқып білушіге «міне осылай жазу қажет» деп айтқан. Мысалы, осыған ұқсас инструктивті мақсатта Исократтың «Бусирис» атты еңбегі құрастырылған. Аристотель өзінің алдындағы ғалымдардан әлде қайда асып түсті; ол тек қана олармен жасалған бақылау еңбектерін ескеріп өз еңбектеріне сілтеме жасап қоймай, сондай-ақ әрқелкі поэтикалық аспектілерді қанағаттандырушы поэтикалық жанр мен талап жинақтарының мәндік формуласын ұсынды. Аристотельдің «Поэтика» и «Риторика» екі трактаты да сөз қату көрінісінің идеалды нормалары туралы біртұтас ілімін құраған (тек қана «Поэтика» атты еңбегінде Аристотель, «көркем» жанрына эпосқа және трагедияға көбірек поэикалық назар аударып, ал «Риторикада» (150 жыл ішінде грек риторикасымен жинақталған) антикалық проза теориясына шешендік өнер тәжірибесіне тікелей көңіл бөлген.

Білімнің нақты мәнін білмей тұрып не болмасын сендірте алатын шешендердің ептілігіне келіспейтін өзінің ұстазы Платонға қарама-қайшы Аристотель ақиқатты шынайы сендіртуді талап етті, ал шешендік өнерде осы ақиқатты көптеген адамдарға ұғымды етудің тәсілін көрді: «...адамдар табиғатында жеткілікті мөлшерде ақиқатты табуға қабілетті және көп жағдайларда оны табады.....». Риторика пайдалы, өйткені ақиқат және әділеттілік өзінің табиғатында теріс жақтарынан едәуір мықтырақ, ал егер шешімдер қажетті жағымен бекітілмесе, онда ақиқат пен әділеттілік міндетті түрде өзінің теріс жағымен жеңеді, әрине бұл сөуге тұрарлықтай. Платоннан кейінгі кезеңде сократқа дейінгі риториканың жалпы орны «жалғандығы» және Аристотель «софистиканың зәлімділігі» туралы жай жанама түрде ескеріп өтеді. Софистика Аристотель үшін – өтіп кеткен, дегенмен (барлық ойлау қабілеттілігіне байланыстағы) тарихтағы өте мағыналы этап. Ол грек прозасының қызыл тілділігінің жаңа жайқалып өскен теориялық базасының бастаушысы болды; оның тәжірибесін ғалымдар жоғарғы рухани ләззәтті сыйлайтын, ғанибеттілікті жарататын тәсілдерін сипаттау үшін саралайды.

Тыңдарманға тілділікпен берілетін рахаттанудың түп тамыры, Аристотельдің ұғымы бойынша шешеннің сөздер мен ойнағандығынан алынатын сезімдік ләззәтта емес, керісінше адамның танымдық және интеллектуалдық қажеттілігінің қанағаттануында деген: «айтылған сөз, тыңдарман үшін есептелген және дұрыс болуға

тиіс, яғни орынды және аяқ асты». Дегенмен сократтық идеялардың мұрагерлерінде объективті баршылық өмірді рационалды ойлауда жатқан объективті ақиқаттың бар екендігіне күмән пайда бола бермейді. Аристотелдің Рационализмі оның формальдық логикасына сүйенеді және «Риторикада» автормен қолданылған материалдардың ерекше сыныпталуы секілді пайда қылдырады, сондай-ақ белгілі риторикалық приемдардың әсер ету тәсілдеріне сыптай логикалық түсінің береді. «Риториканы» оқып біле отырып, біз зерттеушінің тірі ойы қалай, сөз өнерін оқып білушінің жалпы және жеке рекоммендацияларына «антикалық ең әмбебап ойлар» қалай келетіндігін артықшылығымен бақылаймыз.

Риторикада автор өзінің шығармаларын бастай отырып қызыл тілділікті диалектикамен жақындатады: «Риторика – диалектикаға сәйкестенетін өнер, өйткені екеуінің де сондай пәндерге қатысы болады, яғни олармен таныс болу көпшіліктің және әркімнің бір шамада жалпы жетістігі болып саналатын және де олар бір жеке ғылымның саласына жатпайдығын түсіндіреді. Осының салдарында адамдар кейбір жағдайлармен екі өнерге де қатысты болады, өйткені барлығына белгілі жағдайда қандай да болмасын ойын қалай сұрыптаса солай қолдауына тура келеді, қалай ақталса солай кінәлайды. Мұндай жағдайларда біреулер жай түрде, өзгелер өзінің дамып кеткен әдетіне байланысты қолынан келгеніне сәйкес әрекет қылады. Бұл жолдың екеуі де мүмкін болған соң, оларды жүйеге кіргізуге болатындығы мәлім, дегенмен біз оны қарастыра аламыз, соның салдарынан сол жай түрде сондай-ақ әдетпен жетекшілік арқылы мақсатына жететін адамдар секілді, ал мұндай зерттеу өнерге жету деп аталады, оның үстіне әрине мұнымен әрбір адам келіседі.

Соллогизм туралы ілімін жеке өңдеуіне сүйене отырып, Аристотель риториканы логиктің көз қарасымен бағалап және онда ең маңыздысы есебінде дәлел туралы ілімді мойындаған, яғни сендірту тәсілдері туралы (I, 1). Өзінің міндетін ол сендіруші ойтолғам құру үшін қажетті шешенге мәліметтер хабарлауда көрді. Басты жағдайда, Аристотель Горгидің риторика ісі – «сендіртпеу, бірақ әрбір жеке жағдайда сендіру тәсілін табу» дегенді анықтамасын пысықтайды. Шешеннің сендірту сөзінің негізгі құрайтындарының бірден-бірі ол - **энтимема**, риторикалық соллогизмдер, «мүмкіншілдік» және мәжбүрлеуші сипаты жоқ. Антикалық зерттеуші диалектиканы, энтимема туралы іліммен байланыстыра отырып өзінің ойын, бір жағынан ақиқат критериясымен және өзгемен мұқият дамытады: «...сендірту тәсілі бір түсінік бойынша дәлел (өйткені біздер бір нәрсе дәлелденді деп көрсетілсе, соған толығынан сенімді бола кетеміз)», риторикалық дәлелдеме дегеніміз ол энтимеманың нақ өзі және бұл, жалпы айтқанда сендіртудің ең маңызды тәсілі, энтимема бір жайт бойынша соллогизм екендігі мәлім болған соң және де қандай да болмасын соллогизмді қарастыру диалектика саласына жататын

болған соң, немесе толық мөлшерде, немесе қандай да болмасын оның бөлігінде болса, онда, кім кішкене болса да неден және қалай соллогизм тұратындығына түсіну қабілеті болса, сол адам барынша энтимемаға қабілетті болады, егер ол соллогизм іліміне энтимема қатысты болатын ілімді біріктіретін және оның таза логикалық соллогизмнен ерекшеленетінді қосады, өйткені нақты сол қабілеттіліктің көмегімен біздер ақиқатты және оған тәнділікті танимыз.

Тыңдармандардың ойына шешендермен сіндіретін шыншыл идеялар туралы сауалдар Аристотельмен жан-жақты талқыланады және өзінің негізінде дүниені тану туралы түсінігі бар. Ақиқатқа жақындау Халықтық жиында немесе сот алқалылығында шешендермен берілетін кеңестердің мақсаты түсініледі. Мысалдармен толы сөз қатулар шамамен сендіртулі, дегенмен тыңдаушыға көбіне ойға шомдырту энтимемамен бай сөздер болып табылады-деген Аристотель, әрине сонысымен ол тағы да өзінің уағыздау ілімінің интеллектуалды сипатын мойындайды. Аристотель софистиканың кең тараған догмаларынан бас тартады және Платоннан мұралық еткен антитезадан «ақиқат-пікір» бастама алады.

Аристотелмен ұсынылған ұсыныстар, кейіннен келесі түрде тактовка жасалынған: а) шешеннің айтатын пәні туралы; б) шешеннің алып тұратын тұрысы; в) тыңдарманда оятатын эмоциялар; г) айтылатын сөздің стилі. Осыған «Риторика»-ның үш кітабі арналған. Біріншісі: өзге ғылымдар жүйесінде пәнді қарастырады онда қамтылады:сөз қатудың үш түрі. Кеңесушілік немесе саяси, эпидейтикалық немесе салтанатты және соттық (ең көп тарағандар,бірақ өзінің приемдарын алдыңғы екеуден қарыз алатын).

Зерттеушінің қырағы көзі техненің бұрын соңды заты болмаған риторикалық практиканың ерекшелігін есереді: «Әрбір белгіленген сөз сөйлеу тармақтарын көрсеткісі келеген уақытты алған болсақ, онда адам кеңесе отырып болашақ туралы көрсеткісі келеді»: Бір нәрсені алшақтатып немесе бір нәрсеге үйірлете отырып, ол болашаққа қатысты кеңес береді. Адам қашан да ауыртпалы өткен уақытпен ісі болады, өйткені өтіп кеткен оқиға бойынша бірі кінәлайды, ал өзгесі қорқана ды. Эпидейктикалық шешен үшін құнды болып бүгінгі күн саналады, өйткені бар нәрсеге кімде болса да мадақтау немесе жамандау айтады, дегенмен шешендер өткенді еске алып немесе болашаққа қатысты болжамдар құрай отырып бұдан да басқа және өзгелерді қолданады.

«Риторика жалпы олар туралы кеңесетін, сауалдармен ісі болады» - деп Аристотель айтады. Ежелгі кеңесушілік шешендері, қазіргі заман саяси шолушылары секілді Аристотель келтіретін бес пунктқа деген мәселелердің толығынан анықталған шеңберіне қатысы бар олар: қаржы, соғыс және бейбітшілік, елді қорғау, әкелім және азық-түлік әкетілім және заңнамаға. Басқа тиянақты білім туралы

мемлекеттік құрылымның пішіндерінде және оның мақсаттарында, ежелгі ойшыл саяси шешендерге жер туралы жазбаларды оқы деп ақыл қосады, себебі олардан [өзге] халықтардың заңдарымен танысуға болады және меншікті идеяны растайтын бірталай мысалдары немесе қарсыластың позициясын ажырататын «тарихшының туындылары» көрсетілген. бар. «...Ақыл қосушы шешеннің мақсаты қашанда пайдалы, себебі тек ақырғы мақсат туралы маслихаттаспайды, сондай-ақ мақсатқа жеткізуші ақы-пұлдар туралы да, ал ондай ақы-пұлдар нақты іс жағдайында болғанда қана пайдалы, пайдалылық ол қашанда қайыр». Аристотельдің риторикалық ілімінде келтірген үзіндіде тіпті айқын, Сократ бойынша әдептілік ол маңызды категория болып табылатын ең жоғарғы ізгілік деп көрсетілген. Риториканы саясатқа тығыз байланысты, қосымша пән есебінде айқындай отырып, Аристотель сөздің мағынасына тәуелсіз түрде қызыл тілділіктің жалпы заңдарын бекітті. Бірақ шындығында Исократқа қарағанда ол жалпы қағидаттарда өзінің саяси бағытын емес, болмыстық затқа деген дәстүрлі көзқарасты түсінген. Дегенмен де аристотелдік саралау қоғамның әдептілік құндылықтарын күшейту үшін сөз шеберлігін қолдануға шақыратын тікелей Исократтық мектептің практикасымен байланысты.

Философтың «Риторикада» бақыт, игілік және әртүрлі ізгілік ұғымдарын анықтауға, сондай-ақ «мадақ немесе жала айтушы, солайша иландыратын немесе айнытатын, айыптайтын немесе ақтайтын барлық шешендер бір нәрсені дәлелдеу қана емес, сонымен қатар жақсылық немесе жамандықтың, тамаша немесе ұятты істің, әділеттілік немесе әділетсіздіктің маңыздылығын көрсетуге тырысады» деген тұжырымға баса назар аударуы тегін емес.

Эпидейктикалық шешендіктің Аристотельдік теориясы Исократ тәжірибесінің теориялық жалпылануы болып табылады, ғалым өзіндік жалпылауын дәлелдеу үшін оның шығармаларынан көптеген иллюстрацияларды алады. «Мадақ дегеніміз – белгілі бір адам ізгілігінің маңыздылығын түсіндіру тәсілі, сәйкесінше бұл адам әрекетінің ізгілікті сипаты бар екенін көрсету керек. Энкомий істің өзіне жатады (сыртқы сипатқа ие басқа жағдайлар, мысалы, тектілік және тәрбие себеп болып табылады, өйткені жақсы ата-анадан жақсы ұрпақтың өрбитіні сияқты, осылайша тәрбиеленген адам тура сондай болады». Сондықтан да біз бір нәрсе жасаған адамдардың энкомиясын да мәшһүр етеміз, әрекет атақты адамгершілік сипаттың белгісі қызметін атқарады, егер біз адамның ол әрекетті жүзеге асыруға қабілетті екеніне сенімді болсақ, мұндай әрекетті жасамаса да мақтаған болар едік. Мадақ және ақыл-кеңес түрі жағынан ұқсас, өйткені ақыл-кеңес беруде бір нәрсе өнеге болады, мадақтауда да солай... Сондықтан мақтамақ болсаң, қандай ақыл-кеңес бере алатыныңды ойла. Егер адамның өзі жайлы айта алмасаң, Исократ сияқты оны басқалармен салыстыр. Атақты адамдармен салыстыру

керек, өйткені егер ол құрметке лайық адамдардан артық болса, оның абыройы бұдан ұтады. Әділетті түрде әсірелеу мадақтауда пайдаланылады, себебі мадақ үстемдік ұғымымен байланысты, ал үстемдік кереметтердің қатарына жатады».

Аристотель соттағы сөз құрылымының қағидаларын да назардан тыс қалдырмайды, бірақ оны соқраттық әділеттілік және әділетсіздік, заңды және заңсыз ұғымдары, шындық ұғымы мен жазылмаған заң көбірек қызықтырады. Ғалым ойының алғышарты тағы да ақиқат пен игіліктің негізгі критеріі болып табылатын объективті бар және танылатын шындықты мойындау болады: «Жалпы заң деп мен табиғи заңды атаймын деген. Табиғаты жағынан әділетті және әділетсіз, баршаға ортақ, араларында ешқандай байланыс және оған қатысты келісім болмаса да, барлық халық мойындайтын нәрсе бар». Соттағы сөзде сендіру тәсілінен Аристотель куәгер рөлін ерекше айқындайды әрі оларды ежелгі және жаңа деп бөледі. Антикалық ғалым «жаңа» деп әдеттегі және қазіргі кезде де сотта сөйлейтін куәгерлерді, ал «ескі» деп ақындардың үкімі мен даңқты ерлердің жалпыхалыққа танымал үкімін түсінеді. Осылайша, сот талқылауында поэтикалық сөз «куәгер қызметін атқаратын» мақалдармен қатар дәйек болады. Кейін анықталғандай, мұндай материалдың барлығы амплификацияда – факт, лайықты энтимема жоқ болған жағдайда, жинақтау айтылған сөз көлемін өзіне дейінгі әртүрлі шешендер пікірімен толықтыру арқылы жүзеге асырылатын, ерекше сендірудің сопылық әдісін жасауда пайдаланылады. Аристотельдік тамаша **аналитика** әлі күнге дейін Платон әшкерелеген түбірден қол үзбеген және көбінесе Аристотель қабылдамаған сопылық «Риторика» авторы сонда да ақиқатқа жақын сопылық теорияға сілтеме жасайды, ал өзінің көптеген анықтамаларын антитезалармен толықтырады (бұл ұғым оған қарама-қарсы пікірлер арқылы түсінікті болады). Пікірді құрастырудың сопылық әдістемесі антикалық ғылыми, көркем немесе публицистикалық прозада ұзақ уақыт үстемдік еткен. Сонда да Аристотель өзіне дейінгілермен салыстырғанда шешендік өнер техникасына қатысты көптеген жаңалық ұсынады: «Негізінен барлығына (үшеуіне) тән әдістердің ішінде барлығын әсірелеу эпидейктикалық сөзге жақын, өйткені мұнда шешен даусыз факт арқылы мойындалған әрекетті қарастырады, оған тек маңыздылық пен сұлулықты енгізу қана қалады. Ал мысалдарға келетін болсақ, олар көбінесе кеңес беру сөздеріне қажетті, себебі біз өткеннің негізінде болжам жасай отырып, болашақ туралы пайымдаймыз.

Энтимемалар, керісінше, соттағы сөзге неғұрлым қажет, өйткені өткен шақ өзінің түсініксіздігі нәтижесінде себебі мен дәлелдеуді ерекше талап етеді». Соттағы, саяси шешендік шешеннен полемика жүргізу, қарсыластың дәлелін сенімді түрде терістеу біліктілігін талап етеді, ал бұл үшін энтимемадан артық құрал жоқ. «Энтимеманың екі түрі бар: бірі - бір нәрсенің бар немесе жоқ екенін көрсетуші, екіншісі

– әшкерелеуші. Олар өзара тура диалектикадағыдай, яғни дәлел (elegchos) және силлогизм арқылы ажыратылады.

Көрсетуші энтимема дегеніміз қарсылас мойындаған пайымдаулар негізінде құрылған силлогизм, ал **әшкерелеуші энтимема** дегеніміз қарсылас мойындамаған пайымдауларға құрылған силлогизм». Одан әрі айқындай түседі «әшкерелеуші энтимема тыңдаушы қасында түсінікті болатын қарама-қарсы пікірді қысқаша жинақтау». Мұндай энтимемаға мысал Аристотельдің «Риторикасының» үшінші кітабында Сократ қорғауынан берілген.

Нағыз силлогизм құру мүмкіндігі болмаған жағдайда шешен топқа – әр сұраққа қатысты ерекше пайымдауларға, сопылықта логикалақ дәлел орнына қолданылатын тәжірибедегі жалпы нәрселерге жүгіне алады. Мұндай сөздік **эквилибристика** мысалдары екінші кітаптың 23, 24-ші бөлімдерінде келтірілген және сөздік құрылымның логикаға сүйенбейтін сыртқы дәлелділігі таңқалдырады. Дәлелдігі жағынан энтимемалардан кем түспейтін мысалдарға келсек, олар екі түрлі болады: мысалдың бір түрінде болған оқиғадан бұрынғы фактілер, ал екіншісінде шешен оны ойдан шығарады; соңғы жағдайда, біріншіден, тәмсіл, екіншіден, Эзоп және ливия мысалдары сияқты мысал пайдаланылады, сондай-ақ атақты ақындардың нақыл сөздері мен мақал болуы мүмкін.

Аристотель шешендік тәжірибе мен полемикада нақылдарды пайдаланудың тәсілдерін түсіндіре келе, қабылдау психологиясы саласы жайлы да ой қозғайды, шешендіктің тыңдаушылар неғұрлым жақсы қабылдайтын аспектілерін көрсетеді: «Нақыл деген жалпы мәнге ие дәлел, шешен олар бұрын жекелеген жағдайлар бойынша өз пікірі деп мойындаған нәрсені жалпыға маңызды деп көрсеткенде тыңдармандар қуанады...».

Өткен заманның әдебиеті Аристотель үшін сан алуан жалпылаулардың қайнар көзі болды, соның ішінде сөз композициясын қарастыруда, яғни оны құраушыларды талдау барысында. Мысалы, ол алғы сөзді кез келген сөздің қажетті бөлігі дейді: «Алғы сөз, сөздің бастамасы, ол поэтикалық шығарманың прологы, флейтада ойнаудың «прелюдиясы» сияқты. Бұл бөліктің бәрі де – бастамасы, олар келесі кезеңге жол ашады... Оған мысал Исократтың «Еленасының» алғы сөзі бола алады, өйткені Елена мен эристикалық ой арасында ешқандай байланыс жоқ. Сонымен қатар, егер алғы сөз сөздің жалпы мазмұнынан өзгеше болуы барлық сөздің бірдей болмауы жағынан тиімді.

Эпидейктикалық сөздің алғы сөзі мадақтау мен әшкерелеуге құрылады, мысалы Горгийдің Олимпиадалық сөзі: О, әр тараптың құрметіне лайық эллиннің ерлері!» деп басталады, өйткені ол қоғамдық жиналысты бекіткендерді дәріптейді. Исократ олардың физикалық ізгілікті құрметтей отырып, ізгі адамдар үшін ешқандай марапат бекітпегендіктерін беттеріне басады. Демек, эпидейктикалық

сөздердің алғы сөздері мыналардан құралуы мүмкін: мадақтау, әшкерелеу, сендіру, айныту, тыңдармандарға қаратпа сөз. Бұл «прелюдия» сөз мазмұнымен байланысты немесе оған байланыссыз болуы керек. Соттағы сөздің алғы сөзіне қатысты олардың драмалық шығарманың прологы және эпикалық шығармалардың алғы сөзі қандай маңызды болса, дәл солай екендігін атап өткен жөн».

«Барлығы (сөйлеу өнері), қажет болса, ойды игеруге бейімділікке және өзінді сенімге тұрарлық етіп ұсынуға байланысты, өйткені ондайларды жақсы тыңдайды. Адамдар ұлы немесе оларға қатысы бар немесе қызықты, жағымды заттарға мұқият болады, сондықтан сөз осы жөнінде болып жатқандығына сендіру керек».

Платонның шәкірті Аристотель сөздің тұтастығы мен негізділігі туралы сократтық ойды қолдана отырып, композицияның логикасына негізделген бөлімдерінің мөлшерлестік қағидаларына ерекше назар аударады. Аристотельдің Платонмен пікірі сәйкес келмеген негізгі мәселесі сөйлеу өнерінің білімге қатысына байланысты болған. Платон өнердің бастауы иррационалды деп тұжырымдаған және өнерді әлемді тәжірибелік тұрғыдан танудан ажыратқан. Аристотель оған қарамастан сөйлеу өнері табиғаты жағынан таныммен байланысты екендігін дәлелеуге тырысқан.

Осылайша, Аристотель бойынша шешендік өнер арқылы ұсынылатын дәлелдеу құралы үш түрге бөлінеді:

- а) логикалық, яғни дәлелдің көмегімен;
- б) адамгершіліктік, сөйлеуші тыңдарманды сенімге тұрарлық екендігіне сендіреді;
- в) эмоционалды, тыңдармандардың эмоцияларына ықпал етеді.

Соңғысын ол «Риториканың» екінші кітабында қарастырады, онда сендірудің бұл құралдарын табу әдісіне қатысты нұсқаулар беріледі. Платонның шәкірті ұстазы талап еткендей құмарлық, әдет-ғұрып және дәлелдеудің жалпы тәсілдері туралы талқылайды. Осылайша платондық Сократ үйреткен: «Сөз құдыреті адам жанына әсер етуінде, шешен болам деген адам жанның қанша түрі бар екенін білуге тиіс... Кейбір тыңдармандарды белгілі себептермен сендіру оңай, ал кейбір тыңдармандарды сендіру өте қиын... ол сөйлеуге тиімді уақытты ескеруі керек, ал кейде бас тарта білу керек: ол өзі үйренген сөйлеудің барлық түрін қысқа, мұнды немесе жалынды – дер кезінде және орынды қолдануға тиіс».

Аристотель адам болмысының жауапты шешімдер қабылдайтын азаматтар жиналысында көрініс табатын ең жалпылама аффектісіне назар аударады. Ол ашу мен мейірімділік, өшпенділік пен қорқыныш, ұят және рақымдылық, наразылық пен қызғаныштың туындауын түсіндіреді, содан соң шешен қандай жағдайда өз тыңдадармандарында аталған сезімдерді туындата алатындығын көрсетеді. Мысалы, өзіміздің басымыздан өтпесін деп қорқатын жағдайларға басқалар тап болғанда біз аяушылық танытамыз немесе

адам қорқынышты сезінуі үшін оның өзін мазалаған нәрседен құтыламын деген сенімі болу керек; оған дәлел қорқыныш адамдардың ойландырады, сол шақта ешкім бұл үмітсіздік деп ойламайды. Сондықтан шешен өз тыңдаушыларының қорқынышты бастан кешіргені тиімді болған кезде, оларды дәл осындай жағдайға түсіруі керек. Одан соң шешеннің белгілі бір аффект туындата отырып ықпал етуге тырысатын тыңдармандарының жасын, қасиеттерін, мінездерін жіктейді.

Аристотельде сөздің көркемдік кемелділігі және оның мазмұнының толықтығы ажырамас біртұтастықта қарастырылады: «Білімді тез жеткізетін стиль және энтимемалар бізге көркем болып көрінеді». Мұндай энтимемаларға мысал қысқа мерзімде және тыңдарман (оқырмандар) тарапынан аз күш салуымен бізге көптеген жаңаша ойлар мен түсінік беретін метафоралар болады. «... Жеңіл оқу – табиғатта барлығына да ұнайды, ал сөздің мәні болады, сондықтан сөздердің ішінде бізді бір нәрсеге үйрететіндері неғұрлым жағымды болмақ. Бірақ сирек қолданылатын сөздер түсініксіз, ал жалпыхалықтық сөздерді біз білеміз, сондықтан да метафора көп жағдайда қалағанымызға қол жеткізуге ықпал етеді». Шешендік өнерде қабылданған поэтикалық тәсілдердің ішінен Аристотель шешен мен тыңдарман ақылының оралымдылығын талап ететін метафораны жоғары бағалайды, өйткені метафора жұмбақ түрінде келеді. Ол айқындаған метафораның төрт түрінің ішіндегі сәйкестікке негізделген метафора ерекше құрметке ие. Аристотель мұндай метафораға мысал ретінде Гомердің әйгілі тармағын келтіреді:

Я лишь солома теперь, по соломе, однако, и прежний

Колос легко распознаешь ты...

Оған түсінік береді: «Кәрілікті сабан деп атап, олардың шығу тегінің қасиетін білуге көмектесе отырып бізге өнеге береді, себебі олардың екеуі де – қураған (солған) заттар».

Аристотель рахаттанудың көзі шешендік өнер арқылы білім алу деп білген. Аристотель ең жақсы «оқытуды» дидактика немесе насихат емес, ол ақылой жұмысын ынталандыру деп түсінген. Сондықтан силлогиялық құрылым Аристотельде «жағымдылықтың» бастауы қызметін атқарған. Ол метафоралық ойлаумен байланысты салыстыруды және олардың ойға күш салуды талап ететін өткірлікті жоғары бағалаған. Аристотельдің пікірінше, тапқыр сөз тез және тосыннан нұрландырады, аз қана мерзімде мол жаңа білім береді.

Ғалым аз да болса санаулы жағдайларда шектеулі түрде қолданылатын ирония мен гиперболаны да мақтайды. Ол стильдің ерекше салтанатқа ие болуына қол жеткізуге кеңес береді, ауызша және жазбаша сөздің стильдік жетістіктеріне баға береді, актерлік шеберлікпен айту көзделген әдістерді тек эпидейктикалық шешендікте қолдануға болатын жазбаша сөз әдісінен бөліп

карастырады (мысалы, жалғаулықсыз, көптеген қайталаулар, интонация).

Ғалым шешендік прозаның ырғағына ерекше көңіл бөледі, оның пікірінше, ол ырғақтан айрылған метрикалық болмауға тиіс. Біріншіден, сенімсіздік тудырады, өйткені жасанды түрде ұсынылады, сонымен қатар, алаңдатады. Екінші жағынан ырғақтан айрылған нәрсе шектен де айрылады, метр арқылы болмаса да шек енгізу керек, өйткені шектен айырылған нәрсенің барлығы жағымсыз және түсініксіз болмақ. Бұдан әрі ол өзінің атақты кезең туралы ілімін баяндайды, біз оның анықтамасын Горгий жайлы тарауда дәйексөз ретінде келтіргенбіз.

Аристотель үшін кезең – сөйлейтін сөзді анық етуші құралдың бірі. «Риториканың» авторы синтаксистік кезеңді бақана ларға бөледі және оған қоса Софокл мен Меланиппидтің сәтсіз кезеңдеріне сілтеме жасайды. «Кезең» деген ұғымды Аристотель өлшемі кезең болып табылатын буынның түрін көрсету арқылы енгізген, содан соң оның қасиеттерін сипаттаған: «...буын жалғаулықтардың арқасында дифирамбтардың бастамасы сияқты не тізімші және үзіліссіз, не өрімді және ежелгі ақындардың (строфа) антистрофалары тәрізді болу керек. Тізімші буын – ескірген. Мен оны баяндалатын нәрсе аяқталғанша соңы болмайтындықтан «тізімші» деп атаймын. Ол шексіз болғандықтан жағымсыз, себебі әркім соңын көргісі келеді. Тізімші буын осындай, ал өрімді буын кезеңдерден тұрады. Кезең деп мен өзінің бастамасы мен соңы бар, көз жетерлік ұзақтықтың үзіндісін атаймын. Ой да бөлшектенбей, кезеңмен қатар аяқталуға тиіс».

Үшінші кітапта Аристотельдің сөз экспрессиясын арттырушы әдіс туралы көптеген ойлары жинақталған. Мұнда «Поэтикадағыдай» интеллектуалды эстетика жайлы сөз ете отырып, Аристотель сөйлеген сөздің артықшылығы деп оның анықтығы мен орындылығын атаған, ал бұл қасиеттерге қол жеткізудің нақты жолы шешендік прозаны ауызекі сөйлеуге жақындату деп санаған. Бұл кеңестерді Аристотель шешеннің стильмен жұмыс жасауында тарихи экскурс ретінде баяндалған: «Ақындар үйреншікті нәрселер жайлы түсінік бергенде өз стилінің арқасында даңққа бөленетіндіктен, ең алдымен Горгийдікіндей поэтикалық стиль тудырған. Ал қазір көптеген сауатсыз адамдар дәл осындай адамдар бәрінен де көркем сөйлейді деп санайды. Шын мәнісінде олай емес, шешендік өнердегі стиль поэзиядағы стильден мүлдем басқа, фактілер дәлелдегендей тіпті трагедияның авторлары тура сол оралымдарды пайдаланбайды, бірақ олардың ямба басқа метрлерге қарағанда ауызекі сөйлеуге ұқсастығына негізделе отырып, тетраметрден ямбаға көшкені сияқты олар да ауызекі сөйлеуге жарамайтын, бірақ алғашқыда олар шығармаларын көріктеуде пайдаланған және гекзаметрмен өлең жазатын ақындар қазір де пайдаланатын сөйлемшелерден бас тартты.

Сондықтан қазір ол оралымдарды өздері де пайдаланбайтын адамдарға еліктеу күлкілі».

Аристотель Исократтың соңынан публицистика мен көркем прозадағы ауызша сөйлемше әдісінің аражігін ажыратуды талап етті, ол шешендерге халыққа танымал сөздерді олардың метафора мен салыстыруға дейінгі түпкі мағынасын сақтай отырып пайдалануға кеңес берді, оларды шешендер тәжірибесінде талғаммен қолданылатын поэтикалық оралымдар деп санады. Осылайша, грамматикалық формаларды пайдаланудың дұрыстығын және анықтықтың пайдалы-логикалық талабын ажырататын аристотельдік жақсы стиль формуласы туындады. «Риториканың» авторы үшін б.э.д. V ғасырдағы сопылардың көптеген стильдік тәжірибелері қолайсыз болды, шығармалардан мысалдар жинақтап, олардың стилінің жалпы мәнін прозаны сенімді ететін «анықтыққа» қарама-қарсы қоя отырып «салқындық», яғни жалғандық, жасандылық деп сипаттаған.

«Стильдің салқын болуының төрт себебі бар, - деп көрсеткен Аристотель. – Біріншіден, күрделі сөздерді пайдаланудан мысалы, Ликофрон «асқар шыңды жердің алуан жүзді аспаны» және «тар боп туған жағалау» туралы айтады. Немесе Горгий «қайырымдылық сұрауда шебер жағымпаз» деп айтқан немесе Алкидамант айтқандай «жалын түстес болатын жүз» туралы... Бұл сөйлемшелердің барлығы да поэтикалық, өйткені бірнеше сөзден құралған. Салқындықтың бір себебі осы, ал екіншісі глосса пайдалануда. Мәселен, Ликрофон Ксеркс жайлы «құбыжық-ер» дейді... Алкидамант – «поэзияның ойыншықтары» туралы... Үшінші себеп ұзақ, орынсыз және жиі пайдаланылған эпитеттерде: поэзияда, мысалы, сүтті ақ деу қисынды, прозада ол қисынсыз болуы мүмкін, ал кейде олар көп болса, олар жасандылық тудырады. Өйткені олар әдеттегі сөзді әсірелейді және оны ерекшелейді... Міне, сондықтан Алкидамант шығармалары көңілсіз, ол эпитеттерді тұздық емес, астың өзіндей пайдаланады, жиілігі, әсіреленгені сонша, бірден көзге түседі, жай тер емес «ылғал тер»... бұтақтың астында емес «ормандағы бұтақ астында»... Кім сөйлейтін сөзге поэтикалық оралымдарды орынсыз енгізсе, сол стильді күлкілі, көңілсіз және көп сөзділіктің себебінен түсініксіз етеді... Стиль салқындығының төртінші себебі метафораларға қатысты болады. Метафоралар да орынсыз болуы мүмкін: бірі олардың күлкілігіненен, өйткені комедия жазушылар да метафораны пайдаланды, екіншісі – өзінің салтанаттылығы мен қайғылылығынан: егер ұқсастығы жоқ заттар алынса, олар түсініксіз болады. Мысалы, Алкидамант философияны «заңның қорғаны», ал «Одиссеяны» - адам өмірінің тамаша айнасы» дейді... Осыған ұқсас сөйлемшелердің барлығы да дәлелсіз.

Аристотель сөздің бейнелілік күші төңірегінде талдау жасай келе, шешендерге қандай сөз тіркестерінің сөзді анық немесе салқын, қысқа немесе ұзақ ететінін және орындылықтың неден тұратындығын

түсіндіреді. Аристотель ережеге, интеллектуалды рақаттануға бейімделіп және сөздің бейнелі реңкінің байлығын шебер сезіне отырып, шешеннің нені қолданып, неге жоламауы керектігін көрсету үшін поэзия мен прозадан мысал келтіреді. Сөздің эстетикалық әсерін, оның жағымдылығын Аристотель αὐταῖος («астаналыққа» қарама-қарсы «ауылдық») және εὐδοκίου («атақты») сөздерімен атаған. Цитаталарды таңдауда Аристотель пайымдауының негізгі үрдісі анықталды: б.э.д. V ғасырдағы сопылық дүниетаным негіздеріне сын, б.э.д. IV ғасырдағы шешендер тәжірибесіне құрмет және поэзияға стильдің жақсы және нашар тұстарының мысалы ретіндегі көзқарасы. Бір қызығы, Александр Македонскийдің тәрбиешісі гректердің шешендік прозасынан көптеген мысал келтіргенде бірде-бір рет македондықтардың атақты қарсыласы Демосфеннен дәйексөз алмаған. Егер «қарама-қарсылық өз еркімен таңдалмаса», ойдың екіұшты болмауын талап ете отырып Аристотель қайшы мысал ретінде Гераклиттен дәйексөз келтірген: «Жалпы жазылған дүние оқуға және айтуға жеңіл болуға тиіс. Бұлардың ешқайсысы да Гераклиттегідей, қыстырма сөйлемдер көптігінде де, тыныс белгілерін қою оңай емес жерлерде де жоқ. Гераклитте тыныс белгісін қою – үлкен жұмыс, өйткені ойдың кейінгіге немесе алдыңғыға қатысты екені түсініксіз, мысалы, өз шығармасының басында ол «адамдар нағыз логосты мәңгі ұқпайды» дейді, осы сөйлемге тыныс белгісін қоюда «мәңгі» деген сөзді неге жатқызу керектігі түсініксіз».

Аристотельдің сөз өнері теориясы публицистикалық мәтіндер құру ережесін бір ғасыр бұрын анықтаған. Татьяна Миллер атап өткендей, «Аристотель өзіне дейінгі шешендерге қарағанда өз нұсқауында мәнерлі әдістерді қарапайым түрде атап өтумен қана шектелмеген, көркем шығарманы құрудың жалпы қағидаларын ұсынған. Өзіне дейінгі шешендер бастаған поэзия мен шешендік өнердің байланысын жақындатуды жалғастыра келе, Аристотель поэтикалық өнерді оған дейін шешендік сөздерде қолданылған параметрлердің («ақиқатқа жақындық», «тиісті») көмегімен талдады. Бірақ оның еңбегі қарапайым түрде шешендік өнер әрекетінің көкжиегін кеңейтумен қана тұжырымдалған жоқ. Ол шешендік өнерге құндылықтың жаңа критерийін, жағымдылықты жаңаша түсінуді енгізу арқылы экспрессивті құралдардың эмпирикалық зерттеуінде өте маңызды жаңалық ашты. Аристотель үшін өнердегі «жағымдылық» не сиқырлы таңғажайып, не пайдакүнөмдік пайда, не абсолютті игілік емес, ол – білімнен алатын рақат. Осының нәтижесінде ол үшін танымға ықпал ететін эмоциялар мен әсерлер: таңқалу, түсініктілік, анықтық құндылыққа ие болды. Мұнымен тікелей байланыста көрнекі құралдардың өздері де жаңаша талқыланды: Аристотель олардың басты міндеті тыңдармандарға әр жанрдың өзіне тән интеллектуалды ләззатын сыйлау деп білді және

кажетті әсердің туындауы толық, нақты әдістің композициясына, синтаксисіне, сөз қолданысына байланысты екендігін мойындады».

§ 3. Талқыламалы-полемикалық сөз аясы соттық риториканың жалпыламалық (аристотельдік) түсінігі секілді сот риторикасы пәнінің заманауи (жеке) трактовкасы

Аристотель риториканың үш түрінің сапасы және себебі туралы ұғым береді, өйткені тыңдаушының да сонша түрі бар. Сөз үш элементтен құралады: шешеннен, айтылып жатқан пәннен және

нақты сөз бағытталған тұлғадан, нағыз сол тұлға (тыңдаушы) барлығының ақырғы мақсаты болып табылады. Тыңдаушы жай қарапайым тамашалаушы немесе әділ-қазы болып келеді және сонымен қатар, істелген істің немесе істелуі мүмкін болатын істің әділ-қазысы. Болып кетуі мүмкін іс туралы пікірін айта алатын адам ретінде халық жиынының мүшесін алуға болады, ал болып кеткен іс туралы ойын білдіретін - сот мүшесі; адамның шешендік сөз шеберлігіне көңіл білдіретін - қарапайым тыңдаушы. Сонымен, риторикалық сөздің үш түрі болады: мәжілістік, соттық және эпидейктикалық. Мәжілістік сөздің атқаратын қызметі - талдау немесе қабылдамау, өйткені жеке өмірде бір-бірімен пікір алмасу қажеттілігі туатын адамдар, жариялы сөз сөйлейтін шешендер секілді, екеудің бірін жасайды: яғни талдайды немесе қабылдамайды.

Енді соттық сөздің қызметіне келсек, олардың жұмысы айыптау немесе ақтау, өйткені төрелік етушілер қашанда екеудің бірін міндетті түрде жасайды: яғни айыптайды немесе ақтайды.

Эпидейктикалық сөздің қызметі - мақтау немесе сынау. Енді осы әрбір сөз сөйлеудің түрлерін белгілеп көрсететін уақыт туралы айтатын болсақ, адам бір нәрсені талқылағанда, ол болашақты қамтиды яғни, бір нәрсені талдаған кезде де, оны қабылдамаған кезде де, адам баласы болашақта болатын істер туралы кеңес береді.

Пікір-талас кезінде адам өткен уақытпен кестігеді, яғни, өйткені, қашанда болып кеткен оқиғаларға байланысты, біреу айыптайды, екіншісі-қорқанады.

Эпидейктикалық сөз шешеніне ең маңызды болып осы шақтағы уақыт саналады, өйткені әрбір адам мақтайды немесе сынайды.

Көптеген пәндерге тарайтын, риториканың жалпыламалылығына көңіл аударайық.

«Риторика есть искусство, яже учит слово украшати и увещевати» (яғни бұл - көне замандағы орыс тілінен аударғанда: «сөздің сәнін келтіретін және оны сендіруге үйрететін өнер»). Бұл 1672 жылы елшілік бұйрық аудармашысы Николай Спафарияның анықтамасы. Ол Цицерон мен Квинтилиан секілді европалық риториктердің жазбаларындағы «*Rhetorics est ars recte et ornate dicendi*» - риторика- жақсы және әдемі сөйлеу өнері деп айтылған классикалық көне римдік ұғымнан

бастауын алады. Міне осыдан «шешендік сөз» деген термині болашақта пайда болып тарайды. Осымен біз риторика өнер ретінде екені туралы ұғымға тілекей жақындадық.

«Әдемі сөз» дегеніміз не және сөздің шынайы көркі көрінген әдемі сөз нанымды ма деген сұраққа осы оқулықта, айрықша көңіл бөлу орын алады.

«Риторика есть христос добре глаголати», яғни «Мәсих әділетті есімдеуші ретінде» дегенді көркемдейді, (әдемі сөйлеу және жазу өнері, көне дәстүрлік риторикасы, XVII ғасыр соңындағы қолжазба). Дәстүрлі риторика ауызша монологиялық сөзді оқытқанымен, оқыту қашан да сөйлеуді жаза білуді үйретті. «Жазу - шешендік сөздің ең жақсы ұстазы», - деп шешендік өнерді оқытудың қиыншылықтарын талқылай отырып Цицерон белгілеп айтқан. Құқықты қолдану тәжірибесіндегі риторика үшін, айта кетсек біздің пәнімізде де, жазба түріндегі сөз дайындығының технологиялары өте маңызды.

«Шешендік бұл, яки көрінген айтылмыш заттар туралы әдемі айту және басқаларды өзгенің пікіріне өзінің пікірін айта отырып тарту туралы өнер». (М.В. Ломоносов «Шешендік сөз шеберлігіне қысқаша жетекшілік» М., 1747.). М.В Ломоносовтың берген анықтамасы сот тәжірибесіндегі шешеннің ең басты мақсатын бар мүмкіншілігінше дөп және жан-жақты көрсетеді. «Кім де кім осы ғылымда өнерлі болса, сол ритор деп аталады». Міне XVIII ғасыр заманындағы орыс данышпанның пікірі. Әрине жалпы Ресей риторикасының көркеюі император Александр екінші реформаларынан кейін басталады. Жекелеп айтқанда, соттарды ашық жасаған, соттық реформа сот ісіндегі шешендік өнердің дамуына түрткі болады.

«Қызыл тілділік бұл өзінің ойын және сезімдерін хатта немесе сөзде дұрыс, ашық және айтушының немесе жазушының мақсатына сәйкес жеткізе білу» (А.Ф. Мерзляков. Қысқаша риторика немесе прозалық шығармалардың барлық түрлеріне қарасты ережелер. М., 1804). Риторикада жай сөз қана емес, сонымен қатар «ойлар және сезімдер» көмегімен сөйлем құру оқытылады, сол себептен ғылымның арнайы тараулары идеяларға немесе сөздің мазмұнына, сондай-ақ ынтызарлық немесе сөз эмоциясы туралы ілімге арналуы керек. «Риториканың пәні – ол сөз сөйлеу деп есептеледі. Сөз - біздің ойымыздың сөздер немесе хат арқылы ауызша не жазбаша білдірілуі». (К.П. Зеленецкий. Ортақ риторика. Гимназиялық курс. Баспа., 1850). Егер, сіздің, немен сөйлеп немесе жазатыныңыздың, немен оқып немесе тындайтыныңыздың барлығын өзінде көрсететін ғылыми пән қаншалықты кең және ғаламат болуы керектігін ойлап көрсеңіздер. Яғни ғылым пәні - сөз сөйлеудің өздік көпқырлылығымен байқалады.

Риториканың мазмұны XX ғасырда түпкілігінде өзгермеген, бірақ жаңа тұжырымдамалар, идеялармен толықтырылып, өткен кездің ұмыт болған жақсы жақтарын, практикалық стилистиканың, өзгелердің қарым-қатынас жасау психологиясының, сөз мәдениеті пәндерінің шеңберінде

жиі-жиі көрсете білді. Түпкілігінде, XX ғасырдың соңындағы риторика «өткен кездің ұмытылған жақсыларын» (қайта өңделген түрде) қалпына келтіруге тиіс. Ең бастысы, сөйлесудің спецификасын зерттеу; әр сөздің ережелері қалай ұйымдастырылады және сөз коммуникациясының, дербес жағдайда соттық немесе өзге талас-тартыстық, жеке жасаушы компоненттері қандай.

Бұл - сот риторикасының мәні

Жалпы сот риторикасы ғылымының атасы деп жоғарыда айтылғандай ежелгі грек ғалымы Аристотельді сондай-ақ Рим ғалымы Квинтилианды да атаймыз.

Квинтилианның риторика туралы жазған еңбектерінің бірі ол «риторикалық тәлім жайлы он екі кітабі».

Квинтилиан және оның «риторикалық тәлім жайлы он екі кітабі»



Квинтилиан

Марк Фабий Квинтилиан (35-96 б.э.)

Көптеген сот риторикасын оқып білгісі келген адамдар Квинтилиан есімімен кездеседі, ол туралы қызылтілділік ғылымын зерттеген бүгінгі күн немесе өткеннің, теоретиктер немесе практиктері өз еңбектерінде сілтеме жасайды. Бүгінгі күнде риторика туралы мыңдаған кітаптар жазылғанда, әрбір өзін сыйлайтын жоғары оқу орны осы пәнді міндетті немесе таңдамалы компонент есебінде кіргізіп жатқанда әмбе, барлық білімгерлердің оқып білуі үшін, ал жоғары оқу орындарындағыларға дейінгілер осы ғылымды бесіктегі жастан кіргізіп жатқанда, біздерге ритордың қалыптасуы және тәрбиесіндегі Квинтилианның рөлі туралы сауал маңызды деп ойлаймыз. Мәселе біздің елімізде осы аталған антикалық автордың еңбектері бүгінгі күнге дейін мәліметтік вакуумде тұрғандығы болып отыр. Шындығына келгенде, қандай Квинтилианның қауырсынымен жазылған еңбектерді оқи алатындығымызды анықтап алайық. Егерде оқулықтардың соңында бізге ұсынылатын әдебиеттер тізіміне қарасақ тек қана 1834 жылы Санкт Петербургте баспаға шыққан «риторикалық тәлім жайлы он екі кітабін» қана көре аламыз. Міне, жақында Ресейде бұл кітап қайта басылмағанына 200 жыл болады екен, ал көптеген ғылымның қайнар көздерін сол Ресейден сарқып алып жатқан еліміздің авторлары туралы айтудың да қажеті шамалы деп ойлаймыз. Кім ойлаған десеңізші, біздің елде филология ғылымына деген қызығушылық қашанда ерекше болып тұрғанда, себебі тек қана **қазақ тілі** әдемі сөз сөйлеу үшін жаратылған, өзгелерді айтпағанда және соған біздерді мектепке барғанша үйретеді. Ұмытпау керек кеңес өкіметі заманында

риторика буржуазиялық ғылым есебінде саналып барынша қудалауға түсті, осыған байланысты Квинтилианның кітабін қайта басылымға шығару туралы ойда болған емес, бірақ та шешендік өнерге арналған Аристотель мен Цицеронның еңбектері басылымға шығып жатса да 19-шы ғасырдың бірде-бір ақындары, жазушылары, саясаткерлері және заңгерлері осы қызылтілділіктің ең ғанибет кітабін керек етпеген, бұл кітап риторика туралы антикалық кезеңнің барлық кітаптар ішіндегі толық және мазмұндысы, біздің заманымызға дейін келіп жеткен күштісі деуге болады. Енді осы кітаптың құпиясына назар аударып не туралы екенін түсініп көрейік.

Марк Фабий Квинтилиан – белгілі Рим шешені және педагог, Римдегі ең таңдаулы шешендік мектептердің бірінің негізін салушы, көп кешікпей оның есімі кеңінен таныла бастады және мемлекеттік есім болды.

Өз мектебінің тәжірибесі және антикалық дүниенің педагогикалық ой-пікірінің жетістіктері негізінде Квинтилиан «Шешеннің тәрбиесі туралы» алғашқы арнаулы педагогикалық еңбекті жазды, онда кейбір жалпы педагогикалық мәселелер сөз болды. Квинтилиан адам табиғатының оның дамуындағы ролі туралы мәселені түсінуге өз үлесін қосты. Ол адамның табиғи көрсеткіштеріне үлкен мән берген, балалардың табиғи қабілеттерін өте жоғары бағалады, ерте жас кезінің өзінде қабілеттіліктердің дәрежесін анықтауға болатындығына ешқандай күмән келтірмеді (кішкентай балалардың ойының алғашқы белгілері – есі, тез және дәл қабылдауы және қабылдағанды ойда ұзақ сақтау, балада еліктеуге ұмтылудың ерте дамуы) сонымен қатар тәрбие арқылы көп нәрсеге қол жеткізуге болатындығын түсінді.

Квинтилиан Рим қоғамының, билігінің жоғары деңгейіндегі жанұя тәрбиесін сынға алды, балалардың жағымсыз адамгершілік қасиеттерін және үлкендердің жағымсыз мінез-құлқын қатты сынаған болатынды, жеке тұлғаның қалыптасуында балалардың жас ерекшеліктерін бағаламағаны үшін ата-аналарға ескерту жасады. 5-тен 7 жасқа дейін Квинтилиан Аристотель сияқты мектепке даярлыққа ерекше мән берді. Оның айтуынша, балалар 7 жасқа дейін екі тілді меңгеруге тиісті – ана тілін және грек тілін, әуелі грек тілін содан кейін ана тілін. Квинтилиан балаларды мадақтап отыруға кеңес берді, өз құрбыларымен бірге оларды жарысқа шақырып отыруға, марапаттардың қажеттігін айтты.

Рим ритторы балалардың сауаттылығын дамыту үшін оқытуға әдістемелік кеңестер беріп отырған. Ол оқыту үрдісін көрнекті құралдар арқылы өткізуге ерекше мән беріп, оқытуда біржүйелік және бірізділік қағидаларды сақтап отыруға құнды кеңестер ұдайы беріп отырған.

Квинтилиан болашақ шешенге дамыған ес, көркем сөз, жақсы дауыс ырғағы және интонация, мәнерлі сөз, мимика қажет деген болатынды.

Шешенді тәрбиелеудің негізгі құралы Квинтилиан өлеңдерді жаттау екенін, оның адамгершілікке тәрбиелеуге көмектесетіндігіне тоқталды. Логикалық ойлауды, ойдың бір жүйелігін, бірізділігін тәрбиелеу мақсатында ол математиканы оқытудың қажеттігіне тоқталды, оқытуды

теориялық үйретуге, еліктеуге және жаттығуларға негіздей отырып құру керектігіне мән берді.

Педагогикалық ой-пікірдің даму тарихында Квинтилиан дидактика мен әдістеменің негізін қалаған, мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудің талаптарын бір жүйеге келтірген алғашқы арнаулы педагогикалық еңбектің авторы ретінде ерекше орын алады.

Енді бірінші жолда Квинтилианның риторика оқытушысы болғаны үшін үкіметтен мемлекеттік жалақы алып отырған тәжірибелік шешен болғанын айта кеткен жөн. Сол үшін де оның жеке тұлғасы сый-құрметке тұратындай-ақ, өйткені мұндай педагогикалық жетістікке жету қай заманда да жоғары тұрады. Оқытушылар теориямен жиі-жиі, тым қатты айналысып кететіндігі соншалық, қызылтілділікке оқыту барысында тәрбиеленушілердің білімдерін практикада қолдана алатын білім көздерін 75%-ға ұғына алмайтындығын байқамайды. Риторикада білгендік аз – оны және қолдана білу қажет. Осындай кезде ақын болып туады, ал шешен болып қалыптасады! – деген Цицеронның сөзін қалай еске алмайсыз.


«Демосфеннен ештеңені алып тастауға болмайды, ал Цицеронға еш нәрсе қосалмайсың», - деп Квинтилиан өзінің «риторикалық тәлім жайлы он екі кітабінде» жазғандығын келесі түрмен бөлуге болады:

а) Өзінің жеке риторикасын жазуға оның жора жолдастары итермелейді -бұл туралы ол өзі де бекіміне негізделе отырып айтқан. Г.Кеннеди, Квинтилианның тума жаратылысы туралы сауал автоматты түрде жоғалады деп санаған. Квинтилиан өзінің кітабін аяқтай келе риторика ғылымының саласын жаңа жолдармен дамытатындығы туралы айтады. Бұл жерде ол өзінің бекітімін оригиналды түрде көрсетпейді, сондай-ақ теория нәтижелерінің қайталануының фактісін көрсеткен.

б) Квинтилианның кітабі өте үлкен, сондықтан да мұқият зерттегенді талап етеді. Г. Ран жазғандай, Квинтилиан қашан да биікке тырмысқан, сондықтан да болар, бүгінгі күндер де ол оқылмай, зерттелмей қалғандығы. Өзінің *«Рим дүниесіндегі риторика өнері»* атты кітабінде «риторикалық тәлім жайлы он екі кітабі» антикалық замандағы риторикалық ойлардың ішіндегі ең ғанибеті деп айтуға мәжбүр болды. Міне, сондықтан да оның еңбегінің көпшілік жеке сәттерін оқып немесе жанама қайнар көздерді зерттеп жатқанда, тек бірнеше адамдар қана толық оқып шыққан.

Александр Никольскидің 1934 жылы Санкт-Петербуркте Ресейдің Императорлық Академиясында аударылып баспаға шыққан, «Риторикалық тәлім жайлы он екі кітапі» бүгінгі күнге дейін әлемдік филологияның және *юриспруденцияның* қайталанбас ескерткіші болып қала бермек, ал оны оқып білу қызылтілділіктің жаңа оқырмандары мен оқушыларын күтеді.

Квинтилиан оқытуы бойынша риторика ілімін оқып білуге арналған трек-сызба үлгісі



§ 4. Талқыламалы-полемикалық сөз аясының құқықтық шығармашылық және құқықты қолдану тәжірибесіндегі ең маңызды құрылымдары

Әрбір тараптардың қатысу мақсаты, олардың міндеттері;

айыптаушы тезисі және ақтау тезисі. Соттағы сөздің функциясы, нысаны және мазмұны. Ресейдегі сот риторикасы көркеюінің мазмұны және шарттары, себептері. Ресейдегі сот шешендік сөз тарихынан қысқаша ақпарлар.

Аристотель мен Квинтилианнан кейін шешендік сөздің ежелгі үш түрін, М.В.Ломоносов Ресейде соттық тарату болған емес деп атап көрсеткен. Осындай жағдай 1864 жылғы сот ісіне жаңа қағидаттар енгізген реформаға дейін болып келгенін тағы да айта кету өте жөн. Істі тыңдау ашық бола бастады, процеске прокурорды, адвокатты және алқа мәжіліскерлерінің (маманданбаған судьялар) кіргізілді. Мұны біз сол заманның атақты жазушысы Л.Н.Толстойдың «Жексенбі» немесе А.Н.Толстойдың «Қасіретте қадам жасау» атты әдеби шығармаларынан нақтырақ көруімізге болады.

Сот көпшіліктің жиын отырыстық жеріне, прокуратура мен қорғаушы шендерінің ұрыс даласына айналды. Аты шулы сот процестері өз отырыстарына көпшілік әлеуметті тартты, сондай-ақ баспасөз беттеріне де жарық көре бастады.


XVII-XIX ғасырда орыстың В.Д.Спасович, К.И.Арсеньев, К.Ф.Хартулари, Ф.Н.Плевако, А.И.Урусов, П.А.Александров, В.И.Жуковский, П.Я.Пассовер, С.А.Андреевский, Н.П.Карабчевский, А.Ф.Кони секілді сот шешендерінің ғажап пlyingасы шықты.

XVII-XIX ғасырдағы орыс риториктері дәстүрлі түрде құрамына сот шешендігінің негіздері қаралатын тарауларды қосқан. Митрополит Макарийге қарасатын (XVII ғасырдағы) «Риторикада» сот шешендігі келесі кейіпте айқындалған: «Род судебный есть же описует брани, как сопротивные двух суперников на суде речения», яғни «Сот тегі дегеніміз бұл балағаттарды суреттейтін, соттағы екі қарсыластардың бір-біріне деген сөздері». Осы «Сот тегінің» жанрлық әркелкілігі бойынша «риторикаға» «айыптау», «балағаттау», «кемсіту», «жала жабу», «бағындыру немесе кінәсін жеңілдету»-лер қосылған.

Сондықтан да XIX ғасырға дейін өз мөлшерінде белгілі заңгер-шешенді немесе жалпы айтқанда қаншалықты болсын сауатты заңгерді атауға мүлдем мүмкін емес. Өзгеше айтқанда соңғысы таңқаларлықтай жайт емес, егерде мысалға Петр дәуірінде қандай соттар болғандығын еске алсақ: «Өрескел адамдар, өрескел әдептілік нақты сотты әркім өзінікін айқайға салып бір-бірін тыңдамастан шулап жатқан базарға айналдырған».

«Барлық ынтасымен және орынды сыйымен» сотқа кедергісіз кіре беретін челобитчиктерге заң бекерге рұқсат еткен. Соттардың

өздері бір-бірін бересе борсаңдаған пілнеме, анаңмен қарғыс атқан ұры неме деп дауыстап балағаттап жататын.



Әрине, сот құрылысының сот нысаны сот шешендігінің спецификасын айқындайды. XIX ғасырдың бірінші жартысында декабрист М.С.Лунин айтқан: «орыс сот ісін жүргізуі түнекте басталып, үнсіздікте созылып, жасырын, көбіне әрекеттегі жақтардың бірінің келісімінсіз және зілдей қажетсіз қағаздармен аяқталады. Іс үшін сөйлейтін ақтаушылар жоқ, оқиғаны бекітетін алқа билер жоқ, ең маңыздысы сот билігіне ие болушыларды ұстап қалып, ағартып және бағыттаушы жариялық жоқ» деп көрсеткен.

19-шы ғасырдың 60-шы жылдарындағы реформамен жағдай толығымен өзгеріп, абзалы, XIX ғасырдың екінші жартысындағы земдік, крестьяндық және әскери реформалардан қарағанда ең қолайлы батыл шара болды. Сот реформасының бастамасы 1864 жылғы «Сот жарғысына» сәйкес құрылған сот алқа билері мен ақтаушылардың мекемесі болды. «Сот жарғысының» құрылуларының жылдықтар түрінің бірінде Ф.Н.Плевако «жарғылар судьялардың және прокурорлардың карьералары үшін емес, олар Ресейде шындықты орнату үшін» деген.

Ресейде сот реформасын енгізгеннен кейін бірқатар жарқын қызыл тілді сот шешендік саңлақтар тобы алға тартылды, олар: П.А.Александров, С.А.Андреевский, Н.П.Карабчевский, А.Ф.Кони, А.В.Лохвицкий, Ф.Н.Плевако, В.Д.Спасович, А.И.Урусов, Н.П.Шубинский және тағы басқалары.

Сот құқығының тарихшысы Г.А. Джаншиев «бірден жаңа таныс емес сот ісін жүргізу формаларын игерген және сот ісі мен соттық білімді жетілдіре алатын осыншама дарынды, білімді және адал

адамдар қайдан пайда болды» деп таңғалған.

Таза заңды аспектіні сөз қылмай сот алқа билерін, оның құқықтық спецификасы жөнінде келесілерді атап өту жөн: «...заң бойынша айыпталушыны қылмыстық істі жасағаның емес, істеген әрекеті үшін кінәлі ма деп сұрауымыз керек екенін ұмытпау керек».

Алқа билер сотында іс бойынша басты жағдайлар бойынша ең маңыздысы болып айыпталушының жеке басының мейірімді және жаман қасиеттерін, адамгершілік бейнеттерін және оның мұқтаждықтары мен сынақтары табылады.

Жалпы орыс сот шешендіктерінің тарихынан сот шешендерінің екі типі бөлінеді, олар: роционалдық тип (А,Ф.Кони, П.Н.Обнинский, В.Д.Спасович) және эмоционалдық тип (Ф.Н.Плевако, Н.П.Карабчевский, С.А.Андреевский) деп бөлді. Ф.Н.Плевако «Логика логикамен, бірақ дегенімен төрелікті адам жүзеге асырады және дәлелдеу әлі сендіру емес», бірінші кезекке сот сөзін тыңдаушыларға эмоционалдық әсер етуді алға тартқан.

Сөзсіз, көптеген риторикалық сот шешендерінің тәсілдерін тура аудару мүмкін емес. Дегенімен, бірқатар ерекшеліктер бар, бұл сол кездегі сот шешендіктерін сипаттайды, біздің күндерімізге дейін өз өзектілігін жоғалтпаған.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы заңгерлердің жоғарғы мамандық деңгейі сөзді сөйлеу, меңгеруіне, ауызша және жазбаша сөз сөйлеулердің шеберлігімен байланысты болған. Әйгілі заңгерлердің сөздері аяқталған көркем шығармалар есебінде қабылданды.

Осындай тақырыптағы «адвокаттық сөз шеберлігі» мәселен: «Құрметті алқа отырысының мүшелері, әлбетте ол қандай әйел болмақ еді, егер өзінің күндесін бауыздамағанда!» немесе «Құрметті алқа отырысының мүшелері, айтыңыздаршы қайсысың өте қатты қысылған кезде нәрестені терезеден тастамайсыздар?» және т.б., сот шешендерінің қарастырып жатқан сөз сөйлеулерінің нақтылығына, қарапайымдылығына және де айқындылығына төтеп беруі қажет, сөздің риторикалық көрнектілігінен бұрын логикалық дұрыстығы өте қажет дегенді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы сот шешендерінің ұнатқан әдіс-айлалары. XIX ғасырдың екінші жартысындағы сот шешендерінің ұнатқан әдіс-айлалары, яғни адамға деген сый туралы, адамгершілік туралы, заңның мағынасы туралы, моральдық қағидаттары туралы ой толғамдар.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы сот шешендерінің ең ұнамды тәсілдері - адамды сыйлау жөніндегі толғаулар, гуманизм, заңдарды білу, моральдық қағидат туралы болды. XX ғасырда-ақ жалпы орындар заңгерлердің соттық жарыссөз кезіндегі пайымдаулардың бастамасы ретінде қолданыла бастады. Алқа-билер соты кезіндегі соттық сөз шешендігін қабылдау жасампаздылығы

жалпы белгілі риторикалық тәсілді қолданудан, яғни көпшілікке шағымдану арқылы туындайды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ресей сот шешендігіне әртүрлі типтегі шешендер ұсынылды, олар: эмоционалды және дәртті Ф.Н.Плевако, логикалық ақылгөй А.Ф.Кони, тапқыр және философиялық ойлаушы В.Д.Спасович, романтикалық С.А.Андреевский, парадоксалды Н.П.Карабчевский және тағы басқалары болды.



**Адвокат Ф.Н. Плевако
(1842-1908)**

***Сот шешендігінің данышпаны
Ф.Н.Плевако***

Сот шешендігінің тарихында Ф.Н.Плевако ерекше орын алады. XIX ғ оның даңқы қоғамның барлық жерін баурап алды. Нақты сол туралы көптеген аңыздар мен тарихи оқиғалар сақталған. Көбісі Ф.Н.Плеваконы еңбек жолын өзінің білімдарлығы мен ізденімпаздығының, ісіне тиянақтылығының арқасында уәкілетті әділқазының көмекшісінен адвокаттық шеберлікке дейін көтерілді. Көз суырардай көркі жоқ, үні үңгірдің түбінен шыққандай күңгірлей естілетін, ал тіл тиегін ағытқаннан дүлдүл сойлы ділмарлығы, тапқыр ойлы шешендігі, әр сөзін айқын қолданып, қадап айтатын адалдығы жұртшылықты өзіне баурап, сана-сезімін біржола жаулап алатын ол ақтаушыға қажетті ең негізгі үш қасиет – «иландыру, тебірену, кешірім бергізу» тетіктерін еркін меңгере білген еді деп бағалайды әріптесі А.Кони.

Плевако ешқашан да соттағы ақтау сөзіне алдын ала жазып дайындалмаған, қандай сипаттағы дау-дамайға кез болса да «еңіске салса – төске озған, ертеден салса – кешке озған» ойға алғыр, сөзге жүйріктігімен тайпалып, кез келген іске заңдылық пен әділет алдында баршаның тепе-теңдігі туралы қағидат өресінен төрелік айта тұра, жосынды жазадан ізгіліктің, кісіліктің ғұрпын алға оздырған, ақтау сөздерінде қоғамдық жүйенің құқықтық-моральдық ұстанымдарын жегідей кемірген жемқор шенеуніктерді, ынсапсыз дінбасылары мен озбыр полицейлерді, қара халық, қалың бұқараны теспей сорып отырған жер иеленушілер мен өндірісті меншіктенушілерді аяусыз сынап, батыл әшкерелеген. Б.С. Утевский Плеваконы өзінің естелігінде былай деген: «әдемі айналыстардың, каскадтардың, қатты сөздердің, адвокаттың айлакерлік іс-әрекеттері мен тапқыш қылықтардың шебері деген.

Плевако - тектік заңгер. Оның стилі шын мәнінде ерекше болған, өзінің жіңішкелігінде таңғаларлық шиеленісті және ықпалды болған. Ол

сөз қатудың керемет тәжірибесін иемденген. Үшкір, ойлық, тапқырлық қарсыласының назарын аударма білу, тыңдарман аудармашыны салалы үлгілермен көміп тастау. Міне, осының бәрі Плеваконың сөз сөйлеуінде болған. Плеваконың бір замандасы оның тұлғасы туралы былай деген: «Ол эпикалық тыныштылығының шыңынан ең жоғарғы пафоспен лирикалық поэзиядан еркін өтіп кетуші нағыз шешен» деп айтқан. Плевако өзін тындап отырған тыңдармандардың нақты жүрегіне соққы бере алатын, адамның ойына келмейтін күш және адамдардың жүректеріне глаголдық от жағатын ақын жан.

Федор Плевако өзінің тәжірибелік заңтану қызметін Мәскеу округтық сотында концеляриялық құжаттарды ақысыз толтырумен бастаған. Кейіннен сенімді сот алқа отырысының мүшесі М.И.Доброходовтың көмекші лауазымына ие болды, ал 1870 жылдың 19 қыркүйегінде Федор Никифорович өзі Мәскеу сот палатасының сенімді алқа отырысының мүшесі болып тағайындалды.



Суретте: Федор Николаевич Плевако

Содан кейін-ақ Плевако фамилиясы әйгілі бола бастады, керемет адвокат туралы даңқ оның қашанда алдын-алып отырды. Федор Никифорович Плеваконың соттағы сомдаған сөздері тек қана жоғарғы заң оқу орындарын-дағы білімгерлер үшін оқулықтар емес, сондай-ақ Ресейдің әдебиеттік мұралық құндылығына айналды. Плеваконың соттағы сөз сомдай шығуының сипаттық ерекшелігі өзгермес эмоционалды ұстамдылығы, бекітімін логикалық түрде негіздей алуы және Қасиетті жазбаларды міндетті түрде айтып өтуі болып табылады. Плевако өзінің жұмысында Сот реформасының қағидаттарын толық мөлшерде іске асырып отырды. Оның айыпталушыны қорғаудағы шеберлігі, іске қатысушылардың мәртебесіне және дәулеттік деңгейіне тәуелді болған емес. Айыпталушы кінәсінің сатысы туралы талқы негізіне басты жолда

Ресей заңдарын қоя отырып, дегенмен Плевако, таза сенуші православ христиан есебінде, ешқашан адамдардың бір-бірінің алдында моральдық жауаптылығы бар екендігін айтуды ұмытпаған.

Ол сіздің сот алдында сөз сөйлеуіңіз қаншалықты қарапайым болса – соншалықты ол жақсы болады деген. Мәні жасырын, ұзақ құрамдықтан көрі қысқа бірақ көлемді айтылған қатым сөз тез қабылданады. Эзопты тіл жазбаша көрсетілімде жақсы, ал көпшілік алдында сөз сөйлеген кезде оларды кіші дозаларда қана рұқсат беріледі деп көрсетеді. Жай дәйектерден көрі кейіптер, салыстырмалар, метафоралар түсіну үшін қол жетімді келеді.

Аксиомдардың тізіміне қарағанда адамдар уақиғаларды тыңдағанды жөн көреді. Мұндай әдіс-айлаларды орыстың атақты адвокаты Плевако жақсы қолданған. Осындай бір сөз сөйлеуін В. Вересаев былай деп сипаттайды:

Кемпір құны елу тиын тұрмайтын қалбырдан жасалған құман ұрлап алады. Сол үшін де алқа сотында ісі қарастырылуға жатады. Кезекті ме немесе біреудің қалжыңына байланысты ма, кемпірдің қорғаушысы есебінде Плевако түседі. Прокурор плеваконың қорғап сөз сөйлеуін алдын ала жансыздандырып тастау мақсатымен кемпірді қорғауға айтылатын сөздердің барлығын дерлік айтып үлгереді: Байғұс кемпір, жан ашырлық жетіспеушілік, түкке тұрмайтын ұрлық, сотталушы аяушылық сезім тудырады т.б.

Бірақ, жеке меншік қасиетті, біздің барлық азаматтық тұрмыс жайлылығымыз дәл сол жеке меншікте тұр; егер біз соған қол сұқтырсақ, онда еліміздің жойылуына әкеп соқтырамыз сөзсіз деген екен.


Плевако орнынан тұрды: Өзінің мың жылдық ғұмыр көшуінде Ресей көптеген қиыншылықтар мен сындардан өтті. Печенектер жаулады, половцылар, поляктар. Жүз мыңдаған тіл көздер өтті оған, Мәскеуді жаулады. Барлығына шыдап, барлығының зардабын Ресей көтерді, бірақ одан ол күшейе түсті және сыннан одан әрі өсе берді. Бірақ енді, енді..... отыз тиын тұратын қалбыр құманды мына алдымыздағы кемпір ұрлап отыр. Мұны енді әлбетте кешіріңіздер, Ресей көтере алмас және бұдан ол әлбетте құрдымға кетуі ықтимал!»

Плеваконың нық саптанған, эмоционалды сөзі прокурордың салқын дәлелдерінен сенімдірек болды және осыған байланысты сот сотталушыны ақтады деп айтуға болады ма,. Бірінші адамның аузынан айтылған оқиғалар ерекше танымалдықты иемденеді, яғни шығып сөз сомдаушының өзінің басында болғандықты, немесе көзбен көріп қатысқан адамның оқиғалары туралы әңгімелер, жалпы «көрген адамның феномені» - өте күшті әдіс-айла. Сіздің айтқан сөзіңіз қаншалықты қарапайым болса, соншалық жасырын гипнозды әдіс-айлаларды қолданғаныңыз белгісіз болады. Ал бұл дегеніңіз тыңдарман аудиторияны жаулап алудың тікелей жолы. Мұндағы ең тез таралушысы, ол ондаған ақылға қонатын болжамдардан көрі, адамдарды өзіне тез тартушы тәсілдер, яғни трюизм деп аталатын әбден соғылған ақиқат. Бірақ, егер сіз біздердің

барлығымызға керегі бірақ нәрсе немесе сіздер өз жақындарыңызға жақсылық тілейсіздер ғой деген әншейін (баналды) типте айтсаңыз, сізбен барлығы да сөзсіз келіседі. Бұл енді аксиома: өйткені сіздің жеке пікіріңізге өзге біреудің пікірі жақын тартса, онда соны айтқан адам сізге жағымды келбетті болып көрінеді. Осындай жайтпен сіз тыңдарман залының сүйспеншілігін оңай жаулап аласыз. Енді артынша әншейін сөз және жалпы орындылық қатарында даулы болса да алдын ала өзіңізбен дайындалған сөзді де сомдап жіберуге болады. Сонда бәрі де шалынусыз және кедергісіз өте береді.

Тыңдарман дәрісхананы жандырып жіберуге, олардың түңіреңкі болмасы үшін, әркез бойы адамдарға қысқа-қысқа сауалдар беріп отыру қажет. Мұны, екі жақ келіспеушілік әдіс-айласын қолданып, оңай жасауға болады. Мәселен, «бұл сұраққа сіз меннен жауап күтесіз бе?. Ал осы жайт бойынша өзіңіз не ойлайсыз?» деп сөйлейсіз.

Өткір сезім – тыңдарман дәрісхананың белсенділігін оята тұрақтандырудың жиі қолданыстағы тәсілдерінің бірі. Парадоксты міндетті түрде қолданып, тыңдармандарға жиі-жиі қандай-да болмасын тітіркендіретіндей мәліметтер беріп отыру қажет.



**В.Д. Спасович
(1829-1908)**

**«Адвокатураның патшасы»
В.Д. Спасович**

В.Д.Спасович өзінің құқығы бойынша еңбегі сіңген нағыз алқа отырысының мүшесі болады. С.А. Андреевский өзінің естелігінде былай деген: «Барлық әкімшілік министрлер, сенаторлар және прокурорлар еріксіз томеннен жоғары қарайтын». А.Ф Кони Спасович туралы былай деген: «Спасович тек қана түбегейлі және дарынды өкіл есебінде емес сондай ақ өзінің іскерлігімен осы салада сот тұрақты ең терең назар қойылатын және зерттеуге қоятын әдіс-айлалар мен тәсілдерді алатын. Спасович Петербург университетінде заң факультетін бітірген соң ғылыми және педагогикалық қызметпен айналысты. Оның қылмыстық құқық және қылмыстық процесс, азаматтық және халықаралық құқық бойынша көптеген еңбектері басылып шықты. Оның өз заманындағы ең күшті қылмыстық құқық бойынша оқулығы бар. 1866 жылы адвокатураға түсті. Адвокат есебінде даңқы көбісінде атышулы процесстерде жариялы сөз сомдайтын. Спасовичтің еңбектері күнделікті газет журналдарда

жарияланып, жеке кітаптармен шығып отырған. Бірден бір танымал тұлғасы ретінде логикасы, анықтылығы болды.

В.Д.Спасович 1849 жылы Петербург университетінің заң факультетін тәмамдады. Оқуын аяқтағаннан кейін қылмыстық істер бойынша чиновниктер палатасында қызмет қылды. 22 жасында халықаралық құқық кафедрасы бойынша магистерлік диссертация қорғады. Педогогикалық жұмыстармен айналысты. Поляк жазушыларының еңбектерін орыс тіліне аударып отырған. Белгілі ғалым-тарихшы К.Д.Кавелиннің жақын досы болған, нақ сол кісінің нұсқау беруімен Петербург университетінің қылмыстық құқық кафедрасына жұмысқа орналасты. Қылмыстық іс жүргізу саласындағы өзінің белгілі теориялық жұмыстарымен дарынды криминалист Спасович орыстың қылмыстық құқық бойынша заманындағы бірден-бір күшті оқулықтардың авторы болды. Спасович білімгерлер арасында үлкен танымалдылыққа ие болған. Оның оқыған дәрістері білімгерлердің басым көпшілігін өзіне тартып отырды. Спасович қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу ғылымындағы немқұрайлы, «барымен базар» деген көзқарас жасағандардың тікелей қарсыласы болды, әмбе сонысымен университет басшылығының оны ұнатпаушылығын оятып отырды.

1861 жылы Петербург университетін, білімгерлер толқуына байланысты бір топ алғы шептегі ғалымдармен бірге тастап кетуге мәжбүр болды. Содан кейін адвокатурада 1866 жылдан бастап қызмет қыла бастады. Бірқатар саяси істер бойынша қорғаушы есебінде қатысты.

Бұл керемет эрудициялы, энциклопедиялық білімі бар, шешен, әмбе өзіне және жұмыс бойынша ұжымдастарына өте қатаң қарайтын, тарих пен әдебиетті түбегейлі білуші, үлкен сөз сипатын бере білуші суретші болды.

Спасович, қашанда өзінің ой-пікірлерін мұқият өңдеп алып отырды. Оның сөздерінде ешқашан дүрдиген, шақылдақ сөздерді кездестірмейсің, сөз қату стилі қарапайым, түсінікті, қисынды. Орыс тілінің байлығын ширақ және ұқыпты пайдаланып, өзінің сөздерін ол қашанда қатал логикалық тәртіпте құра білді. Спасовичтың сөзінің үлкен абзалдығы, ол оны сәтті жоспарлауында көрінеді, іс бойынша жиналған дәлелдерді мұқият саралауы болып саналады. Үлкен психолог бола тұра, ол дұрыс сарынды қашанда таба білген. Спасович сотталушы өзінің қылмысқа қатысы жоқтығын айтып отырған, сондай-ақ қылмыстың саралануы күмәнді болған жағдайда да немесе қылмысты жасағандық жоққа шығарылған жағдайда да бірқалыпты мықты болды.

Оның бірден-бір күшті сөздері – ол Нина Андреевскаяны өлтіруі бойынша істегі сөзі. Мұнда қорғап сөз сөйлеудің тәсілі мен әдіс-айлаларына дайындықтың үлгісін, істің материалдарымен шынайы ғылыми тереңінен танысып шығуды көруге болады. Бұл сомдаулары

адвокаттың сотта сөз сөйлеуге керемет дайындық жұмысын көрсетеді. В.Д.Спасовичтың сондай-ақ сотта сөйлеуінің медицина сарапшыларымен пікір-таласушылық бөлігі өзіне үлкен назар аудартады. Шешен арнайы медициналық танымдылығымен өте жақсы қаруланған. Сарапшылармен жоғары деңгейде ғылыми пікір-таластық жүргізу үшін, ол арнайы сұрақтарға арналған көптеген еңбектерді қарастырып шыққан. Осы пікір-таласта ол іс бойынша жинақталған көп сандық дәлелдік материалдарды игере алу үшін өзін жеткілікті дайын сезінеді. Кейбір жеке жерлерінде айтылған сөз ұзақ ырғақты болғанымен, бәрібір де сот дәлелдемесіндегі терең және мән-жайлық сараптың үлгісі болып танылады. Бұл сөз үлкен теориялық және тәжірибелік мүддеге ие. Ол жанама айғақтармен ерекше епті жұмыс жасауы туралы куәландырады.

Оның офицерге бағынбағаны үшін әскери сотқа берілген, аға фейерверкер Дементьевтің қорғауына айтылған сөзі психологиялық күшті болып табылады. Спасович істің барлық мән-жайы бойынша мұқият талқыдан соң, әділ-қазылар алқаларына назар аударып, керемет психологиялық аяқтама береді: «Еңбегі сіңген фейерверкерге, георгий кавалеріне қарап ол былай деді, - ...түріктердің атқан оғының алдында тұрғаннан бетер, бейбітшілік кезде өз армияның офицері алдында өмірің қиынырақ түсуде болды ғой рас па? деген екен.

Замандастары белгілегендей, сөзді бастай отырып, Спасович басында тыңдаушылардың көңілін қалдырғандай болады. Бірінші сөздерді ол ылғи да үлкен ішкі кернеумен айтатын. Шешен басында тұтықтанып, сөздері дүлей болып, даттары қиын туындап, құлаққа жағымсыз естілетін, бірақ бірінші минуттар өткен соң, ол сөздерін нық, нығыз, сенімді айтып дәрісхананы баурап алатын. Байқалған сөз-ақаулары жомарт, ашық кейіпті тілмен берілетін ой байлығымен жуылып кететін.

Өз өмірінің 40 жылын адвокаттық қызметке беріп, Спасович осы жұмысты әдеби және ғылыми қызметпен тіркестірді. Оның шығармаларының он томы білімнің ең түрлі-түрлі салаларына арналды.

Мұнда сондай-ақ құқықтың сауалдарына арналған зерттеулер және әдеби-таршылдық және публицистикалық мақалалар бар. В.Д.Спасовичті әдеби еңбектері үлкен дарын екенін және оның қызығушылығының көпқырлылығында айғақтайды.



А.Ф. Кони (1844-1927)

Әділет сотының патриархы А.Ф. Кони

А.Ф.Кони (1844-1927) сот әлемінде бірден бір алғы шектегі орынды алады. А.Ф. Конидің сот шешендік өнері оның прокурорлық қызметімен байланысты. Бұл туралы оның еңбек өтілімінің тізімі: 1867-1870 жж. Харьков округтік сотының жолдас прокуроры, 1871 ж прокурор, 1878 ж Петербург округ сотының төрағасы, 1885 ж. кассациялық сенат депутатының обер-прокуроры. «Қажетті қорғану құқығы» туралы 1865 ж кандидаттық диссертация қорғаған. Кони әділет сотына қызмет етуге жарты ғасыр өмірін берген. Прокурор Кони айыптау сөз сөйлеуінде айғақтарды сәтті топтастыра білген және саралай білген, оларға күмән тудырмаған. Конидің соттағы сөз сөйлеуі сондай түрде логикалық дәлелдемелік болып ажыратылады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында құқықтық тәлім-тәрбие саласында көзге түскен көрнекі заңгер әрі жазушы, сыншы А.Ф.Кони «шынайы гуманизм мен психологизм істі қарауға философиялық тұрғыдан келу, адамға деген ізет пен құрмет, мінсіз тіл шеберлігімен ерекшеленеді».

А.Ф. Конидің дарындығы көп қырлы: дарынды сот шешені, керемет лектор, атақты жазушы және критик, бірақ ең маңызды құқыққа қызмет ету. Судья этикасы туралы алғашқы болып айтқан А.Ф.Кони. Ол судьяның тұлғасын былайша түсіндіреді. Судьяның өзінің ішкі сендіруі үлкен маңызды болып табылады. Идеяның тұлғаға қатынасы туралы айтады. Бұл мәселе тек судьяда емес, тергеуде де кездесіп отырады. А.Ф.Кони ойын, судья үкім шығарған кезде барлық сәттерді саралай білуі керек. Алдын –ала іспен толыса отырып, материалға талдау жасай отырып, үкім шығаруы керек. А.Ф.Кони «барлық жағдайдың ішіндегі ең маңыздысы-қылмыскер тұлғасы. Ешқашан да сотталушы сабырлы күйде болуы мүмкін емес. Ол қиын, ұзақ апталар мен айларды жалғыз бастан өткереді, өзі үшін де, туысқандары үшін де ұялады- айыпталушы орнында отырған тұлғаға судья сөзі қатты әсер етеді, кейде қатты қорқады. Сондықтан судья сабырлы түрде баяндауы керек, оның даусында кекету немесе күлкі ету толығымен жоқ болуға тиіс» - дейді. Судья өзінің сезімі, ойларымен, қағидаларымен үкім шығаруына болмайды және мынадай өткел «мен былай істегім келеді» деу орынды. Судья үкім шығарған кезде бір қана сұрағы болады «Менде бұдан басқа амал жоқ». Судья үкімінің түбінде тек логикалық ой қана емес, міндет жатуы керек. Өзінің ішкі сезімін сендіру барысында күмәндану пайда болады.

А.Ф.Кони айқындау арқылы күмәндануларды жеңе білуге болады дейді.

А.Ф.Конидің пікірінше, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, орыс айыптаушысының және орыс қорғаушысының белгілі-бір айқындалған үлгілері пайда болды. Біріншінің негізгі сипаттары – «сабырлық, сотталушыға қарсы жеке ызаландырушылығының болмауы, ынтызарлық және істің деректерінің бұрмалаушылығын тудырмайтын, айыптау әдістерінің жағымдылығы және соңғы маңызды айта кететіндігі, дауысында, сот үстіндегі өзін ұстауындағы, қолмен сілтеп (жест) сөйлеуіндегі, қырсық қылжақбастықтың мүлдем және толық болмағандығы».

Мінсіз қорғаушыны А.Ф.Кони келесі түрде бейнелеп сипаттайды: «Ол өзінің клиентінің құлы да емес, сот әділдігінің тықырауынан қашып құтылуға ұмтылушының көмекшісі де емес. Ол өзінің пәк ойынша, толық кінәсіз немесе басқаша және басқа кінә үшін кінәлі, қалай және не үшін оны кінәлап жатқан адамның досы, ақылшысы».

Соттағы сөз, сотқа деген бағыт мақсатты және тиімді әсерді тудыруға шақырады, соттың және сот мәжіліс залында қатысқан азаматтардың сенім пікірінің қалыптасуына әсерін тигізеді. Әдетте прокурорлық (немесе айыптаушы) сөз және адвокаттық (қорғаушының сөзі) деп бөлінеді. Дарынды орыс заңгерлерінің соттағы сөздері терең психологизмге толы, өйткені шешендер алқалы мәжіліскерлерінің және тыңдаушылардың сезімдеріне деген әсерлі ықпал етуге тырысқан. Бүгінгі күнде соттық сөздің психологиялық сарабына қарағанда, дәлелді айғақтау тарабы едәуір үлкен мағынаны иемденеді.

Сот процесі - азаматтық және қылмыстық іске байланысты барлық материалдарының зерттелуі, солармен байланысты, ақиқатты іздеу мән-жайлығындағы болып өтетін, процессуалдық оппоненттердің пікір-таластық күресінің аясында болып жатады.

Оның ақырғы мақсаты - әрбір қылмыс жасаған адам әділ жазаға ұшырауы және әрбір жазықсыз адам жауапқа тартылмауы және сотталған болмауы үшін заңды және мұқият талданған үкім шығару. Анықтау, дәлелдеу, жеткізе білу - **сот риторикасының** нысаны мен мазмұнын анықтайтын үш іліктес атқаратын қызметі.

§ 5. Жалпы және жеке риторика.

Сотта дискутивті-полемикалық сөздің аясында қатысудың оңтайлануы

Бесбөліктік түрде бөлу (грек-римдік дәстүрлі-классикалық үлгілер Аристотель, Тулий Марк Цицерон, Марк Фабия

Квинтилиан) соттың дискутивті-полемикалық сөздің аясында қатысуды оңтайландырады: негізгі сөздің әдістері және тұрпаттары, Ресей ғылыми ұламалар тәжірибесі (М.В.Ломоносовтың өсиеті, Н.Ф.Кошанскийдің риторикасы және т.б.).

XIX ғасырдың басында жалпы риторика және жеке риторика деген ұғымдар пайда болды. Бұның себебі немен байланысты? XIX ғасырдағы Ресейдегі шешендік сөз теориясы өнер ретінде қарастыратын шешен сөздің заңдылықтармен айналысатын ғылым болып табылатын. Бірақ бұл заңдар не барлық ауызша және жазбаша шығармаларға жалпы немесе әрбір жеке түріне және жекеше қарайтын. Сондықтан риторика жалпы барлық шығармаларға тән ортақ заңдарды және жеке, әрбір шығарманың жеке ерекшеліктерін зерттейтін, соның ішінде ауызша сөйлеп шығушының ерекшеліктерін түсіндіретіндерге бөлінді. Мәселен, жалпы риторикаға түсіндірудің затына сай келетін стильді қарастыру жататын: жоғарғы туралы жоғары стильде айтылатын, төменгі туралы – төмендетілген; жеке риторикаға – ресми қағаздарды құрастыру жатады.

Ежелгі Грекиядағы сот шешендік өнері.

Аристотельден бастау алған *жалпы риторика* келесі бөліктерден тұрады:

сөз шешенінің (оратордың) бейнесі;

өнертабыс - сөздің мазмұны;

композиция - орналасқандығы;

сөздің эмоциялары;

сөздің стилі (сөз түсіндірушілік және сөз айтылуы)



Шешендіктің - өзіндік риторикалық, тәжірибенің және ғылымның отаны деп - ертедегі Грекияны есептеуге болады, бірақ шешендік өнерді Мысырда, Ассириде, Бабылда, Үндістанда да білді. Дегенмен де ежелгі Грекияда ол жылдам дамыды, арнайы ғылымның нақ риторика теориясы секілді жұмыстар алғашқы рет осында жарыққа шығып көрінді. (Аристотель, Платон, Горгий, Пратагор, Исократ, Фрасимаха еңбектері және т.б.).

Осы дәуірде (V ғ. б.э. дейін IV ғ. б.э.) осы елде неге риторика биіктерге жетеді, өйткені демократиялық мемлекеттік құрылғы ерекшеліктері қажетті шарттарды және оның

гүлдеуіне қолайлы атмосфераны жасайтынын атап өту қажет. Ауызша сөз қоғамдық өмірдің маңызды және жарық кезеңі болып табылады және саяси күрестің құралы ретінде алдыға шығады. Мемлекетте жоғарғы органмен халық жиналысы болды, сонда саяси қайраткерлер тікелей қатысты. Демос (халықтың) назарын тарту үшін, ең шешен адамдар өз ойларын тартымды айтып беруге тиісті болды, сөйте тұра өз дұшпанының дәлелдерін жоққа шығару да керек болған. Осыған ұқсас жағдайда сөйлеудің өзіндік мазмұны қана емес, формасы (нысаны) және сөйлеу өнері аз роль ойнаған жоқ. Деметрий Фалерский өз сөзін былай бекітті: «соғыста темір қандай құдіретке ие болса, саяси өмірде сөз сондайға ие болады». Горгий – теоретик және сот шешендігінің практигі – ол мынаны көрсетті : «сөз ұлы төрелікке ие, өзі өте аз болса да, өте керемет істерді іске асырады. Ол өйткені үрей қуа алады және қайғыны жояды, қуаныш әкеледі, қайғыға ортақтасуды оятады.


Ежелгі Гректің саяси және сот шешендерінің өте жоғарғы сөз мәдениеті шешен (оратор) өнерінің саласында көбіне теориялық жұмыстар жасаумен анықталады, бұл әлі күндерге дейін өз мәнін жоғалта қойған жоқ, тіпті мұндай сөзді шешеннің сөйлеу техникасымен сұрақтардан байқауға болады.

Шешендік өнердің көптеген сұрақтары алғашқы рет Ежелгі Грекия риториктердің теориялық жұмыстарынан қарастырған: сөзбен сендіргіштігі, шешен мақсаттары, сөздерді топтастыра алу және басқа сөздер. Дәл осылай, Аристотель риториканы сенім өнері ретінде анықтады, өйткені шындық, ақиқат жеткіліксіз болған жағдайда ықтимал жасай алатын осы тәсілді қолдануға болатындығын көрсетті.

Сөз құдіретіне ие болу құштарлығы әрқашанда болады, бірақ оның мәні өте-мөте өтпелі кезеңдерде, демократияның саналы дәуірлеу тұсында артады. Мұның тарих тағылымындағы айғағын шешендік өнердің гүлдену дәуірлерінің көне грек және рим елдерінің шарықтау дәуірімен, қайта өрлеу кезеңімен (эпоха ренессанс), Франциядағы XVIII ғасыр, Ресейдегі XX ғасыр революцияларымен, қазақ топырағындағы XV ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейінгі егеменді мемлекет, ел болу кезеңдерімен сайма-сай келуінен көреміз. Антикалық шешендік өнер қақындағы алғашқы толыққанды мәліметті бізге Перикл дәуірі (б.з.д. V ғ.) береді. Перикл даңқты мемлекет және саясат қайраткері бола жүріп адамдарды сұлу сөзбен ораған шешен ретінде бөленді. Бұл кезеңдерде шешендік сөздердің теориясы мен шешендік өнер ілімі пайда болды. Оның негізін Коракас, Лисий және Горгий салды. Коракас шешендік өнерге «Шешендік дегеніміз – сендірудің қызметшісі – деп анықтама берді. Көне Грекиядағы софистер (б.з.д. Vғ.) шешендік өнердің нағыз шеберлері болды. Олар әртүрлі көзқарасты тұтынушылардың арасында сөз сайыстарын өткізіп, сөз құдіретін танытатын тапқырлық сайыстарында сынасты. Софистер өздерінің теориялық және практикалық сабақтарының

мақсаты жастарды қоғамдық шынайы өмірге дайындау деп түйді. Сондай-ақ олар шешендерді (кәсіби шешендерді) дайындады. Софист Горгий алғашқы шешендік өнер туралы оқулықты да жазды. Софистік ағымның көрнекті өкілдерінің бірі – Сократ.

Сократ ғылыми трактат жазып қалдырмаған. Оның философиялық ой-тұжырымдары Аристотель мен Платон еңбектерінде көрініс тапты. Сократ даналық сөздерін көшеде, алаңда жиын-топқа сөйлеп, айтып отырған. Сократтың тәсілі - асқан шеберлікпен табылған сұрақ-жауап арқылы қисынды әңгіме-дүкен құру, сөйтіп күрделі, ғибратты ойлар өрбіту болды. Осыған мысалдардың бірі ежелгі грек философы, шешені болған ғанибет тұлға Сократтың осы ғылымды алға жылжытудағы еңбектері, өмірі және керек десеңіз өлім алдындағы сөздері жарқын үлгі есебінде бүгінгі ұрпақтарға қалып отыр.



Ритор есебіндегі Сократ (469-399 жж б.э.д)

Сөзді сөйлеуді жарататын кез-келген адамға, сөзін босқа жібермес үшін тыңдармандарға қалыптаса білгені жөн.


Сократ өзінің ақыл ойымен және моральдық позициясымен риторикаға да, софистикаға да әсер ету арқылы ақылгөй адам есебінде ежелгі грек тарихында қалды. Ол өзі туралы қалаға ұсынылатын сондай адамның рөлін таңдап алып былай деп, /жылқыға қонған шыбын секілді, үлкен және құрметті, бірақ тойымшылдықтан әбден жалқауланып кеткен әмбе өзін сол қала тұрғындарына сәйкестендіруді сұрайтын /түрінде сипаттайды. Сократ өмір бойы қала азаматтарына өздерінің жанашырлары туралы айтып, солар туралы ойлау керектігіне шақырған. Жанашырлық канонына ол келесі, әділеттілік, адамгершілік, батылдық, сабырлық, ізгінамыстылық секілді әдептілік сапаларын қосқан. Сократ адамның өзінің жүріс-тұрысының мөлшеріне бағаны келтіре білді.

Сократ өзі саяси полемикасымен (грек тілінен аударғанда – әскери, дұшпандық) және эстетикасымен (грек тілінен аударғанда дауласу, жарысу) тәжірибелік риториканы байыта білді.

Соттағы дауларда әркім даудың көмегімен ақиқатқа жетуге, ал нақтырақ айтқанда сондағы екі жақ қарсыластардың ой-пікірлерінің қақтығысуы арқылы дамуымен және әркімнің өз пікірлерінен қайтпау сұхбаттары түрінде өткен. Ол кезде сөз диалектикасының да

мағынасы болды /«сұхбат»/, немесе сөз ойыны секілді сұхбаттың көшіп-қону нысанында ойлана білу секілді. Осындай жолдармен философтар және ұстаздар есебіндегі софистер қызыл тілділікте виртуозды сөзбен ақыл-ой ойынына жетіп, сондай-ақ ақша тауып, даңқа бөленіп, Отанға және азаматтарға деген ізгілікке ие болып отырған. Ал Сократ болса, ол да софист, бірақ бөлек болатын, ол өзінше ақиқат пен ақылды іздеген. Одан да бетер софистерден алшақ кеткен Сократтың шәкірті Платон болды, ол сондай-ақ софистердің ең басты қарсыласына айналды.

Сократ эристикасының негізгі белгісі есебінде (ирония) кекету болды, (грек тілінен аударғанда-әумесерлену, сайқылану деген сөз) – жасырын күлу, ештеңе білмейтіндерге сайқылық көрсету, сұхбатанушыны білмейтіндігімен ұстап алу секілді. Сократтың, кекетуі, өз сөзін жоққа шығара бастамай жатқанда қарсыласын тапқыш сұрақтың жүйесімен тұйыққа айдап кіргізуінен тұратын.




Бірақ мұны ол жаманшылықпен емес (/«көрінген жамандықты, мен ұятты деп атаймын /»-/«Горгий») керісінше, жайдары, әңгімелесушіні өкпелетіп алмайтындай және оның бұрыс ойлайтындығын көрсетіп келтірген. Сократ: / мен сендермен бірге ізденушімін, егер кім, менімен дауласа отырып, дұрыс айғақты тапса, мен онымен бірінші болып келісемін - деген (/«Горгий \»).

Сократқа әңгімелесу үшін бастысы болып - әңгімеде және сөзде алдыңғыдан келесі туындайтындай, логикалық ұстанымды сақтау болған. Лисияның бір тамаша сөз қатуын саралай отырып Сократ, / «бұл сөзде барлығы астын-үстін тасталған, ол өзінің пайымдауының басынан бастап ағылғанына емес, керісінше арқасымен теріс аққанына тырысқан. / «Сократ, көрінген сөз тірі зат секілді құрылуға тиіс, оның денесі мен басы, аяқтары болуы керек, әмбе денесі аяқ-қол, бастары бір-біріне бір бүтін сияқты шақ болуы керек деп есептеген («Федр диалогы /»). Сократты мүлдем түсінбестен, шын мәнінде болмаса да,

оны нақақтан-нақақ құдайды терістеді және жастарды азғындатты деген кінәмен өлім жазасына кесті. Сокарт одан жалтармады, себебі өйтіп жасаса ол өздігімен қалмас еді де, қолына берілген уды батылдық көрсетіп ішіп жіберді.

Өлер алдында Сократ удың пиаласымен тұрып, қылмысты әділқазылар алқаларына қарап өзінің /«сократтық»/ мақамымен сөз қатты: /«*Мендегі үлкен үміт, әділқазы алқаларым мені ажалға жібере отырып, сіздер ізгілік іс жасайсыздар. Өйткені екiнiң бiреуi қана болады немесе ажал толығынан менi сезiмнен айырады немесе ол менi өзге жерге көшiредi. Егер ажал адамдағы барлық сезiмдi өшiрсе, онда өлу дегенiңiз қандай бақыт, Ұлы құдайлар! Нелiктен бұл түн ганибет едi! Және жанымның да өзге дүниеге көшүi ганибет. Ал әдiлетсiз соттарда нақақ сотталған Паламеда, Аянта және өзгелердi кездестiру мен үшiн қандай қуаныш болады десеңiзшi және Сизифа, осы менiң сұрақтарым үшiн нақ осы жерде болғандай өтемеген болар едi. Әмбе сiздер де, әдiлқазылар, менiң ақталуым үшiн дауыс бердiңдер, сiздер де ажалдан қорықпаңыздар. Ешқандай да жақсы адамға тiрi кезiнде де, дүниеден өтiп кеткеннен кейiн де, ешқандай жаманшылық қауiп болмайды, сондай-ақ оның iсi ажалсыз құдайлардан өтiп кетпес және менiмен болған жайт, кездейсоқ емес.*

Мені айыптағандарды да, соттағандарды да мен кінәламаймын, тек өкiнiштiсi болып, олардың маған жамандық жасап жатырмыз деп ойлағаны қана. Алайда бiздердiң тарқағанымыз жөн, маған өлу, ал сендерге өмiр сүруге кетулерiң. Ал осы екi тағдырлардың қайсысы жақсы екендiгi тек құдайларға мәлiм, ал адамдар мен ойлағандай, ештеңе де бiлмейдi/ – деген екен.



Сократ ұрпақтарға үлкен скептик түрінде есте қалды. Өзінің уақытының дана адамы бола тұра, ол /« **Мен білемін, ештеңе білмейтіндігімді** »/ деп айтуға қорықпады. Тек Сократ қана адамды

оның тілінен тануға болады, тіл адамның зияткерлік (интеллектуалдық) суреті деп қанатты /«Менің сені көруім үшін сөйлеп көр»/ нақыл сөзге (афоризмге) сыйғызды:

Замандастарының естелігінен белгілі болғандай, Сократ кедей, аяқ киімі де жоқ, жалаңаяқ, жұпыны кеткен жарлылардың киімін киіп жүріп, оқытқан адамдарынан ақша алмайтын адам болыпты. Ақы алған оқытушы, оған кім ақша төлесе соған ләззат сыйлаушы салдақы әйелді есіне түсіретін. Сократ ақы төлеуші шәкірттерге босқа уақытын жібергісі келмеді, ол кімде талап болса, сонымен қана сұхбаттасты, /« жан толғамы барлармен »/және кімнің рухы мен ой талғамы /« жұмыс »/ істегендермен. Міне осындай адамзат тарихында ғажап риторлық өнері бар тұлғалар өмірден өткен. Сондықтан да олардың бейнелерін әлі күнге дейін үлгі есебінде тұтып, олардың айтқан сөздерін, жүріс-тұрыстарын бүгінгі күндегі сот шешендерінің риторлық тәсілдеріне талап-ереже етудеміз.

Софистердің риторика ғылымына сіңірген еңбегін әдебиетші ғалым былайша бағалайды: «Олар риториканы-шешендік, *эвристиканы*-тартыс өнері, *диалектиканы* - дәлелдеу өнері дәрежесіне жеткізді» - дейді.

Шешендік өнер теориясына айтулы үлес қосқан грек философтары: Платон мен Аристотель болды. Платон шешендік өнердің пәні мен мәнін: «Шешендік - сендірудің шебері, оның маңызы мен мақсаты осында» - деп анықтайды.

Шешендік өнер теориясының бүтін бір дәуірін тудырған атақты грек ойшылы, алыптардың алыбы, жаратылыс, логика, этика, психология, педагогика, тарих, саясат, эстетика ғылымдарының түп-тамырын қозғап зерттеген Аристотель шығармашылығы.

Шешендік өнер табиғатын жасай отырып, Аристотель риторика пәнінің ауқымын өзіне дейінгі бұл мәселеге қатысты көзқарастармен салыстырғанда кеңейте түсті. Аристотельдің айтуынша, риторика жекелеген пәннің арнасында қалып қалмауы керек. Ол сендірудің құралы мен жолдарын шартты түрде барлық пәндерден таба алады. Осы қасиетімен ол дәрігерлік, арифметика, геометрия т.б. арнайы ғылымдардан ерекшеленеді. Шешендік өнердің жалпылық мәнін, мақсатын тиянақтаған соң, Аристотель шешеннің мақсатқа жету жолында нені меңгеру керек екендігін үйретеді.


Шешеннің сөйлеу барысындағы нандырудың амалдарын қарастыра отырып, Аристотель өзінің «Риторика» еңбегін үш бөлімінен түзеді.

Бірінші бөлімде шешеннің тыңдаушыларын тыңдауға мәжбүр ететін қағидаттары сараланады.

Екінші бөлімде тыңдаушының сеніміне кіріп мақсатқа жету үшін қажетті шешеннің жеке бас қасиеттері мен ерекшеліктері сипатталады.

Үшінші бөлімде Аристотель шешендік өнердің техникалық жақтарын сөйлеу процесінде пайдаланатын ойды жарыққа шығарудың амалдарын, сөйлеу мәтіндерінің құрлысын қарастырады.

Ол сөйлеудің алғы сөз, әңгіме, дәлелдеме, қорытынды секілді төрт түрлі бөлшегін бөліп көрсетіп, әрқайсысының нандыруға, сендіруге қажетті маңызын жан-жақты негіздейді. Мұны кезінде ежелгі грек шешендерінің қатарындағы Демосфен де құптайды.



Демосфен (б.з.д. 384-322 жж.).

Көне Грекияның тағы да маңдайалды шешендерінің бірі – Демосфен (б.з.д. 384-322 жж.) Құл иеленушілік дәуірдің өкілі, демократиялық құрылымның қорғаны болған адам. Оның Македонияның үстемдік әрекеттеріне қарсы дербестік үшін болған Афина күресінің тұсындағы саясат шешен сөздері, әсіресе, антимакедониялық партияны басқарған кездегі және оның

Македония патшасы Филипке қарсы айтқан сындарлы сөздері тарихта қалып, тағылымдық сөздердің қатарына енді.

Шешендік өнер Демосфен өмірінің мәні болды, ол оны өнердің ұстазы етіп аталмыш шығарды.

Ол қажырлылық пен үлкен еңбектің арқасында өзін-өзі қайта туындатты, әлем шешендерінің эквивалентіне айналды. Демосфен сөйлеу мен оның техникасын қажетті шегіне жеткізді. Ол өзінің болмысы арқылы Цицеронның «Ақын болып жаралу керек, шешендер жүре келе қалыптасады» деген аталы сөзін дәлелдеп шыққандай. Ал бұл қағидаттың қазақ даласындағы көрінісін бабаларымыз «көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады» деп ұлағатты оймен өрнектеген. Демосфен өз өнернамасында сұрақ-жауап әдісін кеңінен пайдаланған. Осылайша, сөздің драмалық қасиетін күшейтті. Ол нақтылы дерек көздерімен сөйлеген, ойды түсінікті, еркін баяндаған. Сөйлеудің техникасын еркін меңгерген ол тыңдаушы алдында мың сан қозғалысқа түскен. Демосфен сөздері сөйлеу мәнерімен туған. Қарапайым және көтеріңкі пафоспен (екі стильде) келеді. Ол осы екі стильді де еркін игерген. «Демосфеннен 170 қолжазба» біздің дәуірімізге келіп жетті.

Ертедегі Грекияның ең көп таралған жанры сот сөз сомдаулары болды, сонымен қатар сот сөздеріне саяси және салтанатты сөздер үлгі болып саналды. Ежелгі грек өміріне сот

үлкен орын алғанымен, қазіргіге аз сенделіп жүрді. Айыптаушы ретінде әрбіреуі шыға алды, бірақ айыпталушы өзін-өзі қорғауы қажет болған. Айыптаушы сөзі нақты айып тағылған жерді көрсетіп тұрған, арыздану себебінен көрінген, осының нәтижесінде айыптың абстрактілі орны дәлелденіп, жасалып отырды. Соттың өзі көптеген құраммен ерекшеленіп отырды. Мысалы, афиндік өкілеттік ант беруші соты (гелиэ) қылмыстық істерді қарастырды, оның отырысында 501 сот өкілдері қатысқан. Әрине, айыпталушы өзінің кінәсіз екендігін сотқа дәлелдеумен болады, аяушылық танытуын сұрайды, өз жағына соттың көңілін бөлуге тырысады. Логикалық дәлелдемелер күшімен ешқандай үміт артпаса да, ол қандай да болсын тәсілмен сезімге әсер етуге тырысты. Осындай мақсатқа болмас тәсілдер қолданылды. Егер айыпталушының отбасы бар болған жағдайда, ол өз балаларын сотқа әкеліп, сотты өзін аяушылық танытуына жалынды, егер айыпкер соғыс жауынгері болса, ол кеудесін ашып соғыстан қалған тыртықтарын көрсететін, егер айыпталушы ақын болса, ол өз өлеңдерін оқитын. Сондықтан ежелгі грек риториктері осындай оғаш көрінетін, егер оларды сол кездің заңымен бағалайтын болсақ: «сот өкілдері мен айыпталушы бір адам болса, сендіру үшін өте көп көз жасты төгуге және мыңдаған аяушылықтарды танытуға тура келеді»-деп жазған (Платон).

Әйтеуір, шатасқан сот құқығы жағдайымен ежелгі Афина қаласында соттасу оңай болмайды, өйткені барлығы бірдей тыңдаушыны өзіне қарататындай сөз дарынына ие емес. Сөйлеген адамның тағдыры тек қана соттағы сот өкілдерінің тыңдаушылардың өзінің кінәсіз екендігін айтып жеткізуіне байланысты болған. Ал сот өкілдерінің дарыны өз қамқорлықтастықтарына қай жерде айыпталушы дұрыс екендігін, қай жерде бұрыс екендігін ажырата білуінде. Сондықтан көбіне сот өкілдері, ретінде шешен адамдарға сүйенген болатын. Бұл адамдар істің мән-жайына құлақ түріп, сөз сөйлеу үшін ақша талап ететін, ал өз клиенттеріне сотта барлық мәліметтерді жаттап, ауызша айтатын. Осындай ойлап шығарушыларды логографтар деп атады. Логограф жағдайы оңай болған жоқ: ол өзінің авторлығын көрсетпей жасыра білді, клиент стиліне қарай барлық сөзін айта білді. Сөйлей алмайтын адамның сөзі өзі айтып тұрғандай болған. Оратор мақсаты дауды көтеру немесе кемітуді біржақты тырысуы болды. «Александрға деген риторика» атты кеңес кездейсоқ емес: «онысы шын сияқты, тыңдаушы ақылында еске түсіру жанында дайын үлгілері тұрады». Адамдарға қарсы айыптаушылық сөзде шын дәлелдерді қолданатын болсаң, сол адамның бұрын да сондай іске барғанын дәлелдеп шық. Ол іске бармаса да, соған ұқсас іс жасағанын дәлелде. Ол адамға осылай істеу тиімді болғанын дәлелде. Өйткені көптеген адамдар өз тиімділігін ойлайды және бөгде адамдардың қамын да ойлайды, сондықтан да олар осындай істерге барады. Егер өз қарсыласының

ықтималдылығын тапсаң, оны осылай жина. Ал егер таппасаң, дәстүрлі түрде ұқсас кеткеніңе сілте - деп көрсетілді.

Ежелгі Грекияның атақты логографтары, белгілі сот шешендері болған - Демосфен, Лисия, Коракас, Исократ. Бірақ Лисиямен дайындалған сөзі (445-380 жж. жуық біздің э.д.) сотта сөйлеудің ең жоғарғы нүктесіне барады. Ол сот сөзінің негізін қалаған 400-ге жуық сөз жазған, осының 34-і сақталған. Лисияның басты сөзіндегі табысы клиенттің бейнесін шындық ретінде, оның мінезін нақты сипаттай алуында. Әрбір сөйлеуші өзін аңқылдық, айтыс-тартыстарда сынамаған, өзін адал және ақкөңіл адам, мемлекеттің алдында зор еңбектері бар екендігін айтады. Осыған орай олардың сөйлеу тілдері «қарапайым стилде» болып табылатын. Лисияның ең бір сүйікті тәсілі ретінде-типизация түрі болатын, ол оңайлықпен мақсат қоя алатын, қарсыласын соттағы іске байланысты емес, оның жеке өмірі мен оның шыққан тегін де қопарып шығатын. «Агоратқа қарсы» сөзінде Лисий Агораттың теріс қылықтары деректеріне сүйене отырып, тұрақтылық сызығын қоса береді, бұл айыпталу- шының айыпталу дәлелін күшейте түседі: *«...Агорат өлім жазасына қиған сыйлы адамдары осындай екен, өз отанынан қашырып жіберген, ал өзі қандай адам? Менің айтайын дегенім, біліп қойыңыздар, құл тегінен құл шығады, сондықтан осындай адамдардан зиян келеді. Оның әкесі Евмар деген кісі болған, бұл Евмар Никокл мен Антиклдің құлы болған... Содан кейін, өзінің осындай тектен шыққанына қарамастан, заңсыз байланыстар жасаған және басы бос әйелдермен көңілдес болған. Ол қылмыс жасаған жерден ұсталған, сондықтан оған жаза-өлім жазасы» қолданылады деп сөзін аяқтаған.*

Лисиямен дайындалған барлық сөздердің сотта сөйлеудің барлық ережелеріне жауап беретін құрылымы болған, олар:

- 1) тыңдаушылардың мейірбандылығын және назарын аудару мақсаты, кіріспе;
- 2) сөйлей алу мазмұны, барлық істің жағдайларын жасау, қазіргі заңды тәжірибеде істің фабуласы деген ұғыммен анықталады;
- 3) қарсыластың дәлелдерін жалған екендігін анықтау және өз пайдасына келтіру;

Софистиканың кейбір шабуылының арқасында және ежелгі грек риторлардың айыптаудың жалған екендігінің әртүрлі тәсілмен талқылау бір жағынан дау болып келеді: «Дауға қарсы жүру, бұл белгілі бір адамға зиян екендігі не мынаны жоқ немесе не мынау тап осы беттердің артынан зиянсыз ; не мынау еш дәл осылай маңызды емес немесе ұяттысыз немесе ана мөлшерлерде бола алмайды, қандайлар да оған қосымша жазады. Тағы да әділетсіздікке түсуді айта отырып, ауыстырғанға бір нәрсе береміз немесе бұл зиян болса, бірақ бұл жақсы болса немесе қайғылы болса, тағы сол сияқты; «Үшінші тәсілге жасалған әрекеттің қателі түрде жасалғаны жатса, немесе қайғылы жағдаймен болғаны немесе қажеттіліктен болғаны

туралы бекіту жатады». Жалпы сөздің қорытындысы 4-ші тармағымен тұжырымдалған.

Ежелгі грек риторика ғылымына негізделі отырып адам өркениетінде алғашқы азаматтық республикасын құрған, философия, мемлекеттік құрылыс және өзге де бағыттарда ғылымды дамыту деңгейі шегінен тыс кеткен риторикалық өнердің жоғарғы сыныбында, ежелгі Рим (Үрім) мемлекеті болды.

Ежелгі Римдегі сот-шешендік өнердің жалпы ұғымы.

Римнің мемлекеттік өмірлері (III ғасыр б. э. дейін- б. э. II ғасыр) әсіресе заңгерлердің орны өте көрінетін болған. Нақ мынаны осы дәуірде сот процесі түрі, екі жақтардың белсенділікпен сипатталған толық дамуын көрсетеді. Сот форумда жүрді, сот төрағасы мінберге орналасқан (трибунал). Әртүрлі жақтарда айыпталушы қорғанушы және айыптаушымен болды. Айыптаушы (оларға кез келген рим азаматы бола алатын) дәлел сотына өзі дерек, дәлелдер жинап әкеледі және куәгерлердің келуін қамсыздандыруды өз жауапкершілігіне алатын. Римдік классикалық құқыққа, өзіне үйлескен жоғары дәрежеде айтылу техникасының жалпы нормалары, нақты және дәлдік қалыптастырулары, шешімдердің негізі, дамыған шешендік өнердің талабына сай болды. Ертедегі Римнің құқықтық нормалары көптеген орынды, нақыл сөздердің мінез-құлығына ие болды: қырағылар үшін құқықтар жазылған; заңдар білу - олардың сөзі үшін ұстану емес, бірақ олардың күшті және мағынасын түсіну; дұрыс жауап бермеу, кеңестер немесе істің шешімін табу, заң барлығы емес, тек қана қандай да болмасын оның бөлімі.

Ертедегі Грекияда, сөйлеу өнері бұдан жұқа тәрбиелеу жүйесіне: бірінші кезеңінде пішінмен әдебиет мұғалімі болды, грамматика, екіншіде - мұғаліміне, риторикаға оқу содан соң келе жатты. Шешендік өнер теориясынан және жаттығулардың тәжірибесінен салынды, отырғандардың тарихпен берілген тақырыпқа сөз сомдаулардың құрастырушысында, мифологияның, әдебиеттің немесе қоғамдық өмір облысынан салынды. Жаттығудың бірнеше түрі болды: ойдан шығарылған тақырыптарға сөйлеулер, ойдан шығарылған соттың шатақты - өсек айтатын сөздері, мінез-құлық таңдауында қандай болмасын айналысқандары, осындайлар жанында шешендік өнермен тек қана рим ақсүйектері лайықты болып отырды.

Ежелгі Римдегі шешендік өнердің теориясы

Ертедегі Римдегі шешендік өнер теориясы көне грек дәстүрлеріне сүйенеді. Онан арғы өзінше дамуы классикалық риторика бес бөлімнен тұрды (материал іздеу, оның орналастырылуы, ауызша айтылу, есте сақтау және айту): табу туралы оқу барлық сот контроверсийдің мүмкін түрлермен (оқиғаларымен) жүйеленді, жалпы үлгілерге оларды алып барды, орналастыру туралы оқу, сөйлеу композициясына жатты. Ауызша

айту туралы оқу рим риторикасының орталық бөлімі болып келді және риторикалық пішіндердің теориясын және қабылдауларын жасап келді. Есте сақтау туралы оқу шешендердің кәсіпшілік жадын дамытты. Көптегенде оқып айту туралы, актерлік өнерге, шеберлікке сүйене отырып және шешеннің дауыс екпіні қарастырылды, денелері мен бет қозғалыстары сөздің табысты болуына сәйкес болу қажет. Римде күмбезбен болат шешендік теориясымен «өсиет риторикасы» оратормен әйгілі рим 12 кітапқа автор Фабия Квинтилиана маркасы (35- жанында 100 г . б.э.). және сот сөйлеу классикалық тірек сызбасы туралы Квинтилиана ескертпелері практикалық мақсатқа лайықты: «тиісті емес шешен ана, не әрбірді аталғандардың менімен бөлімдердің (кіріспе, баяндау, дәлелдер, жалған екенін білдіру, нәтиже) томға баяндауға міндеттейді, ал ең алдымен оған ойлау керек-ақ, қандай руға іс жатады, ол неде нақ болады, не оған алдын ала алады және не зиян келтіру, сонан соң не бекіту және не тиісті қайтару, сыпайы қандай бейнемен әңгімелеу, әйтеуір, тілектестік ізденуі туралы ойлану. Өйткені, барлық бөлімдердің, маңыз барлығы істі шолмап, бізге білу қандайды біздің пайдамызға арналған олардың рух ертіп әкелу болмайды». Квинтилиана - мына оқу мәртебелері туралы сот шешендікке көңіл бөлумен жұмыстарында өңделген. Қаралатындар оларға мәртебелердің - құру 4 топ, бөлулер, бағалаудың және қорғаныстың төрт сызығы сияқты достың ар жағында дос жауапты - ереді көрсетілген айыпталу тойтарысы жанында: «болжаймыз, адамға айыпталу көрсетіледі»: сен өлтіру жазасына жатасың – сені сол басқарды». «Айыпталушының мақсаты - іспен көрсету:» мен жазаға жатпаймын». ол ең алдымен, орыннан теріске шығара алу:» мен өлтірулерді іске асырмадым». Ондай болса соттан сұрақ келеді : «мынау қандай орын болды»- бұл құру - мәртебесі делінген екен.

Айыпкер адам шегіне алады және айтады: «мен өлтіруді іске асырдым, бірақ ол абайсызда болған болатын». Ондай болса сот затымен сұрақ келеді: «әрекет неде?»; ол анықтама - мәртебесі. Айыпкер адам тағы шегіне алады және айта алады : «мен өлтіруді іске асырдым, бірақ тек себебі өлтірілген Отан дұшпаны болды». Мұндай болса сот затымен сұрақ келеді: «қандай рұқсат болды?»; Енді бұл бағалау - мәртебесі. Әйтеуір, айыпкер оны құралдың кім, не ретінде екенін мәлімдей алады деген өсиет сөздер қалды.

§ 6. Сотта сөз сөйлеудің шеберлігі

Ертедегі Рим елінде сотта сөз сөйлеу шеберлігі Тацита, Квинтилиан, Цецилия және Цицерон сөз сомдауларында жарқын түрде адамдардың көз алдарына келтірілген. Сот шешендік тарихы б.э. дейін 106-43 жж. Цицерон Марк Туллиммен көбіне-көп айқын болды. Цицерон шешендік өнерге балғын жасында ерекше назар аудара және баурай, айқын анықтауды қолға алды, ол әйгілі заң маманы Квинта Сцеволланың тыңдаушы шәкірті. Рим қашан да, құқық пен шешендік

теориясымен санасып отырған. Оларға әрине шешендік өнер туралы үш трактат мәртебелі: біріншісі, ол «шешен туралы», екіншісі «Брут», үшіншісі «шешен». Цицерон олардың қолбасшылық қызметі мен шешендік қызметін салыстырады. «Шешен» Цицерон пікірі бойынша, философиялық білімді адаммен тиісті болу, ораторға арналған юриспруденция, білім және тарихтар, темперамент және такт, сезгіштік және иелік, қажетті техникалық қабылдаулардың айқын сомасымен көрсетеді. Трактатта «шешен туралы» Цицеронның шешендік үш үлгісі алғашқы рет бөлінген:

1) бұйрықшыл шешендер, көтеріңкі және күшпен ойлау және жариялық сөздің салтанаттылығымен;

2) барлық шешен шыдамды және зерделі, барлығына үйренушілер;

3) анықтаушылар, орта үлгі - біркелкі.

Бүгінгі күн шешендері Цицеронда «тек қана оларда қарапайым тектес туралы - пішінде сөйлеуді, көтеріңкілеп адамгершілік туралы тиістісімен, қоңырсалқындылықпен сөйлеуді» - қана біледі. Трактаттарда сотта сөйлеу композициясы және Цицеронның өзіндік сөз сөйлеулерінде біркелкі айқындалады. Ол келесі құрылым түрінде көрінеді:

1) кіріспе - ол үш түрлі мақсаттың ізіне түседі: тыңдаушылардың назарына жету, етженді түсінулер және алдын ала жан ашудың ескертулері;

2) сөйлеген жақтың жүйелі әңгіме заты туралы жарықтандыруы негіздерімен талап қою, баяндауға көрсетіледі, (барлық қажетті толықтықтардың тартуы), ықшамдық және шынға ұқсас орталық пункті;

3) қорғаныштың немесе айыптың орталық тармағының қарастырылуы, көзқарас әділдік шешен дәлелдері, дұшпан дәлелдеріне көзқарастардың жалған екенін білдіруі. Ар жағында дәлелдердің топталуы көзделеді және қадағалауға ұсынылады ең салмақтылардан басқа көбірек әлсіздер үшін ар жағында пропорционалдықтың және олардың ең маңыздыларының арқасында және ойландыратындардың, безендіргендердің құралдарын ерекше бөлуде;

4) нәтиже бойынша екі мақсат ізіне түскендік: тыңдаушылардың санасында айтылған барлығы жалпы сипатты қосындылау және пайдалылар үшін сөйлегеннің құмарлықтарын қоздыру.

Соңғысы дәлелдермен секілді ақылына (дәйектермен), дәл осылай және олардың сезімдеріне қол жеткізеді. Цицерон сот процесінде (Верлеса ісі бойынша) айыптаумен сөз сөйлей алды, сондай-ақ дәл осылай (Росция ісі бойынша) қорғаушы ретінде де қатысты. Цицерон сотта сот шешені секілді емес, мемлекеттік қызмет тұлғасы секілді болып та сөйледі. Цицеронның шешендік тәжірибесінде «Катилинарии» - 4 сөзі бойынша, Цицеронның

ойсырата жалаңаштап кеткен қарсыласы, саяси дұшпаны Луция Каталинанан негізгі орынға қояды. Ол Каталинанның қастандығын басуды, өзінің негізгі ерлігі есебінде есептеді. «Каталинаға қарсы «бірінші сөзі 63 ж.б.э. дейін» болды. Одан Цицерон сөз сомдаулығында биік буын, барлық шешендік қабылдауларының қойылту стилін анықтауға, байқауға болады:»

Каталина, қай уақытқа дейін біздің шыдамымызға сен қиянат етесің? Мынау қауіпті ойын қаншама адамды жойып жіберуге жеткізген жоқ па? Сенің асқақтығыңның шегі бола ма? Саған бәрібір, саған тек Палатинаның түнгі күзеті және күзетшілері қана көрініп тұр, қайда? қалада!- халық үрейлері және барлық мейірбан азаматтардың қам істеушілігі ... олардың жүздері, көздері ме? Сен немесе сенің ниеттеріңнің араны ашылғанын өз басың мүлдем көрмейсің, сезбейсің, сен туралы, сенің кім екеніңді осындағы барлық ұры-қарылары да біледі және мұнымен сенің қолдарың мен аяқтарың байлаулы. Ең болмаса, біреуге не өткенін, не алдыңғы түнмен сенің не істегенің, қайда болғаның, кімді жинағаның, қандай шешім қабылдай алғаның мына бізге белгісіз? – деген сөздерінен көруге болады.

Цицерон замандастарының есінде қарсылық білдіре тұрушылық бейнесімен қалды. Оның бір жағынан, дарындылығы туралы, кең білімділіктің арқасында, өткір ақылда сөйлегенін, екінші жағынан, оның атаққұмарлық, мақтаншақтық белгілері туралы да айтылып отырды. Бірақ Цицерон өзі көптеген ойшылардың мұрагерлер қатарларын ынталандыру үшін ісін үнемі жалғастырып отырады. Қайта оның ойы адам мен қоғамның тығыз бірліктерін, ең басты философиялық тезисін білдіреді. Францияда ренесанс заманындағы Робеспьердің сөз сөйлеуі Римдегі шешен сөйлеулеріне ыңғайланғандығымен өз заманының қызығушыларына ұсынылады. Цицероннан кейін көптеген сот шешендері, өздерінің шешендік өнерлерін нақ сол стилдікпен сот шешендік мінез-құлықтарын алмастырады: рим құқығы барлық заңгерлік ұстанымға азырақ болса да, барлық қатаң жүйеге де мойын сұнады, шешендіктің көбірек үлесіне және көбірек формалдығына қайталану көрсетеді, соттағы қызыл тілділік тарихын цицерондық шешендік бейнесінсіз көрсетуге болмайды. Ол сөз бен істің шебері болған, өз білімдерінің философиялық тереңдігін және әрекеттердің тәжірибелік дағдысын қосқан адам әмбе азамат.



Марк Тулий Цицерон (106-43 б.э.д.)

Шынайы шешен Цицерон ұғымында диалектиканың тапқырлығын, философтың алғыр ойын, ақынның ақиық сөзін, заңгердің жадысын, трагиктің қайғылы даусын, лицедейлердің мықты ойынын игеруі керек /.

Цицеронның жоғарыда айтылып кеткендей «Шешен» атты еңбегінде майталман шешен болудың алғышарттары, талаптары жасақталады. Ең әуелі жан-жақты білім, жеке бас эрудициясы, философиялық жүйелер білгірлігі, заң ісіне жетіктік, шешендік өнер теориясына кәнігілік атап көрсетіледі. Кең ауқымдағы философиялық ойлау - шешендік өнер үшін қажетті алғышарттардың бірі. Бұл жағдайда шешенге ең қажетті философия ғылымының өзекті екі саласы - этика мен логика. Сондай-ақ Цицерон «Брутта» тағы бір қызғылықты тұжырым жасайды: «Шешен айырықша екі қасиетке жетік болуы керек; алдымен, нақты дәйектемелермен сендіре білу, екіншіден, тыңдаушылардың жүрегін толқыта сөйлеу, өйткені кейде сотты сенімге жетектегеннен гөрі, оны тебіренткен оңтайлы».

Цицеронның өз шығармаларында дүркін-дүркін айналып соғып отырғанының мәселесі - сөздің әсерлігі үшін қажетті деп табылатын сезім күйі. Ол өзінің «Шешен туралы» еңбегінде адамдардың әрекет үстінде ережелер мен заңдардан гөрі көпшілік жағдайда сезім ырқына жиі беріліп, соны басшылыққа алатынын, сондықтан шешеннің тыңдармандардың сезім күйіне әсер ете алуы шешендік өнерде аса маңызды деп атап көрсетеді. Цицерон тыңдармандардың ерекшелігі мен қызығыушылығын ескере білу - шешеннің биік мақсаттарға қол жеткізуінің айтулы көрсеткіші деп есептейді. Сөз сомдаудың әсерлігінің астарында рим халқының: «халық ұлылығын мойындаған шешен қана ұлы» деген мақұлдауының жатқандығын көреміз. Әрі бұл шешендік өнердің ұлы мақсаты да.

Цицеронның шешендік өнер іліміне арналған еңбектерінде шешен үшін сөйлеу композициясы, стилі, сөйлеудегі айшықты тіл оралымдары, сөз сомдаудың дыбыстық жағы, артистік қасиет секілді тәлім алатын көптеген жайттар қамтылған. Әйгілі шешен Цицеронның трактарттарындағы өрбітілген тұрлаулы тұжырымдар мен мәнді пайымдаулар, міне, осындай.

Құлиеленуші Рим империясының V ғасыр соңында құлдырауы жаңа феодалдық формацияға өтумен аяқталды. Ерікті азаматтардың тең құқылы ара қатынасы вассалдар мен мырзалардың ирархиялық ара қатынасына ауысты.

Біреу ғасыр «жоғары күшке» табынған шешендік өнер бұл тұрғыда өз қолтаңбасын да қалдырды. Бұл белгілер белгілі мөлшерде қазір де сақталған. Орта ғасырлық схоластика лебіздері, догматизм, бедел

алдындағы аса жоғары құрмет, әсіресе, мақұлданған дәйексөздер, марапаттаулар да, дәлелсіз пікірлерден көрінді.

Бірақ бұған қарамастан қатал діни шектеулердің шеңберінде де шешендік өнер ары қарай дами берді. Және мұнда, мысал үшін, шіркеу догматтарына қарсы бағытталған «күпірлік қозғалыстар» едәуір роль атқарды.

Шіркеу уағыздарының ықпалымен аса ірі дін ілімінің шешендері өсіп жетілді. Атақты Ианн Златоуст (407 жылы өлген) әйгілі византиялық уағыздаушы ретінде саналды. Златоуст деген аттың өзі халықтық сөзге құрметпен қарауды, адамдарды сыйлауды, сезіммен тындаушыларға әсер ете білуді көрсетеді. Цицерон шешендігінде адамдарға тез әсер етіп, есінде сақталатын нақыл сөздері болған. Сол сөздерге ақыл қойып түсіне қарасаңыз, екі ауыз сөздің ар-жағында жатқан түпкілікті өмірге жол көрсетуші сипатты көріністі көруге болады.

Енді төменде Рим империясының әйгілі шешені, қоғам қайраткері Марк Туллий Цицеронның:

- Күмәндану арқылы шындыққа жет.
- Адамның келбеті – жүрегінің айнасы.
- Көп өтірік айтатын адамдар шыншыл болып көрінуге тырысып бағады.
- Қолыңнан келсе, істе!
- Жұмыс істеген адам дұрыстап демала да білуі керек.
- Кез келген ілімді айқын түсіну үшін ұқыптылық керек.
- Барлық нәрсені біліп, саралау жасай білу аз. Сонымен қатар, соған байланысты сауатты қадам жасай білу қажет.
- Сананы тұрмыс билейді.
- Ғаламшардағы әр адам өз ақылымен ойланып, өзгенің пікірінен тәуелсіз шешім шығара білуі қажет.
- Жазу өнері шешендікке баулиды.
- Білім дегеніміз заңдар мен ережелерді құрғақ жаттау емес, - олардың мағынасына жетіп, мәнін түсіну.
- Өмір бойы сүйіп, махаббатыңды төккің келетін адамды да таңдай біл.
- Шектен тыс көп тамақтану адамды қуаттандырудың орнына сылбыр қылады.
- Ар-ұждан - Құдайдың сыйы.
- Тура биде туған жоқ.
- Көпшілік алдында сөйлегісі келген адам айтқалы отырған әңгімесінің мәніне жетіп алмаса, сөзінің құр былдырдан айырмашылығы қалмайды.
- Біліктің ең зоры - өзіңді өзіңе бағындыра білу.
- Адамзат баласының арасындағы бауырмалдық пен достықты сақтап тұруға тырысу әркімнің парызы – деген қанатты сөздері.

Цицерон мен Квинтилианнан бастау алған *жалпы риторика* келесі **5 бөліктерден** тұрады, осылардың әр қайсысы сөз сомдауды дайындықта

және іске қолдануда айқындалған сәтті қайталайды:

өнертабыс (лат.inventio - не айту керек?);

орналасуы (лат.dispositio - қайда айту керек?);

пікірін сөзбен білдіру (лат.elocutio - қалай айту керек?);

зейін (лат.memoria);

сөз айтылу жолы және дене қимылы (лат.pronuntiatio);

Әрбір осы бөліктер, жоғарыда айтылғандай, сөздің дайындығы мен бұрмалаудың жұрнағын қайталайды.

1.Өнертабыс (лат.inventio) - ниеттің тууы, идеяны құрау, сөз мазмұнының жаралғаны. Алдағы сөздің мазмұнын және айғағын ойлап табу өте қажет. Риторикалық ілім риторға идеяның және сөздің таратуын тудыратын белгілі бір техниканы ұсынады. Сол техника туралы ортақ жер ілімі (топикте) - яғни, айғақтың құрылысының немесе сөздің бұрмалануының тәсілдерінде іске асырылады.

2.Орнығу (лат.dispositio)-сөздің композициялық құрылысының ереже лері туралы тарау. Ойлап табылған материалды ақылмен, бірінен кейін бірі белгілі бір тәртіп бойынша орнықтыру қажет. Классикалық риториктер сөз композициясының 8 бөлігін ұсынған: назар аудару, тақырыпты атау, әңгімелеу, сипаттау, дәлел, мақұлдамау, үндеу, қорытынды.

Сөзді айту түрі, білдіру (лат.elocutio) - сөздің сөздік рәсімделуі туралы тарау. Сөздің риторикалық сәні дәл керекті сөзді пайдалана алуынан тұрады. Н.Ф. Кошанский сөзді айта білдірудің міндеттерін келесі сәттермен атайды:

- буынды және оның қасиетін қарастыру;

- сәннің барлық түрлерін қарастыру;

Ойды білдіру үшін қажетті сөздің, кейін осы сөзді сөз тұрпаттарында сәнді орнықтыру тәсілдерін іздену - мәтінді жаратқан адам жұмысының күрделі кездерінің бірі. Ойды мүмкіндігінше көз жеткіздіретін және көркемді сөз нысанына айналдыру - осы міндеттерді іске асырмай риторикалық мақсатқа жету мүмкін емес.

Н.Ф. Кошанский сөз шешеніне өте пайдалы және сөзді оңтайландыратын әдістерді ұсынады, ол өткендік теория мен тәжірибені ұштайландыратын нәтижені қолдану сөзді барынша жандандыра алады. Олар айыптап та, ақтап та айтылатын сөздер үшін өте маңызды. Сонымен, тәсілдер мен пішіндерді Н.Ф. Кошанский авторлық аталуда ойдың тұрпаттары деп атады.

Н.Ф. Кошанский (1781-1831)



Риторика кітаптарының бірден бір авторы Царскосельск лицейінің орыс және латын сөздігінің оқытушысы философия докторы Николай Федорович Кошанский (1781-1831) болды. Нақты сол Кошанскийдің сабағында, оқытушы оқушыларына раушан гүлін өлеңмен сипаттап беріңіздер дегенде, лецеист А.Пушкиннің «Роза» атты өлеңі жарық көрді. Айта кеткен жөн дарынды

ақын жас бала педантикалық және қатаң Кошанскийдің сабақтарына тәнті болғанды.

Н.Ф.Кошанский екі риториканы жазды: «Жеке риторика» және «Жалпы риторика». XIX ғ. қос жазбада кездеседі яғни риторика және реторика деген соңғысы толығынан грек риторикасын қайталайды. Кошанский дәстүрмен санаса отырып, сөз ғылымын эстетикамен шектесетін үш негізгі бөлімге бөледі: грамматикаға, риторикаға, поэзияға. Жалпы риторика ойды ойлап табу, орналастыру және айта білу ғылымы және (ерекшелігінде) барлық прозаикалық шығармаларды тануға жетекшілікті көрсетеді. Біріншісінде жалпы, ал екіншісінде жеке деп аталады. Әрбір осы риторикаларда өздерінің пәндік заты, мақсаты және өз шектері болады. Әрбір осы ғылымның өз теориясы және өнер есебінде өз тәжірибесі бар. Жалпы риторика өзінде барлық прозаикалық шығармалардың бастапқы, негізгі, жалпы тәртіптерін көрсетеді. Ал жеке риторика не? Ол жалпыға негізделе отырып, әрбір прозаикалық шығармашылықтарды қарастырады, оның негізгі абыройын және жетіспеушіліктерін табады.

Егер жалпы риторика шығармаларды құраудың жалпы тәртібін көрсетсе, жеке риторика жеке түрлерге тәртіпті ұсынады, мысалы, қалай хат жазу, әңгіме қалай жүргізу, оқу және оқу шығармаларын қалай құрау, шешендік қызыл тілділіктің әркелкілігі қандай және соңғысы, көркем (немесе жағымды) прозалар қалай жазылады.

Кошанский жаңа уақытта (әрине XIX ғ. туралы айтылады) Ресейде қызыл тілділіктің негізгі түрі руханилық бөлінуі де екендігін ерекше атап көрсетті. Ал өзге елдерде, мысалы Ағылшын елі, Францияда саяси және сот шешендігінің белсенділігінің артуын ол ерекше ескеріп өтеді.

Кошанский шешендік өнерге былай деп анықтама берді: «Шешендік сөзді жеткізе білушілік өнер, естілікке, құмарлыққа, еркіндікке және т.б. әсер етіп қозғағыш, Алланның бергені..... шешендік барлық өзге прозалардың шеңберінде жоғарғы орын алады. Ол ерекше жағымды өнерді құрайды және өзге прозалар секілді ойлап табушылықпен, орналастырушылықпен және ойды айта білушілікпен

канағаттанбайды, сондай-ақ тағы да тілдің әрекеті сөз қатуды да талап етеді». Кошанский сөз сөйлеуді екі үлкен рулық бөлімге бөледі: жай өмірлік (сый марапаттық, мадақтаулық, саяси, әскери) және руханилық (уағыздаушылық, сұхбат, нақылдық және ақырлық жолға жіберулік сөзге).

Тоғызыншы баспа. Санкт-Петербург. Типтікке. Әскери тұрғылықты жерлер Департаменті. 1844.-- В 8-ю д. л. 106 .1 бет.

Ақыл-ойға әсер ететін ойдың тұрпаттары:

а. Ескерту (оссуратио) - шешен тыңдаушыларға ескерте отыра өзіне қарсы сөйлейді және оны теріске шығарады. Сендірушіліктің көптігіне қызмет етеді.

ә. Жауап берушілік (subjectio) - өзіміз сұраушылық етіп және өзіміз жауап берушілік жасаймыз. Хәм тұрпат көңіл салуды, әуесқойлықты және соны қанағаттандыруды қозғайды.

б. Шегіну (consessio) - біз қарсыласымызбен келісеміз, бірақ қарсыласты басу үшін және біздің ақиқатымыздың одан сайын расталуы үшін. Қарсыласты оның қаруымен таң қалдыру үлкен ақылдықты талап етеді.

в. Айыру (distribute) - тектің орынына түрін, бүтіннің орынына бөліктерді анықтау. Ол ақиқатты айқындайды, ақыл-ойды одан әрі сендіртеді.

г. Ауыстыру (antimetabole) - сөйлемде сөздердің орнын ауыстырып, ең күшті және жиі жағымсыз ойды береміз. Хәм тұрпат күтпеген жайлы, бірақ сондықтан да ақыл-ойды одан да қаттырақ сендіртеді.

ғ. Тапқырлық (охумогон) - айқын қайшылықпен өткір ой. Ойландырып және сезінуге мұқтаж етеді.

е. Шегіну (digressio) - бір ойдан екінші ойға өнерлі түрде өту. Пайым бөліктерінің қосылуына қызмет етеді.

ж. Оралу (revocatio) - сыртқы ойдан басты ойға көшу, шегіністің салдары. Осы екі тұрпат бірінен соң бірі қашан да болуы тиіс, ақыл-ойды бір ақиқаттан екіншісіне аударады және бұл шешендер үшін маңызды.

з. Өсіре алу (gradatio. Incrementum) - ең әлсізден ең күштіге деген баяу жүріс ақыл-ойға одан сайын әсерін тигізеді.

и. Түзету (eporthosis) - абайсыздан немесе әдейі емес айтылған ой бөгде, ең күштісімен жаңартылады.

Қиялға әсер ететін ойдың тұрпаттары:

а. Суреттеу (hypotiposis) - ойды немесе оқиғаны көз алдында шынайы болып жатқандай және біз оны көріп тұрғандай көріністі, тірі суретті ұсыну. Ол мынадай ынтықтарды тудырады: аң-таң болуды, рахымды, ызаны, кекті және т.б.

ә. Жандандыру (prosopopoeia) - сезімнің сиқыры, жансыз немесе дерексіз нәрсеге өмір де, әрекет те беріледі. Бұл тұрпат қиялды қатты таң қалдырады.

б. Сөз алмасу (sermocinatio) - тамаша айланыс, сөзді жансыз немесе өліге беріледі. Бұл тұрпат жан беруге қосылады, жансыз нәрсеге өмірді және әрекеттің үстіне сөз беріледі.

в. Қарама-қарсы қою (antithesis) - бір нәрсені екіншісіне немесе бір ойды екінші ойға қарсы қою (контраст).

г. Салыстыру (paralellus) - ұқсас нәрселерді, жақын әрекеттерді немесе қасиеттерді салыстыру. Бұл тұрпат көне орыс өлең-жырларына тән.

ғ. Риторикалық анықтама (descriptio, Paraphrasis) - қиял үшін тартымды болатын ең басты қасиеттерді, ең маңызды мүліктерді және сипаттамаларды суреттеу, анықтау.

д. Кернеулік (energia) - бір нәрсе туралы көптеген қысқа және күшті ойлардың жиынтығы. Өсірке ұқсас. Айырмашылығы: өріс баяу және ақыл-ойға әсер етеді, ал кернеудің күштілігімен және күтпеген жерден қиялға әрекет етеді.

е. Асыру (auxisis) - асыра көп сөйлеу.

ж. Кішірейту (me/'os/s, Tapinosis) - азсөйлеу.

з. Мүмкін еместік (impossibile) – мүмкінеместік пен қиын салыстырылады және соңғысы ең ыңғайлы деп ардақталады.

Жүректі толғандыратын ойдың тұрпаттары:

а. Хабарлама (Communicatio) – тыңдаушыларға деген сенімділік, олардың ар-намысына бағытталған кезде. Олақ көңілдікті көрсетеді, ақиқатқа деген сенімділікті көрсетіп және соған қарай жүректі лүпілдетеді.

ә. Күмән (Dubitatio) – жанға жағымды ұғымсыздық, ынтызарлықтың трагедиялық күресі, неге еру керек, нені қалау керек екендіктің белгісіздігін көрсетеді. Кімге болса да өз жүрегін өзгенің сезімінде тексеріп көру жағымды болып келеді.

б. Баяулық (Sustentatio) – ой және сөздердің біржаққа кете беруі, ал әрекеттер кенеттен басқа жаққа ауысады. Бұл кенеттілік жүрекке жағымды.

в. Үндеу (Apostrophe) - жоқ, жансыз және тіпті дерексіз нәрсеге айтылған тірі сезім. Ол өмірді барлық жағынан болжайды және жанды тебіренеді.

г. Жүріп өту (Praeteritio) - айтқысы келмей тұрғандай, барлығын есептеп шығару, неғұрлым елеусіз, мейірімді болса, соғұрлым жүректі баурайды және ақыл-ойды сендіреді. Көптеген дәлелді немесе айғақты есептеу үшін қолданылады, өйткені жартылай дыбыстап, жанап өтіп сөйлейді.

ғ. Тоқтату (Aposiopesis) - ойды немесе сезімді аяқтамай, байқаусызда сөзді үзеді. Үндеместікпен ұқсас: адам өзі бір сөзді айтпаған секілді, ал нәтижесінде тұтас ойды – тоқтатады.

д. Жалбарыну (Execratio) - өзінің немесе өзгенің жеккөрінішті басына антын бұзғаны үшін: барлық апатты шақыру.

е. Тілек (Votum) - өзіне және өзіне ұнамды жанға барлық игілікті немесе ерекше бір нәрсені тілеу. Сипаттаманың қорытындысында және сөздің тұжырымдарында қолданылады.

ж. Өтіну (Interrogatio) - ойдың және сезімнің жауапты талап етпейтін сұрағына айналдыру.

з. Лептеу (Exclamatio) - үлкен ынтықпен сыртқа шығарылған жанның еріксіз қозғалысы, ойы, сезімі. Оған тағы қосымша лептеу (Epirhonema) жатады

- ол да лептеу, бірақ сөзді қорытындылайды және маңызды ойды білдіреді.

Барлық осы әдістердің тиімділігін тек олардың соттық сөзде мұқият пайдаланған кезде бағалауға болады.

Жалпы риториканың тағы да екі элементі бар. Олардың біріншісі:

Зейін (memoria). Таңдалған және жазылған сөз сомдау материалдарының алдында оны есте сақтап алу қажет. «Зейін дегеніміз - сөздерді ойға мықтылап бекіту», - деп 1620 жылдың «Риторикасында» оқимыз. Бірақ бұл зейінге бекітуді қалай жасауға болады? Жеке қабілеттер және жеке әдістермен бірге болашақ сөз сөйлеуге дайындықтың әмбебап әдістері де бар. Жад мәселесі - негізінен, сөз материалдарын үйде өңдеп дайындау мәселесі. Неғұрлым ритор (әрбір сөйлеуші) келешекте сөйлейтін сөз мәтінін ойластырып толықтырса, соғұрлым оның жад қоржыны бай болады. Ол сол әртүрлі тәсілдерді әркелкі нысанда пайдаланады:

- жазылған тексті іштей немесе дауыстап жаттау, оны қайталау арқылы («жатқа білу» сансыз қайталау арқылы есте сақтаудан тексті ойлана отырып еске түсіру, мағынасын оймен бірнеше рет айта отырудан айыра білу қажет);

- бірнеше рет мәтіннің жазылуы, редакциялануы, кейін еріксіз түрде ойда және ауызша түрде де көріне бастайды;

- дайындаған мәтінді дауыстап оқу арқылы есте сақтауын тексеру;

- ешқандай тексті қолданбай сөйлеу, өз бетімен немесе біреудің алдында;

- мәтінді үнжазбаға жазу арқылы ойға сіңіріп немесе дауыстап айту және өз сөзіңді кейінірек саралау;

Екіншісі:

Ауызша сөйлеу және дене қимылы (pronuntiatio). Қызыл тілдік шешені өзінің сөзін арада дауыстың шығуымен, ыммен және дене қимылымен жүзеге асырады. Бұл сөздің жүзеге асуындағы соңғы кезеңі, бірақ сөз қабылдау шешеннің сыртқы көрінісін сөзді айта білуін сынаудан басталады.

«Сөздің мағынасы оны қалай айтқанына баланысты» (мақал). Ежелгі ұлы грек шешені Демосфен шешендік өнерде бастысы «оның айтылуында және дене қимылында» - деп айтқан.

Сөздің айтылуында бірнеше жағдайға көңіл аудару керек: шапшаңдық және серпін, қысқа үзіліс, дауыс ырғағы, дауыстың қаттылығы, дауыстың тембрі, логикалық екпін, артикуляция, дем. Шешеннің мәнері айтушының тұлғасы туралы түсінік береді. Адам тек тілдің көмегімен ғана емес, сонымен қатар дененің көмегімен, яғни, қол, аяқ, қалып, ым және т.б. көмегімен «сөйлейді».

Жеке риторика

Жеке риторикада ауызша және жазбаша тілмен білдірілетін шығармашылықтың жеке түрлеріндегі, жанрларындағы сөздің ережелерін қарастырады. Н.Ф. Кошанский «Жеке риторика дегеніміз прозаның барлық түрінің оқу нұсқауы, ол әрбір шығарманың мазмұнының, мақсатын, ең ыңғайлы орнын, ең басты абзалдықтарын және басты кемшіліктерін түсіндіреді, сонымен бірге ең жақсы, өнегелі шығармаларды және ең маңызды жазушыларды көрсетеді».

Заманауи риторика өзінің зерттелу саласына сөздің ең көп түрлері мен нысандарын енгізуі керек. Ю.В. Рождественскийдің үлгісін пайдаланайық:

1) ауызша сөз:

а) жазбаға дейінгі жазбаша негізі жоқ сөз (тұрмыстық сөз, үн қату, фольклор);

б) жазбаша прототипі болуы мүмкін риторикалық сөз, яғни, жазбаша түрі бар ауызша сөз (саяси, соттық, эпидейктикалық, оқулық, насихаттық, уағыздаушылық);

в) репродуктивтік, яғни, жазба сөзді ауызшаға көшіру (диктор, театрлық);

2) жазба сөз (хаттар, құжаттар, шығармалар).

3) баспасөз, әдебиет (көркем, ғылыми, журналдық);

4) бұқаралық коммуникация, бұқаралық ақпаратқа (радио, теледидарла-ма, газет, кино, жарнама) және информатика деп екіге бөлінеді.

§ 7. Соттағы талқыламалы-полемикалық сөз аясында қатысудың дербес жетілдіру дағдысы туралы әдістемелік нұсқаулар

Бәрінен бұрын дау неден туады және не туралы дауласуға болады? Дау пікір, айқындама, тұжырымдама т.б. жөнінде болуы мүмкін, тек ешқашан дерек жөнінде болуы мүмкін емес. (Дерек үшін дауласпайды). Дау эристикалық болуы мүмкін, дау үшін дау, жеңіс үшін дау, жеке дау және қатысушылар оларды «қарсыластар» деп атайды. Дидактикалық риторикада осындай сөйлеу жағдайы болуы мүмкін, бірақ болмауы керек, қатысушылар мұнда өз беделінен айырылады.

Нағыз ғылыми дау **диалектикалық** деп аталады (бірақ бұл диалектикалық даудың болуы мүмкін еместігі деген емес, мысалы, әлеуметтік-тұрмыстық риторикада). Оның диалектикалығы – жақтардың ой-пікірлерінің эволюциясында, даудың негізіне екі жақтың жақындауынан бастап оны жоюға дейін бару (біртұтас позицияның тұжырымы немесе бір жақтың өздігінде дұрыс еместігін мойындауы).

Дауды жүргізу үшін айқын сипатталған **ой-пікірдің** келіспеушілігі болуы қажет. Яғни әр тараптың қайсысы болмасын негізделген тезистерін айтуы керек. Көбінесе даудың негізін анықтаушы процесс – даудың қажет еместігін анықтайды (позициялардың ұқсастылығы айқындалады).

Тезисті негіздеу дәлелдердің көрсетілуінің (демонстрациясының) көмегімен жүргізіледі. Дәлел міндетті түрде дауға қатысушы жақтардың қатысуымен бекітілуі қажет (басқа жағдайда жана даудың тезистері бәрібір шексіз түрде пайда бола береді).

Консенсус жетістіктерінің негізінде екі жақпен қабылданған, даудың пәнін жою кезінде ортақ айқындама, тұжырымдалған тезистер болуы керек.

Созылған даудың **сөз рәсімі** бекітілген жалпы негіздер мен себептердің анық дыбыстауының мүмкіндігін қажет етеді. Сондықтан сот риторикасында бұл өте қажет, не болмаса процесстің ұзаққа созылуы мүмкін.

Қалай пікір-таластық (полемикалық) сөз аясына дұрыс кіруге болады?

Егер сіз дауға пікір-таластық (дискуссия) жолымен түскіңіз келсе, сіз:

а. Сіздің келіспеушілігіңіздің кімге арналғандығын анық бекіту, тезис арқылы өз ойыңды қабылдата білу және оның негізін тұрақтандыруды бастау.

ә. Өз дәлелі немесе жаңа тезисі бар үшінші жақты қатыстыра отырып даудың сөз саптауын сақтау керек.

б. Дау эристикалық болып кету үшін диалектикалық түрде жүргізіп аяқтау керек. Мүмкін болмаған жағдайда (мәселен, өзіңізге нақты келетін қарсы ынғайды) пікір-таласты тоқтатып, қатысушыларға олардың дауды жүргізудегі этиканың жоқтығын көрсету керек.

в. Қарсы пікір білдірушінің баяндама сөзін бөлуге болмайды, әртүрлі позициялар бойымен өз келіспеушілікті белгілеңіз және оны баяндамашының сөзінен кейін айтыңыз. Қашан да сотта кейбір айыптаушылар мен қорғаушылардың сөйлеушінің сөзін қиып кету үлгісі өте ұсқынсыз болып көрінеді.

г. Қарсылық білдіруге рұқсат сұраңыз.

ғ. Егер сізге қарсылық көрсетсе, пікірді қана қабылдамай, бірақ орнына ештеңе ұсынбаса, оның меншікті позициялық тұжырымына қол жеткізіңіз.

д. Міндетті түрде әңгімелесушіні сізбен дауға араласқаны үшін алғысыңызды білдіріңіз, пікірсайыстың пайдалылығын көрсетіңіз, бірақ оны асырып айтпаңыз.

Қалай полемикалық сөз аясына жоғары дәрежеде тұрған адаммен дұрыс және әдіпті кіруге болады (бастық, төреші және т.б.) ?

Жоғары тұрған адаммен дауласудың өз ерекшеліктері бар.

Сіз сол жариялы айтуды ұсынған позицияда алаң болмауыңыз керек, бұл ретте лазым беделді пікірлерге сүйену қажет, нақты айғақтарға, ал өзіңіздің «меніңше» деген ойыңызға емес.

Орнатылған үлгілермен айтысуға азаптандыруға рұқсат етілмейді, өз қана пікіріңді айтып салуға болады. Соттың риторикасында бұл ең маңызды.

Бәрінен бұрын жоғарғымен дауға кіру үшін міндетті түрде кешірім сұраңыз, өйткені бұл теңбе-тең сөйлеу жағдайы. Артық сезімсіз, өзінің дұрыс еместігін мойындаған жөн, жоғарғы тұрған адамнан оның дұрыс еместігін естуге тырыспаңыз. Жоғарғыда тұрған адамды сізбен дауға кіргені үшін алғысыңызды айтыңыз, тағы бір рет сол демек үшін кешірім сұрау артық болмайды.

Сонымен, әрбір дискутивті-полемикалық сөз аясына қатысу- өте қиын және жауапты міндет. Біздің жағдайда арнайы айту керек: дискутивті-полемикалық сөз аясына тағы да айта кетейік, қатысу- қиын және жауапты міндет. **Тезисті түсіндіру** дәлелдердің көмегімен жүруі керек, олар бар жақтармен қабылдануы керек. Дегенмен қазіргі сот тәжірибесінде әдепсіз және ретсіз сөйленген сөз, дәлел боп шыға алмайды. Кәсіби сот сөйлеушісі тек қана дәлел болатын болжамдарды өткізеді. Сондықтан дискутивті-полемикалық сөз аясында рет ретімен сөйленетін сөз дәлелдеме деп аталады.

§8. Квинтилиан - Ломоносов (ресей дәстүрінде) тірек сызбасына сай бесбөлікті жалпы риторика бойынша кезекті талқыламалы-полемикалық сөз аясында, тараптардың негізгі сөз сөйлеуге қатыстылығы ретінде пікірлерді (дәлелдерді) көріністеу

Заманауи орыс дәйектілік техникасының терең тамырлы тарихы бар. Ол византиялық және антикалық көпшілік алдында жариялы сөз-сөйлеу мәдениетінен шығады және батыс-еуропа қоғамының

әдістері мен дәйектілік формасын қабылдаған. Риториканың құрылысы және терминологиясы дәйектілік техникасын дұрыстайды және қайталайды.

Риторикалық терминологияның өзге мәдениеттен алынып қабылдануы (грамматикалық ретінде), дәйектілікті ойлау мен сөз мәдениеті есебінде түсінуге мүмкіншілік береді. Міне, сондықтан да орыс риторикасы негізінде классикалық терминологияны сақтауда, дегенмен терминдер мазмұны ұлғаюда және терминологиялық жаңалықтар кей-

кездерде өте қажет. Бір жағынан, Ресейдің заманауи құқықтық мәдениетіне демократиялық құқық тілінің көптеген терминдері толық құқықты енді.

Жоғарыда бірталай айтып кеткендей жалпы шешендік өнер теориясының дамуына орыс ғалымдарының үлесі зор. XVIII ғасырдың өзінде шешендік өнері туралы бірнеше еңбектер белгілі болды. Осылардың ішінде М.Усачевтің «Риторика» кітабын атап көрсетуге болады. Бірақ осы және басқа да еңбектерде діни, яғни шіркеулік шешендіктің әсері әлі де күшті еді.

Бұл Ресейдің мемлекеттік құрылымдық жағынан демократияның парламенттік өмір сүру арнасынан қол үзгендігімен түсіндіріледі. Бұл түр батыс еуропа елдеріне тән еді. Шындығында университет қабырғаларында қана жанды сөздің еркін дамып, жетілуіне жағдай туды.

Бұған шешуші қадамды Мәскеу университеті мен ғылым академиясының негізін қалаушы М.В.Ломоносов жасады.

Ол қазіргі орыс әдеби тілінің негізін қалап, тілінің қиын реформасын жасады. Ломоносов «Шешендікке қысқаша басшылық» кітабын жазып, орыс шешендік өнерінің бастауын ашты. Өзектілігін күні-бүгінге дейін жоймаған бұл кітапта орыс шешендік өнерінің әрі-қарай даму бағдарламасы жасалынды.

М.В. Ломоносов шешендік үшін ең алдымен рухани дарындар мен тұлға дарындары керек деп көрсетеді. Алайда шешен үшін тек табиғи сапалар жеткіліксіз. Риторлық теориясының негізгі талаптарының бірі-халықтық сөздің элементтері мен құрылымы туралы білім. Ломоносов «Риторика» атты кітабында сөйлеуді төрт бөлікке бөлуді ұсынады, олар: **кіріспе, түсіндіру, бекіту, қорытынды**. Әрбір бөлікке қатысты тапсырмалар, ұсыныстар берілген.



М.В. Ломоносов

(1711-1765 ж.ж.)

Ломоносовтың риторикасы

Жоғарыда айтылғандай, бірінші рет орыс тіліндегі риторика оқулығын Михаил Васильевич Ломоносов жазды. Ол 1748 ж. «Қызылтілділікке қысқаша жетекшілік» деген атаумен шықты. Мазмұнында сөз сөйлеу ғылымын ұнататындардың пайдасына шығарылған, яғни бұл екі жақтық өзінің қызылтілділігінің риторикалық жалпы үлгілі ережелері көрсетілген бірінші кітап болды». Ломоносов риториканы жазбаша және ауызша сөз сөйлеу ғылымы ретінде анықтайды. Бұл ережелер жинағы оған көбінде мемлекеттік, қоғамдық және діни-философиялық тақырыптарды

қозғайтын, ауызша және жазбаша шығармалардан алғандығына ұсынылған. Өзінің еңбектерінде ол риториканы жеке бөлектендіреді, яғни тегінде прозаларға және өлеңдерге, шешендікке байланысты қызылтілділік туралы ілімді, яғни поэтикалық туындылар шығармашылығына үлгі етіп жазады.

Жалпы М.В.Ломоносовтың риторикасы үш бөлімнен тұрған, олар: *ойлап табушылықтан безендіруден, орналасушылықтан*. Ол осылай өзінің кітабінің құрылысын негіздеген: «Риторика жалпы қызылтілділік туралы ілім... Аталған ғылымда үш тектік ереже ұсынылады. Оның біріншісі, ондайды қалай ойлап табатындықты, ұсынылған материя туралы не айтылуы қажеттігі; екіншісі, қалай оқытады, ойлап табылғанды қалай безендіру қажет; үшіншісі, оларды қалай орналастыру қажеттігін көрсетеді, міне сондықтан да риторика яғни, ойлап табушылық, безендірушілік және орналастырушылық секілді үш бөлікке бөлінеді. М.В.Ломоносов кітабындағы риторика негізгі теориялық жағдайлары Ежелгі Грекия және Ежелгі Рим, Орта ғасырлар, Жаңа өрлеу және Жаңа заманның атақты жазушыларының шығармаларындағы цитаталарымен авторлық аударма мағлұматтары бойынша қоса беріліп отырды. Оқулықта Ломоносовтың өзімен жазылған мысалдары көп, соның ішінде өлеңмен жазылғандары да бар.

Кейінгі барлық орыс риториктері жұмыстарын М.В. Ломоносовтың еңбектеріне негіздеген.

§9. Сотта сөз сөйлеудің риторикалық бейнелері

Ритор деп көпшілік алдында өзінің әсер етуші сөзін құрай сөйлеп, өткізе-алатын адамды айтады.

Батыл, жариялы айтылған сөз - нақты бір қауымға бағыттталып, тәмамдалған шығармашылық сөз. Қандай да болмасын қауымға бағыттталып, жариялы айтылған сөз – әрекетті болуға тиіс, бірақ ритордың басты мақсаты - жариялы айтылған сөзінің әсерлі болуын қамтамасыз ету.

Ықпалды сөз – қоғамды ұйымдастыра, біріктіре және оқыта отырып жариялы айтылған сөз.

Жариялы айтылған сөзді көпшілдіктік деп оларды бағалап және қолдана алатын, қабілеті бар қандай да болмасын адамға бағытталған сөзді атауға болады. Көпшілдік сөздің жалпыға жетушілдігі бірмағыналық бола бермейді: жариялы айтылған сөздің құрылысы және мазмұнына және оларды қабылдаушылардың мүмкіншілігіне байланысты көпшілдік сөздің әртүрлі нысандары мен сатылары бар. Ритор бейнелері сотта сөз сөйлегенде өз ойынды білдіру үшін қажет. Антикалық заманда мынандай келесі тезис болды: тыңдаушыларға тек дәйектермен қана емес, риторлық бейнелермен де әсер етуге болады деген.

Риторикалық бейнелер адамның жақсы есінде қалады. Риторикалық бейнелер сот жарыссөздеріне тазалық, анықтылық, нақтылық және әдемілік береді. Бірақ риторикалық бейнелерді дұрыс қолдана білмеу – күлкілі жағдайлар туғызады. Мына текстте риторикалық бейненің көптеген түрлері кездеседі: Күйеуі әйеліне ашуланып:

«Мен ия деп айтсам, ол жоқ деп айтады; таңертен де кешке де айғайлайды (антитеза).

Ешқашан, ешқашан онымен тыныштық жоқ (қайталану).

Ол жалмауыз кемпір, ол шайтан! (гипербола).

Бірақ, сен байқұс маған айтшы (үндеу): мен саған не істедім?

Не деген ақымақтық еді саған үйлену! (леп).

Одан да маған суға батып өлу керек еді! (тілек).

Сенің шығындарыңды, менің еңбегіммен саған тапқан ақшамды айтпай-ақ қояйын (үндемей қалу).

Бірақ сенен құдай үшін жалынам жұмыс істейінші мазамды алмашы (жалыну). Ол байқұс жылап жатыр:

Осыдан көресіздер қайтадан мен кінәлі боламын (ирония).

Жарайды солай-ақ болсын. Ия, мен мазасызбын, өз өзімді ұстай алмаймын (ұтылу) ... Бірақ маған мынаны айтшы, неге менімен жақсы сөйлесуге болмайтын ба еді? (риторикалық сұрақ).

Мен жынды, хайуан, саған күн көрсетпейтіндігім, сені соғатыным, адам өлтіргенім бәріне белгілі (градация мен ұлғайту)».

Риторикалық бейнелердің түрлері мен кіріспесі сонау антикалық заманнан басталған. Қазіргі уақытта дәстүрлі түрде ойлар бейнесі және сөз бейнелері бар.

Ойлар бейнесі - ойдағыны жеткізу құралы болып табылады, ал сөз бейнелері - сөйлеу жеріне назар аудартады. Тағы да бір ойлар бейнесі мен сөз бейнелері арасындағы айырмашылық ойлар бейнесі ойланғанның және елестетілгеннің өзгеруіне байланысты; ал сөз бейнесінде сөздерді ауыстырғанымен бейне өзгермейді. Бейне ол сөз, яғни сөз ауысуына байланысты.

Төменде сотта сөз сөйлеудің риторикалық бейнелерінің түрлері мысал- дарымен көрсетіледі.

Ой бейнесінің анықтылыққа бөлінетіндері:

1) шешеннің ұстанымы - ескерту («Мен сізге дәлелдеймін...») біліп қою («Маған қарсы тұрады... бірақ, мен айтайын...»), көну («Сен оны білмесен де, жасағың келмесе де, сен оны істедің»), рұқсат беру («Өзің ойлап тұрғаныңды жаса, бірақ содан кейін қалай аяқталатынын көресін»);

2) Заттың мәні – анықтама («Сот жарыс сөзі – заң өмірінің формасы», «Күнәнің қисықтығын мақұлдау қылмыс болып табылады»), анықтау («Кім мына лайықты ерді, жоқ ең абыройлы ерді өлтірген»), қарама-қарсылық (түрлердің қарама-қарсылығы) («Біз жақ абырой үшін күреспек, ал анау жақ арсыздық үшін», «мында – адалдық, анда – алданыс, мында – айбын, ерлік, ал онда – қылмыс»).

3) Ойланған затпен қарым-қатынас – лептеу («Бір рет баланың сенімін алдаған адамға ой қалай сену қиын, қиын!») кейіптеу тірі емес заттарға адамның қасиеттерін, сөздерін, сезімдерін т.б. беру («Егер сенің әкең көрден тұра алса, былай дер еді ...», «Мына хаттың жолдары қорқытты, жалынды, қарғады»).

4) Тыңдаушылармен байланыста болу, яғни сұрақ қою: риторикалық сұрақ, сұрақ-жауаптық кешені, күдікті сұрақ, кеңесші сұрақтар («Былай қарасаң, дауласатын несі бар? Дұрыс баланы тәрбиелеу үшін ананың мағынасы аз екендігін кім өзінің жауапкершілігіне алады? Қыз, бүгінгі қарап отырған ісімізде «Кіммен болу керек?» деген сұрағына анасыз балаға жақсы болады деп кім жауап бере алады? Ешкім олай айта алмайды, айтса да ол өтірік болады») Үндеу (Әкелер, ерлер, ағалар! Сіздер бізге қарағанда отбасы жағдайларын өте жақсы білесіздер! Новохацких іс әрекетіне саналы баға бере аласыздар).

Сөздің бейнелері 3-ке бөлінеді:

1) Әр түрлердің қайталануы:

Анафора – сөйлеу бейнесі, басындағы сөздердің қайталануына тән (Күйеуі оны бекер ұстап қалды. Бекер ол бірге тұрған кездерді еске алды.);

Эпифора – сөйлеу бейнесі, яғни сөйлемнің соңындағы сөз бен сөз тіркесінің қайталануына тән (Мен дүкенде бос сөрелерді көргенде, мен олар кінәлі екендігін білемін! Мен кінәсіз атылған адамдардың бейіттерін қазатынын естігенде немесе оқығанда, мен – олар кінәлі екендігін білемін), «нығаю» синонимдері («Сот зер салып сотқа қатысушылардың барлығын тыңдады: айыпталушы, куәгерлер, жәбірленуші, маман»). Бірде-бір маңызды сұрақ назарсыз қалған жоқ, бірде – бір сотқа қатысушылардың сұрағы сотпен алынып тасталған жоқ, бірде-бір өтініш себепсіз еленбей қалған жоқ!») сөздердің әртүрлімағынада қайталануы (Кімде өмірден қымбат басқа ештеңе жоқ, ол адам өмірге лайықты өмір сүре алмайды); қайталанумен қосылу арқылы дамыту (Тарихта бірінші рет халыққа қарсы қылмыскерлер өз істеген қылмысы үшін Халықаралық Қылмыстық Соттың алдында жауап береді, бірінші рет халық бүкіл жерді қанға толтырғандарды, кінәсіз неше миллион адамдарды өлтіргендерді, мәдениет орталықтарын қиратқандарды, адам өлтіруді енгізгендерді, азаптаушыларды, шалдарды, әйелдерді, балаларды жойғандарды соттап жатыр);

2) бейнелерді кеміту – жобаланған сөздерді кеміту (эллипс) («... заңды (күйеуінің) қалай жатқанына, сонымен соңғы (рет) қарады»); жалғаулықсыз - әдейілеп жалғаулықсыз сөйлем құру, яғни сөз сөйлегенге қозғалмалылық пен қонғандық беру (Байқұс әйелге жылдар бойы ашу жиналып, шыдамдық азая, бұрынғы салмақтық жоқ болып кетті»);

3) бейнелерді ауыстыру (орналастыру) – инверсия – сөздердің орналасу ережесін бұзу (Терең ескі заман).

Сот шешенін мақсатты қалыптастыруды жандандырудағы ролдерді айқындау. Сот риторикасында ерекше орынды мынандай жолдар алады: қайта ойлану, осы арқылы сөзге тура мағына емес, ауыспалы мағынада. Осы риторикалық бейнеге мыналарды жатқызуға болады:

1) **метафора** - бір сөздің (құбылыс немесе тұрмыс аспектісі) екінші сөздің қасиетіне алмастыру, ол сөздер ұқсас болуы тиіс. Метафора өзінің дәлдігімен ерекшеленеді. Көптеген метафоралар сот жарыссөздерінде көптеп қолданылады. Мысалы: ақыл айтады, заң талап етеді, жаза қаталдығы, мұқтаждық қысымы, т.б.

2) **метонимия** - аралас-құралас қағидаты. Метонимия метафора сияқты сөздерден сөйлеуде екі жаңа сөз туындау арқылы сөз сөйлеу («Пушкинді оқығам», «Бетховенді тыңдадым»).

3) **Синекдоха** – бүтіннің атауы бір бөлігінің атауымен өзгертілуі немесе керісінше. Жиі синекдоханы метонимияның түрі ретінде қарастырылады. Атаулардың өзгертілуі киімнің атауымен сол киімдегі адамды атау. Мысалы: «Кеш уақыты. Көшеде шұбар бір топ, мас тұлыптап мен көкрекшелерден құралған».

Ал енді сотта сөз сөйлеудегі ауызша бейне оны мәнерлі, көркемірек қылады. В.И.Жуковский өзінің сотта сөз сөйлеуінде былай деген: «Сотталушы бір жарым жыл жалғыз камерада отырды. Сот алқалығы сіздер білесіздер ме, жалғыз камерада отыру деген не екенін? Ол ұзындығы үш қадам, ал ені екі қадам ... және бір үзім аспанды көрмеу».

Сотта сөз сөйлеуде риторикалық бейнелерді дұрыс, орынды қолдана білу ол сөз сәндігі емес, сот жарыссөзінің жалпы қажетті стратегиясы. Ал енді сол сөз сөйлеу бейнелерін тікелей жандандырушы, әрине ол ритор.

Ритор дегеніміз - ықпалды жария айтуларды іске асырушы адам. Айту - сөздің тағайынды тыңдарман-дәрісханаға арнаулы бітілген туындысы. Әр тыңдарман-дәрісханаға деген ритордың мақсаты - ықпалды сөз-айтулар болып табылады. Ықпалды біріктіретін де және қоғамды мән-жайға оқытатын да сөз-сөйлеп айта алулар болып табылады. Жариялы сөз - айтулар оларды бағалы және пайдалы, алғыр көрінгенді бетке айталатын арнау. Жария қашанда жалпыға қолжетімді емес, тең мағыналы болады. Жалпы олар: түрлі пішіндер және құрылым айтудың және оның хат алушысының мүмкіндік мазмұнына деген тәуелділікте болады.

Жариялы шарттар, фактурамен жасалған сөздер:

Көрінген сөз арқылы тағайынды аспаптың және тағайынды материалда құралады. Құралым сөздің аспабының материалымен және сөздің фактурасымен қана аталады. Тәуелділік фактурасының

ауызекі, жазба, баспалау, бұқаралық ақпаратқа дегенге қарасты болады.

Риторлық бейнелер сотта сөз сөйлегенде өз ойынды білдіру үшін қажет. Антикалық заманда мынандай тезис болды: тыңдаушыларға тек аргументтермен қана емес, риторикалық бейнелермен де әсер етуге болады деген.

§ 10. Сот шешенін мақсатты қалыптастыруды жандандырудағы рольдерді айқындау

«Оратор» деген сөз XVIII ғасырда латын тілінен алынған (лат. orator - яғни orare – сөйлеу, айту). Оның бірінші мағынасы – «нақ сөз сомдаушы», «сөзді айтып жатқан

адам». Бұл мағынада осы сөз термин есебінде қолданылады: прокурор немесе адвокат, азаматтық іс жүргізудегі талап беруші немесе талап жауапкерінің құқықтарын қорғау мен қарсы тұру және қылмыстық іс жүргізуде сотталушының құқықтарын қорғап немесе мемлекеттік айыптауды қолдай отырып, сот талқылауында іс жүргізудегі жәйтімен сәйкестікте өзінің функциясын орындайды. Шешеннің ролі бұл сөздің түсінігінде іс жүргізушілік заңмен қарастырылған әрекеттерді орындауға тіркеседі: яғни, саралап, құқықтық баға беру.

«Оратор» сөзінің тағы бір мағынасы бар, ол: «кімде-кім қызыл тілділікпен сөз сомдау қабілетіне ие болса», бұл тек сөйлеуші адамға қана емес, сондай-ақ тыңдармандардың алдында сөз сомдай алатын адам. Ол тыңдармандардың назарын өзіне аударта алады, өйткені ол сөз шебері; ол шешендік өнерді игере алады; және де өз ісін жақсы көреді. Шешен – бұл өзінің жариялы сөзін айту үшін тақырыбын және іс материалын терең қамтыған адам және онысын еркін игеруші; сондай-ақ жариялы айтатын сөзінің тезисін айқын және анық пішіндей білетін; жұмыс жоспарын құрай білетін; материалдарды сенімді, анық, логикалы мазмұндай алатын адам.

Жақсы шешен болу үшін, шешендік өнер дегеніміз не екенін білу қажет. Шешендік өнер – бұл жария сөздерді айта білу үшін және соған дайындалу бойынша шығармашылық әрекет. Бұл дегеніміз, нәтижесінде адам логикалы, ұғымды, қызықты және сенімді етіп, тыңдармандардың алдына шығып сөз сомдай алатын қабілетке қол жеткізетін, үлкен тапжылмас еңбекке негізделген қызмет: Көпшілік алдында сөз сөйлеу теориясында шешендік өнер, көпшілік алдына шығып сөзді сомдаумен дайындық бойынша шешеннің білімі мен қабілетінің комплексі ретінде түсіндіріледі: бұл тезисті пішіндеп және материалдарды жинақтауға, сөзді құрау өнері және тыңдармандарға анықталған әсер беру мақсатында жариялы сөйлеуде деген қабілеті, бұл сондай-ақ дәлеледеп және дәлелді теріске шығаруды, сендіртуді, білуге деген сөз сөйлеу шеберлігі. Айта кететіні, яғни сол шешендік өнері өте спецификалы. Оны және де сот қызылтілділік деп те атайды.

Қызылтілділік жалпы ұғымда – ол тек қана әдемі сөйлей алу емес, сондай-ақ сендірту, бұл дарын мен айқындалған білім және қабілет жарасымдылығы. Соттағы қызылтілділіктің іс жүргізушілік заң шығару нормаларымен кесімді болатын, өзінің ерекшелігі, спецификасы бар және сөз сөйлеудің құқықтық-бағалау сипатты болжайды. Соттағы қызылтілділіктің негізгі функциясы (немесе соттағы шешендік өнердің) іс бойынша заңдық ақиқатты айқындауға ыңғайласуы, судьялардың ішкі бекімін нысандау.

«Әрбір шешеннің өзінің тексерілген, бірнеше рет жұмыс жасап көрген сөз сөйлеу тактикасы, шешендік айла-әдістері және сөз сөйлеу құралдары бар. Біреулері Ф.Н.Плевако секілді, соттағы тыңдармандарды өзінің шабытымен, ал өзгелері – А.Ф.Кони секілді, терең ойлылық және айқын мазмұндаумен бағындырады». Бірақ қандай да болмасын, сот шешеніне тыңдармандардың ойына жететіндей етіп, сауатты, дәйектермен сөйлей алуы маңызды. Бұл ең бастысы».

Сот шешенінің өнері дау мәнінің ашық анықталуында көрініс табады (тезис, мақсатты қондырғы), сотта жариялы сөз сөйлеуге судьяның назарын аударта алуды және оны сөздің айтылып болуына дейін сақтауды құра білу, істің мән-жайын толық және объективті саралауды білу, қылмыстың немесе азаматтық жанжалдың себептерін нұсқай білу, айыпталушы мен жәбірленушінің тұлғаларына терең психологиялық сараптама бере алу, дәлелдермен және оларды теріске шығару жүйесін құра білу, дұрыс құқықтық тұжырым жасау және соған судья мен тыңдармандарды сендіру.

Әрине ол психологиялық әсер бере алуда көрінеді, ойларын сөзбен сомдау үшін нақты тілдік құралдарды таба алу, себебі мағыналы, құнды ой керемет пішінге мұқтаж. Сөздің кемелділігі соттағы тыңдармандарда шешенге сенімділік атмосферасын қалыптастырады.

Сотта жақсы сөйлеу - бұл жөнді, ұқыпты, жан-жақты және істің материалдарын объективті саралай, құқық нормаларына сүйене отырып, адамның ойына жететіндей, қисынды, нанымды, әдеби тілдің шамаларымен сәйкестікте сөйлеу.

Қызылтілділік ол «әдемі сөйлей білу» сияқты, сот шешендік өнерінің құрама бөлігі - эмоционалды әсердің тиімді тәсілі болып табылады. Тілдің бейнелеуші-сомдаушы құралы сот шешеніне сот көңілін істің бір немесе өзге де бөлшектеріне тоқтатып өтуге көмектеседі. Сот шешенінің шеберлігі үнемі тоқтамсыз, мақсатты, бағытты еңбектенуіне негізделеді. Тек тығыз жаттығулар және шеберлікке жету талпынысы көпшілік алдында сөйлей алуға жеткізеді. Сотта сөйлей білу өнері дегеніміз – яғни ол, істі барлық материалдарымен, барлық дәлелдермен еркін игере алу, өз сөзінің пішінін сезіну, оның мағынасын түсіну, шешен кәсібінің құпияларын білу. Өз позициясының дәлелдерін мүрткісіз мазмұндау – шешендік еңбектің маңызды мәдени белгісі. Соттағы сөз сөйлеу қоршаған ортаға, оны тыңдаушы адамдарға әсер етуі үшін, олар келесі түрдегі спецификалық сапаларды иемденуі керек:

Нанымдылық

Соттағы сөз сөйлеудің мақсаты – судья мен алқа отырушыларын шешеннің позициясының дұрыстығына сендіру. Сендіре сөйлеу – бұл дегеніміз деректермен бекітілген, нақты тұжырымдармен ойды өзінде көрсететін сөздер.

Сөздің нанымдысының маңызды факторы шешеннің іс бойынша өзінің позициясының дұрыстығына және оның ой мәдениетіне сенімділігі. Нанымдылық – бұл не нәрсе болса да оның шыншылдығына мықты сенімділігі. Нанымдылыққа дәлелдерді келтірумен жетеді. Дәлел – бұл тезис ақиқаттығын мойындату үшін келтірілген бірімен бірінің байланыстылығы бар, бір немесе бірнеше бекітімдер. Соттағы сөздердің нанымдылығы көптен көп дәлел сапаларына тәуелді. Судьялар прокурор және адвокаттардың ойларының дұрыстығын бірінші жолда факт жүзіндегі материалдардың мағыналық және құндылық сатылығы бойынша бағалайды. Судьяны іштей толық нандыру үшін дәлелдің күші қана, олардың нанымдылығы мағыналы болады.

Түсініктілік - Соттағы сөздер барлық тыңдаушыларға түсінікті болуға тиіс.

Айқындылық - Айқындылыққа материалдарды түпкілікті білу, сөздің нақты композициясымен, мазмұндаудың қисындылығымен, дәлелдердің нанымдылығымен қол жеткізуге болады.

Қарапайымдылық - Сөзді мазмұндаудың қарапайымдылығы сөздің тез, жеңіл ұғымдылығына және судьяның ойы қиындықсыз шешеннің ойына еріп отыратындығына жәрдемдеседі. Алайда қарапайымдылықты және жабайылықты шатастыруға болмайды. Сөздің қарапайымдылығы күрделі синтактикалық құрылысты да, риторикалық айла-тәсілдерді де қолдануды болжайды. Уақытында және орынды келтірілген салыстыру, ашық түсті метафора, риторикалық сұрақ, фразеологизм жария сөзді тірілтіп, оны қарапайым қылады.

Нақтылық - Нақтылық – сөздің қатынастылығының негізінде сөздің мазмұндық сипаты (бұл факт жүзіндегі, заттық нақтылық), сөз бен ойдың қатынастылығы ол түсініктемелік, пікірлік нақтылық, сөйлеп жатқан адам қолданып жатқан сөздердің қаншалықты мағыналы екендігіне тәуелді. Түсініктемелік нақтылық- бұл автордың ой жоспарына сәйкестікте жақсы түрде, сөз немесе сомдауға деген ізденісі.

Қисындылық - Қисындылық бүтін текст деңгейінде композициялы жариялы сөйлеуде құрылады және олардың негізгілері ретінде – ұғымдардың, түсіндірулердің, сипаттаудың, салыстырудың, саралаудың, синтездің, абстрактілеудің анықтамасы қисынды айла-тәсілдер қатарында түседі. Қисындылық жеке бөліктердің деңгейінде соттағы сөз сөйлеу, жария сөйлеу және композициялық бөліктің жеке байланысы қаншалықты айқын және дұрыс айтылғандығына тәуелді.

Орындылық - Бұл тіл құралының мақсаттық құрылғымен қатынастылығы, сөздің мағынасымен, тақырыпқа, тапсырмаға, уақытқа, орынға және шешенге сәйкес құрай алуы.

Орынды сөз келесі белгілерді иемденеді:

- тілдік құралдары мен мағынасының шамаластығымен, яғни сөздер бір немесе өзге мағыналарды нақты бере алуға тиіс.

- мән-жайда тілдік құралдардың шамаластығымен.

- шешенге тілдік құралдардың шамаластығымен.

Тазалық - Сотта жариялы сөйлеп жатқан шешеннің сөздері таза болуы керек. Сөздің тазалығы болып құрамында ластығы бар, диалектілі, жаргонды сөздер жоқтығын санауға болады. Таза сөзде қазіргі кездегі ауызсөзде тұрақтанып алған, биік шатыр, кавказұлтты адам, шатырың кетті, құлақпен тік тұру, құлаққа кеспе ілме және т.б. секілді ауыз сөз қисындары болмауы керек. Сөздерді сондай-ақ әркелкі сөз кідірімдері толықтырып отырады, мысалы: а-а-а-а, м-м-м деген сияқты және т.б. Сондай-ақ жоғарыда айтылған адвокат сөздеріде таза деп есептелмейді.

Дұрыстық - Дұрыстық әдеби тілдің жалпы қабылданған нормаларын сақтауды болжайды.

Түімділік. Жинақылық - Сөздің жинақылығы ойдың тиянақты сөйлемшесімен, нақты тұжырымдардың болғандығымен, артық сөздің болмағандығымен, ақпаратты келтірмейтін, езбе және артық сөздің жоқтығымен, ебедейсіз ойдың болмағандығымен жетеді. Сөздегі көп тараған қателік, езбе сөз болып табылады.

Сөздің қысқалығы - Сөздің қысқалығы эмоцианалдық және экспресивтілік жәрдем болатын оның терең мағынасымен үйлесімді болуға тиіс.

Бейнелілік, эмоцианалдық, экспресивтілік - Эмоциялықты соттағы сөздің материалының өзі шақырады. Шешеннің жариялы сөйлеуінің экспресивтілігі (бейнелігі) өзіндік ойлау қабілетіне, оның не туралы сөйлеуіне қызығушылығына өз сөзін қадағалай алуына бейнелі сөйлеуге саналы ниет білдіруіне тәуелді. Сөздің бейнелілігі әңгіменің мәніне қызығушылыққа қолдау болып, судьяның және сот залындағы қатысушылардың қызығушылығын шақырады.

Экспресивтілікті, сондай-ақ эмоциялықты құру үшін тіл құралдары қызмет қылады, солардың көмегімен шешен сөздің мәніне эмоцианалды-еріктілік қатынасты бейнелеп және сонымен алқа отырысының мүшелері және істі тыңдаушы азаматтардың эмоциясына әсер етеді. Бұл әркелкі көркемдік-бейнелік құралдар. Дегенмен әркелкі көркемдік-бейнелік құралдар соттағы сөзде дәлелдердің дауыстануын күшейтуге жәрдем болғанда, сондай-ақ шешеннің ойынша маңызды, ойды судьяға, сотталушыға немесе сот залында қатысып отырған азаматтарға жеткізе алғанда орынды болады. Риторикалық айла-тәсілдерді жай қана сөздің безендірілуі, әдемішілігі үшін қолдану оның қисынды аспектілерін әлсіретіп, нанымдылығын төмендетеді. Әсер берудің бірден-бір айласы ол адресация, яғни сөздің нақты кімге бағытталғанына көңіл аударту. Соттағы сөздегі адресацияның негізгі құралы болып олардың қолданылуы стильдік нормалармен үйлесімді,

мәртебелі би, қадырменді сот, құрметті алқа отырысының мүшелері, құрметті судья деген қаратпалық сөздер.

Алқа отырысының мүшелеріне және тыңдармандарға әсер етудің бірден-бір өзіндік құралы болып, оларда бағалаулық мағыналы сөз арқасында потенциалды бағаламдығы бар бағалау сипатындағы терминдер түседі, олар: өрескел бұзақылық, асқан қатыгезділік, ережені жөн-жосықсыз дөрекі бұзушылық, зиянды зардаптар және т.б. Бұл терминдер соттағы сөзбен профилактикалық функцияларды орындауға жол береді.

Даралық - Жариялы сөз сөйлеудің ерекше сапасы болып даралық (өзіндік өзгешелік), өте танымды деректер туралы штамптық сөздікті қолданбай-ақ, өзіндік сөздермен атай сөйлеуді білу. Штамптықтар – бұл шаблондық, сөзде жиі қолданылатын және құлақты жиі қылған сөздер және семантикада жиі қолдана бергендіктен өшіп, қарайып кеткен бейне сөздер. Штамптық сөздерді адамдар ойланбастан әдетпен қолданады, сонысымен олар сөздерін даралықтан айырады.

Соттағы сөздер келесі әркелкілікте болады:

- қылмыстық істер бойынша бірінші сатыдағы сотта прокурордың сөзі (айыптап сөйлеу)

- қылмыстық істер бойынша бірінші сатылықтағы сотта адвокаттың сөзі (қорғап сөйлеу және жәбірленуші өкілі-адвокаттың, азаматтық талапкер және азаматтық жауапкердің)

- сотталушының өзінің қорғауына байланысты сөзі (өзін-өзі қорғау сөзі)

- жәбірленуші және оның өкілінің сөздері

- азаматтық талапкер және азаматтық жауапкердің немесе олардың өкілдерінің сөздері (қылмыстық істер бойынша азаматтық талап шегінде)

- азаматтық талапкер және жауапкердің немесе олардың өкілдерінің азаматтық істер бойынша сөздері

- прокурор мен адвокаттың бірінші сатыдағы азаматтық істер бойынша сөздері

- прокурор мен адвокаттың екінші сатыдағы қылмыстық және азаматтық істер бойынша сөзі

- қоғамдық айыптаушылар және қоғамдық қорғаушылардың қылмыстық істер бойынша сөздері

- қоғамдық ұйымдардың өкілдері және еңбек ұжымдарының азаматтық істер бойынша сөздері

- реплика сот сөзінің айрықша көрінісі ретінде

§ 11. Шешендік сөздердің ерекшеліктері және оны оқытудың тиімділігі

Шешендік сөздердің ерекшеліктері және оны оқытудың тиімділігі туралы айтар болсақ, мұнда өз жұртымыздың бастауын сонау 17-

19 ғасырлардан алатын Қазақ сот шешендігін қарастырғанымыз жөн. Нақ осы тақырыпты мұқият жүйелеп алатын болсақ, оны үш бөлікке бөлуге болады дер едік: біріншісі ол XVII -XIX ғасырдағы Қазақстан сот шешендігінің спецификасы, екіншісі сот билерінің ауызша шешендігінің тарихы, ал үшіншісі билердің шешендік өнерінің айырмашылық ерекшеліктері.

XVII - XIX ғасырдағы Қазақстан сот шешендігінің спецификасы

XVII – XIX ғасырлардағы Қазақстандағы сот шешендігінің ерекшелігі билер сотымен айқындалған. Бірқатар шешімдерге қатысты сот билігі халық соттарының еншісінде болған, яғни билер мен қазыларда. Оны 1871 жылы Торғай облысының губернаторы Л.Ф.Баллюзектің жариялаған қазақтың қарапайым құқықтары жайындағы деректер дәлелдейді, сонымен қатар өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді: би соттары ауызша және ашық бұқара халық алдында өтуіменен, кішкентай елеусіз қылмыстар мен ең ауыр кісі өлтіру қылмыстары да ешбір қаламсыз, қағазсыз өтуімен ерекшеленеді. Билердің шешімдері, дәстүрлі құқығы – адат және ислам дінінің шариғатына негізделген. Шариғат құраннан алынған. Құранның бір сүресінде былай жазылған: «Мұхаммед, біз саған бір кітап жібердік. Ішінде шындық жазылған. Сен соныменен адамдардың дауын шешесің». Шариғат, әсіресе отбасылық, некелік қарым – қатынастарда көп қолданған. Қазақстанда ХУ–XIX ғасырларда хандық билік кезінде көптеген даулы жағдайларда шариғат пен адаттың қосындылары шешетін. «Сібір қырғыздары» (1822 ж) туралы жарлық шыққанға дейін билер соты ешқандай шектеусіз жұмысын атқарған. Аталған жарлық бойынша сайлау жүйесі енгізіліп, билер сотының құқықтары шектелді. XIX ғасырдың аяғында Қазақстандық сот құрылымы «Түркістан мен дала өлкесін басқару ұстамына сәйкес» (1886-1891 жж) империялық соттар қалыптаса бастады, сонымен қатар «халық сотын» қалыптастыру да қарастырылды. Билер сотын қарастырғанда міндетті түрде оның бұрынғы халықтық формасын атап өту керек. Билер соты алқа сотына ұқсас жеке сипатта болды. Мысалы, айыпкерге қатысты ешқандай тура айғақ болмағай, бірақ үлкен күмән туғызған жағдайда билер адал руластарының көмегіне жүгінуге мәжбүр болатын, олар өздерінің кезектерінде айыпкерді ант бере отырып кінәләді немесе ақтады. «Алқа билердің» саны бұндай жағдайларда қарастырылып отырылған істің маңыздылығына байланысты болатын. Соттың өзі жария түрде және тек ауызша өткізіліп, барлық жағдайларда қорғаушы қатыстырылатын. Формальді қатынаста билерді ешкім ресми түрде сайламайтын және бекітпейтін.

Олардың шешімдерінің мағынасы жеке беделдеріне байланысты болды. Егер екі жақ та бидің руластары болып жалғыз сотты таңдаған болса, шешім жалғыз бидің шешімімен шығарылуы да мүмкін еді. Л.В. Валлюзектің еңбектерінде: «Соттың міндеттері билердің қолында болды. Бұл мәртебе халықтың санасындағы табиғи ойшыл және шешендік өнері бар, елдің әдет – ғұрыптары мен олардың тарихын жетік білетін адамдар». Би болу құқығына лайықты адам шешен және сот негіздерін терең білуі керек болатын. Сот негіздерінің терең білімділігі дәстүрлі шарифат құқықтарын және қазақ заңдарының негізі жеті жарғының жақсы білуі керек болған. Жеті жарғы ХҮІІ ғасырдың 70-жылдарында Тәуке ханның бастамасымен шығады. Ол үш жүздің билерін шақырып алып, солармен ақылдасып, солардың көмегімен заңдастырады. Екінші бір жағдайда, хан Тәуке Құмтөбеге жеті биді шақырып алады және сол билер Қасым хан мен Есім ханның заңдарын жаңартып береді. Осы заңның мәтінінде (А. Левшиннің жазуларында орыс тілінде) әкімшілік, азаматтық, қылмыстық нормалары көрініс тапқан. Бірінші орында кек қайтару заңы тұрған: қанға қан, жанға жан. Ұрлыққа, тонауға, зорлыққа, зинақорлыққа өлім жазасы кесілген. Осы жарғыға байланысты өлген адамның туыстары өлтірген адамды өлтіруге құқылы, қол, аяқ, құлақ және т.б. мүшелерді кескен адам дәл сол мүшесінен айырылуға тиіс. Алайда бұл жаза екі жақтың келісуімен немесе сот үкімімен жеңілдетілуі мүмкін, бұл жағдайда қылмыскердің жазасы сол жазаға белгіленген құнды төлеумен шектеледі. Міне осындай дауларды дала заңдарымен әділ шешу үшін халық арасында нақ солардың мойындауымен сөзге шешен адамдар шығып олар би атанып отырды. Мұнда шешендер өздерінің барлық қисынды ойларын алға салып істің ақ-қарасын табуға жол салып отырған.

Шешендік сөздер қазақ ауыз әдебиетінің күрделі де көркем бір саласы болып табылады. Қазақтың дәстүрлі шешендік сөздерін: шешендік толғау, шешендік арнау, шешендік дау деп шартты түрде үшке бөлуге болады. Шынайы шешендік қиялдан тумайды, өмірлік оқиғалардан, табиғи құбылыстардан туады, көп жылдық тәжірибе мен сан рет қайталау арқылы сыннан өтіп халық мойындаған қағидаға, даусыз ақиқатқа айналады. Оның үстіне әр дәуірдің әртүрлісөз шеберлерінің талғамынан, толғауынан өтіп шешендік сөз «тілге жеңіл, жүрекке жеңіл» тиетін сүйкімді үн мен ырғаққа ие болады. Шешендік сөздер үш түрлі болады: кеңесу, билік және салтанатты сөз. Ал құрылысы жағынан кіріспе, баяндау және қорытынды болып бөлімнен тұрады.

«Өнер алды–қызыл тіл» деп қазақ бекер айтпаған. Жоғарыда айтып кеткендей қоғам тарихына көз салсақ, қай халықтың болмасын күрделі қоғамдық, мемлекет қайраткерлері, қолбасылары, ғалымдары ойға шебер, тілге шешен болғанын байқаймыз. Қоғам қашан да дарынды, қабілетті адамдарға мұқтаж. Дарынды адамдар қатарын

көбейту үшін олардың сөйлеу тілі және танымын дамыту керек. Сондықтан біз мұның негізі халқымыздың даналықпен айтқан шешендік сөздерінде жатыр деп қарастырдық. Қазіргі кездегі оқу-тәрбиенің міндеті осы тың жатқан дүниені, даналыққа құрылған қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді, шешендік өнерді жас ұрпақтың бойына қалыптастырып, сол арқылы рухани байлығын арттыру.

Қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қомақты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де таңдай қағып айтудамыз. Қазақ шешендік өнері - атадан мирас болып, алтын баулы желісі үзілмей келе жатқан ардақты өнер. Теңіз тербеп тереңінде шайқалған інжу - маржандай ғасырлар бойы халық жадында сақталып, жұпталып көптің көкейіне орнаған шешендік сөздер шешендердің даналық сөздерінде ашылады, айқындалады, ал шешендер әлденеше ұрпақтың сана сезімін аралап, көптің көкейіне қонақтаған ойлы, сырлы сөздерді жаттап, жадында сақтайды керекті, келеңді жерінде жаңартып кәдеге жаратады.

Қазақ шешендік өнерінің піспегі – шешен билер де, күбісі – халық. Ел есінде жүрген шешендік нұсқалардың туындыгері – шешен-би. Халық заманы озған сайын әлгіндей сөз үлгілерін талқыға салып, қырлап, өңдеп, құлпыртып әкеліп, кейде тіпті сан-саққа жүгіртіп әркімдердің (шешен-билердің) атынан айтады. Осындай әдеби-халықтық, фольклорлық сұрыптаулардан кейінгі біздің заманымызға келіп жеткен шешендік сөздер шымырқанған қымыздай жұтылған, таңдай татарлық дүниелер болып келеді. Қазақ ауыз әдебиетіндеде ерекше бір жанр болып табылатын - шешендік өнер, яғни риторикалық. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер - ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра, асыл қазына. Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері Пратогор, Демосфен, Цицерон, Квинтилиан сияқты өз заманының мемлекет қайраткерлері, ел аузына қараған ойшылдары болған. «Риторика» ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. М.В.Ломоносовтың 1748 жылы басылып шыққан «Шешендікке қысқаша кеңес» атты еңбегі бұл өнердің Ресейде дамып, қалыптасуына түрткі болды. Біздің қазақ даласында осы аталған өзіміздің ғылым, көрші Ресей еліндегідей мұқият ғылым ордаларында зерттелмесе де, қазақ халықтық минталитетімізге тән сөз сөйлеудің жоғарғы сатыдағы деңгейі қалыптасқан. Дегенмен, қазақ шешендік өнері жайындағы ғылымның тарихы да шешендік өнер тарихы секілді арыда жатыр. Бұл ретте: «Ұлттық шешендік өнер ғылымының тарихы, әлбетте, «Шығыстың Аристотелі» атанған Отырарлық оқымысты Әбу Насыр әл-Фарабиден басталады». Ол «Риторика» атты күрделі трактатында ғылыми-теориялық топшылауларын алдымен кәдімгі тәжірибелік іс-мақсаттан, қолдану аясынан туындатады», - деп жазады шешендік өнер хақында жүйелі еңбек жазған ғалым С.Негимов. Ол

мың жылдан астам уақыт өтсе де әлі күнге халқымыздың ауыз әдебиетімен, өзге мұсылман елдеріндегі жазба еңбектерімен із қалдырып және де нақ осы риторика ғылымын түбегейлі зерттеген, тұңғыш біздің халқымыздан шыққан данышпан ғалым.



Әбу Насыр әл-Фараби (870 - 950 ж. ш.)

*Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн
Узлаг әл-Фараби -*

Әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында өзін

танымақтың немесе жан қуаты туралы ойлардың қалыптасу жолдарын танып білу күрделі мәселеге айналып, бастан-аяқ қарама-қарсы көзқарастардың өріс алуына түрткі болды. Адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне дүние философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған Фараби еңбегі ерекше көзге түседі. Әл-Фарабидің Аристотель трактаттарына коментарилер жазуы адамзат тарихында теңдесі жоқ байлыққа айналды. Соның ішінде айрықша көңіл бөлуге тұрарлығы, ол «риторика» шешендік өнер туралы еңбегі бүгінгі күнгі сот шешендеріне азық болып отыр.

Әбу Насыр әл-Фарабидің «Риторикасы» шешендік өнерді әлеуметтік-қоғамдық, мемлекет тағдырын шешетін өнер деңгейінде қарастыра отырып сөйлеу процесінің қыр-сырларын нақтылады. Нақтылып айтқанда, көз жеткізу, көкейге ұялату, ұғып тыңдау, дәлелді пікір айту, шыншыл көзқарас, тиянақты білім, сөйлеушінің бет-жүзі, қимыл-әрекеті сияқты ұғымдарды жіктеп, бажайлап түсіндіреді.

Әбу Насыр әл-Фараби еңбегіндегі өзекті ой жемісі шешендік өнердегі басты нәрсе ақиқатқа қол жеткізу дегенді қадағалап отырады. Ал мұның өзі кей жағдайдағы батыс софистері еңбектеріндегі тек пікірге нандыру, сендіру, жүгіндіру сияқты жалаң нәрселерді қана қуаттап кетпей, жалпы аталмыш ұлы өнердің бастауларына қайыра соғып отыруды, төркінін еске түсіріп отыруды нұсқайды. Яғни, шешендік өнердің пайда болуының өзі шындықты іздеуден басталғанын еске салады. Бұл тұрғыда жалпы шешендік өнердің мәнін ашатын батыс софистерінен қалған мына бір дана сөз орынды айтылған деп білеміз. «Платон - менің досым, бірақ шындық одан да

қымбат» (Сократ), болмаса «Шешеннің парызы - шындықты айту» (Платон).

Сондай-ақ қазақ қоғамындағы шешендік өнердің, билердің ролін пайымдау мақсатымен жазылған ХІХ ғасыр шеніндегі Ш.Уәлиханов пен Құрбанғали Халидтің еңбектерін атап өткен орынды.

Ш.Уәлиханов «Сот реформасы жайындағы жазбалар» дейтін еңбегінде аталмыш өнер аясының билік-кесім айтылатын дау-дамайда туындайтынын дұрыс пайымдай келе, бұл өнердің бүтіндей бір елдің билік жүйесін атқарып тұрған заңдық күші бар көшпелі өмірге мейлінше лайықталған қасиетті өнер екендігін айтады. Бұл орайда Шоқаннан көп кейінде қазақ оқымыстылары шешендік өнердің билік, заңдық сипатын жоққа шығара қойған жоқ. Мәселен, Ә.Қоңыратбаев шешендік сөздерді заңдық, нақылдық, философиялық, сатиралық деп жіктейді.

Ыбырай Алтынсариннің замандасы Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамсасында» қазақ даласындағы билік өнердің сипатын көрсетумен қатар, бірқатар билер жөніндегі деректер бар. Б.Ысқақов бұл жөнінде: «Автор сондай-ақ ертедегі қазақ елінде әділ билік айтумен аты шыққан Майқы би, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билерді де әңгіме етіп кетеді», — деп атап көрсетеді.

Сот билерінің ауызша шешендігінің тарихы

«Шар шарттары» қазақ тіліндегі ең бірінші типографиялық тәсілменен басылып шыққан құқықтық құжат. Бұл құжатты 1855 жылы мамыр айындағы, Қарқаралы, Повладар, Семей, Өскемен, Зайсан билерінің төтенше құрылтайында Абай Құнанбаевтің төрағалығымен қабылданды.

Би-шешендер – шешендік өнердің негізгі доминанты (қозғаушы күші). Аталмыш өнер атауының өзі осы қалыптан шығып отыр. Бұл тұрғыдағы ойларымыз алдағы тарауларда кеңірек баяндайтын боламыз.

Ұлттық өнеріміздің тарихында Майқы би Мәнұлынан (Айса пайғамбардың тұстасы) бастап, Майқы би Төбейұлы (1105-1225 жылдар шамасы), Аяз би Жаманұлы (11-12 ғ.), Мөңке би (1207-1250), Едіге би (1354-1419), Бәйдібек би (1356-1419 жылдар шамасы), Әз Жәнібек (1406-1473), Жиренше шешен, Шоған би (1584-1642), Әсет би (1676-1723), Қадір-Тайжан, Тоқсан, Жанкісі, Антайлақ, Бөлтірік, Сары, Сырлыбек, Бала би, Ноғайбай, Саққұлақ, Бапан, Шоң, Шорман, Байдалы, Қараменде, Зіл-қара, Алшынбай, Асаубай секілді, сондай-ақ, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек және Әйтеке билердің жарқын бейнелерін әлі де қазақ даласындағы айтулы шешен-билер есімімен толықтыра, молықтыра айтуға болады. Қазақта шешен, би деген ұғымдар дербес тұрып та, қосарланып та айтыла береді. Белгілі бір шешендерін өкіл деп танысақ, мәселен, Жиренше шешен, Зілқара шешен, Әлібек шешен, Сүйінбай шешен, Бөлтірік шешен, Шәңкі шешен, Мүсіреп шешен, Тұяқ шешен, ал енді бір сыңарын би деп

түстеу, мәселен, Майқы би, Аяз би, Мөңке би, Әйтеке би, Бала би т.б.деп атау қалыптасқан.

Би атауы-әлгіндей емес, белгілі бір мақсатқа, мемлекеттік мүддеге қызмет ететін, жалпы шешендіктен салыстырмалы түрде тар арнаға ыңғайланған шешендердің тобын көрсететін атау.

Бұдан билердің рөлі тек қоғамдық мәселелерді шешу үстінде қана айрықша да, одан былайғы тұста шешендік сипаты жойылады деген ой туындамауы керек. Би дегеніміз - ел-жұрттың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, өткен-кеткен көне шежіресін, тарихын, қоғамдық даму барысын, айнала қоршаған табиғаттың, жан-жануарлардың сан алуан қасиеттерін, құпияларын жетік білетін, бүгінгіге баға беретін, болашаққа болжам жасап, адамдардың көкірек көмбелеріне ой көзімен қарап көре алатын, қырлы-қырлы мінез-құлықтарды айтқызбай – ақ доп басатын, ғылым-білімнен хабардар, кемел пікірлерін шешен тілмен жеткізіп беруде дара қасиеті бар біртума жандар.

Сонымен шешен деген тұста бұл ұғым біздің жадымызда көне Грек пен Римнің сот залдарында алқалы жиындарда тоқтаусыз ағыл-тегіл сөйлеп, аудиторияны сөзіне ұйытып, айтар ойына мүлгітіп тұрған оратор түсінігінде ассоциацияланады да, би ұғымы заңдық, билік күші бар судья болмысы арқылы көрінеді. Осы екі ұғымды, екі болмысты, табиғатты жақындастыратын, жанастыратын қалып-шешендік, шешендік сөйлеу процесі. Шешендік өнер ілімі (риторика) ерте қалыптасқан антикалық Грек пен Рим теоретиктері, іргелес орыс теоретиктері шешендік өнерді сөйлеу процесі тұрғысынан мейлінше жан- жақты талдады, ілгері еңбектер жазды. Риторика ілімнің көне және орта дәуірінде Протогор, Демосфен, Цицерон, Аристотель, Квинтилиан, Марк Антоний, Луций Крам қайта өрлеу дәуірінің көрнекті өкілдері Кампонелла, Томас Мор, Петрарка, Данте, Рабле, Шекспир, орыс шешендік өнерінің теориясында Макарич, Усачев, Ломоносов, Рижский, Мерзляков, Галюч, Коменский, Сперанский есімдері тарих бетінде жарқырап қалды.

Біздің қазақ сот шешендік сөздерге ғылыми түрлендірулер жасау үстіміздегі ғасырдың 20-шы жылдарынан басталған.

Шешендік сөздерді ауыз әдебиетінің жеке саласы ретінде қарастырған бұл тұстағы зерттеулер А.Байтұрсынов, М.Әуезов, С.Сейфуллин есімдерімен тығыз байланысты. Алдыңғы тарауларда аталмыш ғалымдардың еңбектеріне көп орайда жүгініп отыратындықтан, бұл ретте зерттеулерге арнайы тоқталмаймыз.

Сейфуллин Сәкен (Сәдуақас) (1894-1938)



Қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, білікті ұстаз, мемлекет қайраткері, Қазақстанның қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақ КСР-інің Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болған.

Қарағанды облысы Ақадыр (қазіргі Шет ауданы) ауданы Қарашілік қыстағында дүниеге келген. Нілдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде, қалалық үш класты училищеде оқыған.

1914 жылы Қазан қаласында «Өткен күндер» деп аталған тұңғыш өлеңдер жинағын бастырып шығарған. Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» қауымы басшыларының бірі болған. 1917 жылы Бұғылыда мектеп ашып, орыс тілінен сабақ берген. 1918 жылғы сәуірде «Жас қазақ марсельезасын» жазып, 1 мамырда «Бақыт жолында» атты пьесасының беташар қойылымын көрсеткен.

Ақтар көтеріліс жасап, Ақмола совдепшілерін тұтқынға алған. Сәкен Сейфуллин атаман Анненковтың «азап вагонынан» 1919 жылғы сәуірдің 3-де адмирал Колчактың Омбыдағы түрмесінен қашып шыққан. 1920 жылғы мамырдың 7-де Ақмолаға қайтып оралып, атқару комитеті төрағасының орынбасары және әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болған. Осы жылғы қазанның 4-де Қазақ Кеңес Автономиялық Республикасын жариялаған Кеңестердің Бірінші Құрылтай съезі делегаты болып қатысқан, Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болып сайланған. Жер-су комиссиясының жұмысына және баспасөз ісіне басшылық жасаған. «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, халық ағарту комиссарының орынбасары, Қазақ КАСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы, Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылым Орталығының төрағасы, Қазақстан пролетар жазушылары ассоциациясының басшысы, БК(б)П Қазақстан Өлкелік Комитетінің партия тарихы бөлімінің меңгерушісі, Қызылордадағы халық ағарту институтының, Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтының директоры, «Жыл құсы» альманағы, «Жаңа әдебиет» журналы басшысы, Қазақтың мемлекеттік институтының доценті, «Әдебиет майданы» журналының редакторы, Қазақтың коммунистік журналистика институтының профессоры қызметтерін атқарған. С.Сейфуллин есімімен көптеген ауыл, елді мекендер, театр, мектеп, кітапхана, көшелер аталады. 1985 жылдан Целиноград қаласында (қазіргі Астана қаласы) С.Сейфуллин мұражайы жұмыс істейді.

Бұдан кейінгі кезеңдегі шешендік өнер тарихының зерттелуі Ә. Маметова, Б.Адамбаев еңбектерімен толықты. Шешендік сөздердің әр

жылдарындағы жиналып басылуына ат салысып, алғы сөздер жазып, өзіндік ой-өрнектер, ғылыми тұжырымдар қалдырып жүрген ғалымдар қатарына Т.Дәдебаев, С. Қорабай, Н.Төреқұлов, М.Қазбеков сынды бұл істің үлкен жанашырларын атаған лазым, жалпы шешендік өнер аясында туындаған сөздерді шешендік сөздер деп атап, оны әдебиеттің дербес, жеке жанры ретінде ғылыми тұрғыдан бажайлау үстіміздегі ғасырдың жиырмамыншы жылдарындағы А. Байтұрсынов, М.Әуезов және С.Сейфуллин сияқты ғалымдар еңбектерімен тығыз байланысты.

Аталмыш ғалымдар алғаш рет шешендік сөздерді ғылыми зерттеудің көзі (объектісі) ретінде арнайы қарастырды.

Мәселен, А.Байтұрсынов 1926 жылғы «Әдебиеттанушы» атты еңбегінің «Шешен сөз» деген тарауында шешендік сөздерді бес түрлі ішкі жанрлық үлгілерге жіктеді:

- а) саясат шешен сөз;
- ә) билік шешен сөз;
- б) қошамет шешен сөз;
- в) ділмәр шешен сөз;
- г) уағыз;
- д) соттағы шешен сөз.

Бұл тұстағы шешендік сөздердің функционалдық сипатын жазған, Ш. Уәлиханов еңбектеріндегі ой сарабын тереңдеткен, дамытқан ғалым Халел Досмұхамедов.

«Қазақ халық әдебиеті» атты зерттеуінде Х. Досмұхамедов халық әдебиетін қырық алты түрге жіктей отырып, соның бір үлгісіне, жанрлық түрге «Билік сөз» деп шешендік сөздерді жатқызады. «Әртүрлі сот істері кезіндегі билердің тамаша үкім сөздері, екі жақтың ұтымды даулары мен тапқыр жауаптары, әдетте, ұйқасты мәтел не өлең түрінде айтылады. Поэзияның бұл түрі билік сөз (замечательные приговоры судей биев) деп аталады» – деп атап көрсетеді.

Кең көлемде жиырмамыншы жылдары қазақ әдебиетінің тарихын жасауға батыл қадам жасаған еңбек М. Әуезовтың «Әдебиет тарихы» десек, автор аталмыш еңбекте қазақтың шешендік сөздерін әдебиет тарихынан орын тептіріп, «Билер айтысы» деген терминдік атау беріп, өзіндік ілімнің әлі де болса теориялық шымырлануы қажеттігін былайша аңғартады: «Билер айтысының қазір де барлық түрлері жиналып болмағандықтан, екінші бұл түрдегі айтыстар ерекше көп болғандықтан, бұл күнде түгел жіктеп, бөліп қоюға болмайды. Сондықтан, қазірде қандай түрлері кездесетінін айтамыз. Бірақ бұл жіктеу уақытша қана және ылғи ішкі мағынасына қарап жасалған жіктер болады».

Бұдан кейінгі кезеңде жалпы шешендік өнер аясында пайда болған шешендік сөздердің құлақ кесті үлгісі ретінде қандай жәдігерлер қарастырылуы, аталуы тиіс деген көкейдегі ойдың

пердесін сыпырған, бұл төңіректегі теориялық ой-толғақтың неі шиырлауы керектігін Әуезовтен кейін тағы да атап көрсетіп, әдебиет тарихының тұтас бір дәуіріне арнаған еңбек С. Сейфуллиннің еңбектегі ой-зердесі М.Әуезовтің ой-пікірлерімен астасып, шешендік сөздердің негізі ретінде дау-дамайда, талас-тартыста туған билер сөзі алынуы керектігін зерделеген ой-әлемі жанрға «билер сөздері» деген термин – атау ұсынғандығынан аңғарылады.

Сондай-ақ С.Сейфуллиннің ғалым ретіндегі ой-тұжырымдарының құндылығының тағы бір қыры мынада: автордың қазақ билерінің болмысының халық өмірінің сан-алуан қырларымен байланыстылығын, билердің көп қырлы функциясын айта алғандылығында.

Әдебиетші ғалым С. Негимов бұл турасында «..бұған қоса ол әрі батыр, әрі әнші-ақын, жыршы, сыншы, сәуегей, шежіреші, ғұлама, бір сөзбен айтқанда, әмбебап дарын екендігін ескертеді», - деп пайымдайды.

Қазір де жаңаша ойлау диалектикасы тұрғысынан әдеби мұрағаттарымызды қайыра екшеп жатқан тұста билер функциясының аясын барынша кең арнада қарастырып жүрген еңбектердегі теориялық ой-пікірдің жоғарыдағы С. Сейфуллин еңбегінен бастау алатынын көреміз. Мысалы, зерттеуші Мұқадес Есламғалиұлы би – көсем, би – шешен, би – ақын, би – заңгер, би – емші, мәмлегер, би – батыр, би – саясаткер, қоғам қайраткері, би – ойшыл-ғалым, би – психолог, әртіс, би – тәрбиеші деп қазақ билерінің халық өміріндегі, қоғам алдындағы он түрлі қызметін түстегенде, жоғарыдағы С. Сейфуллиннің пікіріне сүйгендігін байқаймыз.

Сейфуллин зерттеулерінде табы сезіле бастаған бұл оңсыз теорияның ықпалы 1945 жылы қорғалған. Ә.Маметованың «Қазақ билерінің шешендік сөздері және оның әдебиеттегі тарихи орны» атты диссертациясына кері әсер етіп, кейін 1948 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихы» атты кітапта жал-құйрығы күзеліп, кейбір концепциялары алынып тасталды.

Ұлттық шешендік өнер, шешендік сөздер теориясының дамуының келесі бір кезеңі тікелей әдебиетші ғалым Балтабай Адамбаев еңбектерімен айқындалады. Балтабай Адамбаев М. Әуезов, С. Сейфуллин, Х. Досмұхамедов ұсынған «билер сөзі» терминін «шешендік сөздер» терминімен алмастырып, тақырып аясын айқындап, жанрдың ішкі үлгілерін мазмұнына қарай үшке, құрылысына қарай екіге бөледі.

«Шешендік сөздердің әлеуметтік және әдеби эстетикалық мәнін, жанрлық-көркемдік ерекшеліктерін ашып анықтау үшін сөз нұсқауларын талдаймыз және мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үш салаға топтап зерттейміз», - дейді.

Қазақ халқында белгілі бір мәселені талқылау кезінде шешен адамдардың тапқыр ойымен, шебер тілімен ауызша айтқан мазмұнды, көркем пікірін шешендік сөз дейміз.

Ақындық, шешендік өнердің өсіп-өркендеуіне қажетті жағдай еркін сөйлеуге бостандық, сөз бостандығы. Бұл жөнінде де қазақ қауымында сөзге тыйым салынбаған, сынға шек қоймаған. Тілімізде «би», «шешен» деген сөздердің бір мағынаға бірігіп, кірігіп кеткені белгілі, би болу үшін бір қана сөзге шеберлік жеткіліксіз. Бұл ең алдымен елдің шежіресін, тарихын ұлылы-кішілі ел басынан өткен уақиғаларды, тарихи қайраткерлерді, әсіресе дау-дамай, соғыс біткен мәселелеріне реттеу тәртібін екінші сөзбен айтқанда, әдет-ғұрып заңын жетік білуге тиіс. «Ойлансақ мың бір пәле тілден туған, шешендер топ ішінде белді буған», - деп Шал ақын бекер айтпаса керек. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей көп ішінен дарынды шешендер шыққан. Шешендердің басым көпшілігі билеуші тап өкілдері болған. Көбінесе шешендер жер дауы немесе жесір дауы немесе ердің құнымен байланысты айтылған билік төрелік сөздер. Шешендік сөздер, өнер көп жағдайда әншілік, күйшілік тіпті ақындық сияқты өнер танымай кейбір тыңдаушы адамдардың «жақсылар» мен жайсаңдардың жеке бастарының қасиеттері ретінде де бағаланған. Ақындар сияқты шешендер арнайы өнер жарысына түспеген, түсуге арналған, олардың шешендігі белгілі бір дауларды шешу үстінде көрінген, шешендік – тапқырлық сөздері белгілі бір мақсатпен байланысты туыған. Олардың дауласқан, айтысқан мәжілістеріне екінші бірі араласа алмаған. Алайда үстем тап өкілдері ру басы – билер шешендік өнерді өзінің шын иесі халықтан бөліп – жарып әкете алмаған. Нағыз кедей мен жарлы жалшыдан небір күміс көмей, жез таңдай халық шешендері шығып, әдеби тілімізді, тілдік қорымызды байытуға қалыптастыруға қазақтың алғашқы авторлары өлең-жырлары, аңыз-әңгімелері, шешендік сөздері әз Жәнібек хандығының төңірегінде дамыған. Қазақтың шешендік өнері үш жүздің басын қосқан Тәуке ханның тұсында, ханның ордасы Түркістан қаласында жанданған, ердің ұнына екі ауыз сөзбен бітірген даңқты дала Демосфендері ме Цицерондары, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би және қара жігіт Әйтеке шешендердің атақ-даңқтары да осы кезде шыққан.

Халық «Әйтеке бауыздап, Қазыбек іреп, Төле мүшелеп берер»-деп Әйтеке айтса «қандай қикар даукесің де қалай құлақ аспасқа», Қазыбек айтқанда төресі осы тығыла кетпеске лажы жоқ еді деп кесіп айтқан. Сондай – ақ халық тағы да «Әйтеке жорып жеткізіп айтады» деп үш биге байланысты бағасын беріп қойған.

Елімізде қалыптасқан шешендік сөздердің басқада қайталанбас өзіндік ерекшеліктері де мол. Бұлар – «аттың жалы, түйенің қомында» көшпелі өркениеттің мақсат-мүддесіне сай ауызекі, суырыпсалмалық дәстүрінде туған мұралар.

Суырыпсалмалық қазақ өнерінің қай-қайсысына болмасын тән, бірегейі құбылыс. Дәстүрлі қазақ өнерінің негізгі қасиеті сақталған жыраулық өнерді, ақындық өнерді, жалпы кең мағынасындағы ақындық өнерді импровизациясыз пайымдау аса қиын. Қазақ шешендік өнерінің бұл сипатын С. Негимов тілімен айтсақ: «Қазақ шешен билерінің импровизациялық қабілет қарымы шешендік өнердің ең жоғарғы биігіне шыққан деуге болады. Әрине қаумалаған қауымды дүр сілкіндіру, ой-қиял теңізіне жүздіру, ынта-ықыласын арттыру шешеннің табиғат сыйлаған қасиетінің үстіне табанды ізденістерімен, білім қорын үнемі жаңартып, түйінді қорытындылар шығарып, мәнерлі, әсерлі, әуезді тілмен жеткізумен ерекшеленеді». Соңғы кезде қазақ балаларына арналған ауыз әдебиетінің үлгілерін, оның салаларын оқытуға ерекше көңіл бөлінуде. Оқу материалдарына аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдер, жырлар, шешендік сөздердің түрлерін балалардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізу дүние танымын кеңейтуге, жан-жақты дамуына ықпал етеді. Жас ұрпаққа қазақтың би – шешендерінің өмірінен мәлімет беріп қызықты тұстарынан сөз қозғау өнегелі істерге апарар жол.

Билердің шешендік өнерінің айырмашылық ерекшеліктері.

1992 жылы шыққан «Билер сөзі» хрестоматиясында билердің шешендігі туралы өте қызықты материалдар жарияланған. Халық аузында шешен- билердің барлығы туралы аңыз-әңгімелер қалғандығын. Мысалы, Төле би туралы сөз қозғағанда, оның заңдар туралы өте терең білімі айтылады, Қазыбек би болса, өзінің шынайлығымен ерекшеленеді, Әйтеке бидің мазмұнды қарапайым сөздермен халықтың есінде қалған, Досбол би кез келген сөз бәсекесінде өзінің сөз тапқырлығымен алдына жан салмаған. Билердің шешендік өнерімен қоса, ақылды, астарлы, мағыналы сөздермен де белгілі болған. Халық арасында билердің талай қанатты сөздері қалған, мысалы: «тура биде – туыс жоқ», «би – халық үшін, бай – табыс үшін», «дұшпанына сырынды айтпа – сыртыңнан ұрар» дегендей.

Ғалым – педагог Ы. Алтынсарин нақыл сөздерді жинады және оларды жариялады. Ол өзінің хрестоматиясына «Ізбасты», «Байұлы», «Жәнібек батыр», «Жиренше шешен» тағы басқалардың көргендікке, тапқырлыққа құрылған «даналық әліппелерін» енгізіп, кезінде оларды оқуға ұсынған. Алғашқы ұстаз аталы сөздің құндылығын сол кезде-ақ білген.

Шешендік сөздерді тұңғыш зерттеушілердің бірі - М. Әуезов болса, 30-жылдары оларды іріктеп, жинап, халықтың керегіне жаратуға үлес қосып, қамқор болған, асыл сөздерді оқырман қауымға ұсынушы және балаларды ізгілікке тәрбиелеуде таптырмас құрал екенін оқытушы С. Сейфуллин болды. Сәкен Сейфуллин өзінің «Қазақ әдебиеті» дейтін кітабында шешен билердің әлеуметтік қызметтерін,

шешендік сөздердің ауыз әдебиетінде алатын орнын анықтап, бірсыпыра нұсқауларын жариялады.

Билер мен шешендердің көрегендігін, даналық сөздерін оқытып, жатқа айтқызу жас ұрпақты шешендікке, ата-бабадан қалған мол мұраны игертуге баулиды.

Қазақ шешендік сөздері - бастау алар қайнар бұлақтарын түркілік танымнан түптен тартып, өзіндік ұлттық ерекшеліктерді, қасиеттерді бойына жинақтап, көркемдік қуатымен, ғибраттық сарынымен дараланған, сондай-ақ, ас бай поэтикалық тілімен өзгеше қалыпта көрінген, халқымыздың рухани азығына айналған көркемдік құбылыс. Бүгінгі қолымызға жиналған мәліметтерді саралай келгенде шешендік сөздердің көлемінің тым ауқымды, ішкі жанрлық түрлерінің де алуан түрлі екендігіне, классикалық әдебиеттің келелі мәселелерін шешуде кәдеге асып жатқан шығармалар екендігіне көз жеткіздік.

Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII-XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асан қайғы (XIV-XV ғғ.) есімдерімен қатысты калыптасып, өркендей түсті. Шалғез, Бұхар (XV-XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелерге жалғасты. Шешендік өнерінің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV-XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолын- дағы күрес жылдары еді.

Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туынды- ларынан, ертегі, аңыз әңгімелерден, өлең-жыр, дастандардан ұшыратамыз. Осы сөз өнерінің кең қанат жайып, орнығып дамуында тапқырлық пен шешендіктің тамаша нұсқалары - жыраулар толғаулары, айтыстар мен мақал-мәтелдердің орны ерекше.

Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: «Қазақтар мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын», - деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Сондай-ақ, қазақтың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерін жинап жариялағандардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол халық даналығының жас өспірімдерді тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбие құралы екенін жете танып, өз еңбектеріне орнымен енгізіп, пайдалана білді. Сондықтан да, қазаққа жиен болып келетін 19 ғасырдағы әйгілі адвокат Ф.Н.Плевакода өзінің соттағы шешендік дарынын анасының тәлімінен сарқыған болар.

Шешендік сөздерді алғаш зерттеушілердің бірі - М.Әуезов. «Қазақ әдебиеті тарихы» (1927ж.) еңбегінде «Билер айтысы» деген

арнаулы тақырыппен шешендік сөздердің кейбір түрлеріне мысалдар келтіреді. Ауыз әдебиетінде алатын орны мен халықтық сипатына дәлелді ғылыми тұжырымдама береді. Ауыз әдебиеті мұраларын зерттеп, жинап, ерекше еңбек сіңірген ғалым-лингвист А.Байтұрсынов шешендік өнерді жеке алып қарастырып, құнды пікірлер білдірді (1926 ж.). Ол сөздерді: **шешен сөз, көсемсөз, дарынды сөз** деп үш топқа бөліп, әрқайсысын қолданыс орнына қарай (саясатқа қатысты, сотта сөйлеу, қошемет сөздер, ғалымдардың ғылыми тақырыптағы сөзі, діни уағыз сөздер) іштей тағы беске бөліп, әрқайсысына қысқаша түсініктер, тың анықтамалар берген.

Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады. Халық мақалдарында: «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Қылыш жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді», «Аталы сөзге арсыз қана тоқтамайды», - деп сөзді айтушыға да, оған құлақ қоюшыға да биік талап қойған. Демек, шешеннің (оратордың) ең негізгі құралы - сөз. Ол тындаушының жүрегіне жетіп, ерекше сезімге бөлеген.

Сөз туралы Бөлтірік шешен: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кімге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтініңді біл», - деп толғайды. Бұлар - Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін, жауласқан елдің арасына бітім айтатын, күлгенді жылатып, жылағанды жұбата алатын даналық сөздер иесі. Мұндай сөз білетін, жөн білетін адамға ел ісіне араласуға, халық атынан сөйлеуге құқық берілген. Шешендік өнер - көрген-білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында талай айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер. Шешендік өнердің қиындығы туралы Бұқар жырау: ...Көш бастау қиын емес – Қонатын жерде су бар. Қол бастау қиын емес - Шабатын жерде жау бар. Шаршы топта сөз бастау қиын - Шешімін таппас дау бар, – деп дұрыс аңғартады. Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет.

Шешендік сөздерге тән ерекшеліктер. Біріншіден, қазақ шешендерінің сөздері жазбаша емес, ауызша айтылып дүниеге келеді де, одан кейін бірден-бірге жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді.

Екіншіден, айтыла келе бастапқы нұсқа қалып өзгертіліп отыруы мүмкін. Үшіншіден, шешендік сөздер кейінгі айтушылар тарапынан қажетіне қарай өзгеріп қолданылып отырған. Шешендік сөз ақындар айтысы сияқты сөз тартысы дау үстінде, ел тағдыры талқыланған ұлы жиын кеңес кезінде, онаша ой толғау не сұхбат, әңгіме-дүкен барысында арнау, сәлем, өсиет түрінде де өмірге келген.

Шешендік сөздер мән-мағынасының тереңдігімен қана емес, сондай-ақ тақырыбының кеңдігімен де ерекшеленеді.

